АМАНГЕЛЬДИЕВ Б.Р.

# 1916 ЖЫЛҒЫ ТОРҒАЙ УЕЗІНДЕГІ КӨТЕРІЛІС

және

# АМАНГЕЛДІ ИМАНОВ



Алматы
2023

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
А52

А52 Амангельдиев Б.Р.
**1916 жылғы Торғай уезіндегі көтеріліс және Амангелді Иманов** / Батырлан Амангельдиев. – Алматы. «Асыл кітап» Баспа үйі, 2023. – 160 б.

ISBN 978-601-80973-0-0

Кітап 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтеріліске және оның басшыларының бірі Амангелді Имановқа арналған. Материал ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының және ҚР Президентінің мұрағатының құжаттарының базасына негізделген. Кітап Кіріспе және Қорытынды сөздерді қосқанда он бөлімнен және пайдаланылған құжаттар мен әдебиеттердің тізімінен тұрады.

Бүгінгі Қазақстанның жағдайында идеологиялық шектеу жоқ болғандықтан көтерілістің көптеген бағыттары жаңаша және бұрынғысынан ашығырақ көрсетілген. Кітапта негізінен Амангелді Имановқа көңіл бөлінгені көтерілістің басқа қатысушыларының еңбегін еш төмендетпейді.

Кітап А.Имановтың туғанына 150 жыл толуына орай шығарылып отыр.

Және қазіргі Қазақстан тарихына қызығушылар мен көпшілік оқырман үшін пайдалы.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-80973-0-0
© Амангельдиев Б.Р., 2023



***Амангелді Иманов***
*(1873 – 1919)*
*(Суретші Ә.Қастеевтің картинасынан фрагмент)*



*Бірлігі жарасқан халық –*
*талқандаушы күш.*

***Халық мақалы***

# 1. КІРІСПЕ СӨЗ

Кеңестік тарихымыздың тұсында ғылыми зерттеулердегі доминанта рөлін большевиктік идеология атқарды. Идеологиялық тұрғыдан қарау, әсіресе, тарих, философия, экономика сияқты ғылымдарда басымырақ және айқынырақ көрініс тапты. Ғылымға идеологиялық тұрғыдан қарау кейбір жағдайларда шынайы ақиқатқа сай келмейтін нәтижелерге, мәселен, философияда, экономикада білімнің тығырыққа тірелген салаларын зерттеуге әкеліп соғып, кейде тіпті зерттеуге тыйым салынған білім салалары пайда болған. Мысалы, өткен ғасырдың алғашқы жартысында кибернетика сондай ғылымдардың қатарына кіргізілген еді.

Әсіресе, тарих ғылымы күшті идеологиялық қысымға ұшырады. Сондықтан, қазіргі таңда кейбір тарихи процестер мен оқиғалардың сипатына объективті дұрыс өзгерістер енгізу, ал екінші біреулерін тұтастай қайта пайымдап, қайта зерделеу қажеттігі өзекті мәселе болып отыр.

Әрине, сол кезде айтқандай, патшалық Ресейдің шетінде басталған 1916 жылғы көтеріліске тойтарыс беруде идеологиялық тәсіл де өз ықпалын көрсетті. Көтеріліс қазіргі Қазақстанның бүкіл аумағын дерлік шарпыған еді.

С.Меңдешев 1916 жылғы көтерілістің 15 жылдығына арналған баяндамасында «Көтеріліс елдің түкпір-түкпірін, Бөкей даласынан бастап Орал, Торғай, Атбасар, Ақмола, Зайсан, Ырғыз, Жетісуды шарпыды» деді [1]. Көтерілістің негізгі себептері Т.Рысқұловтың еңбектерінде талданған [2].

Сөз арасында, патша билігінің аяусыз отарлау саясатының нәтижесінде Қазақстан халқы 1902-1913 жылдары 8-9 пайызға азайса, елге жер аударылғандардың саны 10 пайызға өскенін айта кетейік [2]. Көтерілістің детонаторы болған патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы 19 бен 43 жас аралығындағы бүкіл қырғызды (яғни, қазақты) тыл жұмысына жұмылдыру туралы жарлығы еді [3]. Естеріңізге сала кетейік, бұл кезде Ресей 1914 жылдың 21 шілдесінде басталған Германиямен соғыс жағдайында еді. Жарлыққа сәйкес алғашқы кезеңде 19 бен 31 жас аралығындағы жастарды жұмылдыру жоспарланған болатын.

25 жас аралығындағы еркек кіндіктілерді бір мезетте жұмылдыру кімді де болса есеңгіретіп тастаған. Оның үстіне кей жұрт бұл жарлықты бір-біріне «19-дан 31-ге дейінгі халықтың бәрі жұмылдырылып, қолдарына қару беріліп, шет елдердің әскерлерімен соғысқа Германия майданына жіберіледі екен. Бұл жұмылдырылғандар шейіт болса, келесі жолы жас шамасына қарамай, бүкіл халық жұмылдырылады екен» деп даурығысқан [4].

Халықтың ең белсенді, ең толысқан шақтағы 25 жас аралығындағы еркек кіндіктілерді бір мезетте әкету бүкіл халықтық қайғы ретінде қабылданды. Сол кездерде шыққан «Жастар майданда, біз осында құримыз» деген сөздің себебі де осы болатын.

Бұл еңбек 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтеріліске және оның басшыларының бірі Амангелді Имановқа арналады. Қазіргі Қазақстанның жағдайында идеологиялық шектеу

жоқ болғандықтан көтерілістің көп қырлары жаңаша көрсетілген. Жүргізілген зерттеулер негізінен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан және Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатынан алынған көлемді құжат деректеріне негізделген. Сонымен қатар, Амангелді Имановтың кенже ұлы Шәріп Имановтың жеке мұрағатының материалдары пайдаланылды. Жеке мұрағат материалдарының арасында Бегімбет руының Амангелді Имановтың өзі құрастырып, өзінің күнделігіне жазып кеткен шежіресі болғанын да айта кетейік.

Кітапта деректі қайнар көздерден алынған дәйексөздер мен үзінділер жиі кездеседі. Яғни, кітапты оқи отырып қызығушы оқырман мұндағы келтірілген мәліметтердің растығын тексеріп, бағалай алуы үшін жасалған. Әсіресе, мәтінде аталған қайнар көздермен танысып, бағалауы үшін. Мәтінде үзінділер түпнұсқа тілде де көрсетілді.

Көтеріліс барысында жаппай қаһармандық көрсетілді. Дегенмен, бұл еңбекте басты назардың Амангелді Имановқа аударылғаны көтеріліске қатысушы өзгелердің еңбектерін еш кемітпейді.

## 2. БАСТАЛУЫ

Жұмылдыру туралы суық жаңалық бүкіл ауыл-жерді шарпып, ел тығырықтан шығудың жолдарын іздеп, ауыр ойға шомды. Пікірталас барысында ендігі іс-қимылдың бірнеше жолдары ұсынылды. Әрине, ондай жолдар көп еместұғын: 1) патшаға мойынсұнып, жарлықты орындау; 2) жарлықты орындамай, жұмылдырудың күшін бейбіт жолмен жойғызуға қол жеткізу; 3) жарлықты орындамай, егер патша үкіметі жұмылдыру мәселесін шешуге күш көрсету әдісін қолданса, қарулы қарсылық көрсету; белгілі

бір жағдайларда Ресейден тыс жерге көшіп кету.

Халықты ыза кернеген. Кей жұрт малдары мен ұсақ-түйек бұйымдарын алып, «шапқан шөптері мен еккен бидайларын да, қыстаулары мен... тіпті, кейде мүліктерін де иесіз тастап», Торғай уезінің ең шалғай аудандарына көше бастаған. Халық арасында «қырғыздар әр жердегі бекеттерде үлкен-үлкен топтарға бірігіп, мәжбүрлі шаралар қолданылған жағдайда тайсалмай қарсылық көрсету үшін қаруланып жатыр екен деген ду-ду сыбыс» тарап та кетті [5]. Әсіресе, жастар жағы айрықша белсенді еді. Топ-топқа біріккен жастар жұмылдыруға қатысты мәселенің ақырын күтіп, үнсіздік танытқан ауылдастарына, әдетте бай-ауқаттыларға қарсы өшпенділік көрсете бастады. Кейде өшпенділіктері сол ауылдастарының малдарын өз бетінше тартып алуға ұласты [6].

Ел-жұрт мәселені белсене талқылады. Мысалға, Қайдауыл болысындағы халық жиналысы патша жарлығын естіген сәтте-ақ мешіт алдында өткен. Сөз алғандардың көбі жарлықты орындауға қарсы екенін білдірген. Жиналыстан кейін жұрт Әбдіраһман ишанның кеңесіне жүгініпті. Әбдіраһман ишан: «Ең бірінші, антын бұзған ақ патша. Қазақтан әскерге адам алмаймын деп, қызыл ит терісіне жазып тұрып, халықты сендірген еді, серттен тайды. Ендігі ерік өздерінде. Әскерге бала бермесеңдер де сендерді шариғат айыптамайды» деген [7]. Сол жиналыстан кейін жұрт Амангелді Үдербаев (Иманов) бастаған өкілдерін сайлап, оларды басқа болыстардағы алдағы жұмылдыруға қатысты ахуалмен танысып, халық бұқарасының жалпы көзқарасын біліп келу үшін жіберді.

Мүдделі халық мәселені үлкен белсенділікпен талқылағанымен, сол кездердегі ауылдарда шешімді қабылдайтын кім еді? Бұл сұрақтың маңызы зор екенін, бұған берілген дәл жауап көтерілістің бастапқы, алғашқы

кезеңіндегі қозғаушы күшін ұғынып-түсінуге мүмкіндік беретінін айтып өткеніміз жөн. Бізге қажет мәліметті Сұлтан Сейдалиннің 1918 жылы әділет министріне жазған баянат жазбаларынан табамыз [8]. Баянат жазбаларында, атап айтқанда, сол жылдары қазақтар отбасылық-жерлестік қауымдастықта өмір сүргенін, әр ауылда өзара туысқан адамдар тұратыны хабарланған. Ауылдарды ақсақалдар басқарды. Сондықтан, әр ауыл адамдарын «бір атаның баласы» дейтін. (яғни, бір атаның, әкенің балалары) Және, ең бастысы: «Ақсақалдар өз ауыл тұрғындарының өміріндегі кез-келген, ішкі тәртіп мәселелерін де, басқа ақсақалдықтардың, бөлімшелердің, рулардың мүдделеріне қатысы бар мәселелерді де шешуші еді» [8]. Бұған сол ақсақалдардың өз ауылдарында барлық нәрсенің бәрінің иесі, яғни қожайыны екенін қоса кетейік.

Сонымен, олардың неліктен «өз ауылының тұрғындарының кез-келген мәселесін шешуші болғаны» осы жерден түсінікті болады. Шындығында, ақсақалдар тек өз ауылының ғана емес, бүкіл аймақтың тіршілігін басқарып отырған. Бұл сөзімізге мына сөз дәлел: «... Сондай-ақ Торғай уезінің іс жүзіндегі қожайындары ақсақалдар... Бірімжанов Қорғанбек, Құлжанов Зейнулла, Дулатов Асқар, Есбергенов Қамбар, Атабаев Сүйін, Тоқтабаев Досжан, Түркебаев Айтқұл, Жәукин Орынбек және басқалары болды...» [4].

Дана-Бике Қаралдина елден естіген естеліктерінде «ақсақалдар әскерге адам бермейміз» деп шешті дейді [9]. Ал мына бір үзіндіде жағдай тәптіштей суреттелген екен: «Мен ақсақалдардың сөзін жұқалап келтірейін: «Қазақтар қара жұмысқа адам бергісі келмейді. Қолдарына мылтық беріп, әскер қатарына алатын болса ғана олар әскерге баруға келіспекші. Бұл тілегі орындалмаса ізденетін түрлері

бар... Жеңілдік беру туралы қабырғамызбен кеңесерміз, ізденулеріне тыйым салынбайды»...

Ақсақалдардың нұсқауымен болса керек, жастар «лауазымды тұлғаларды қалаға кіргізбеген, отбасылық тізім жасатпаған». Болыстардың бәрінде дерлік болыс басшыларынан отбасылық тізімдер алынып, басшылардың өздері бақылауға алынып, ешқайда шығуына рұқсат берілмепті [10].

Ақсақалдар өз ауылдарындағы пікірталастардан құлағдар болып отырған. Бүкіл ақсақалдар, бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақ халқы жұмылдыру туралы жарлықты өте теріс қабылдады. [11].

Осыны және патша жарлығы бүкіл қазақ халқына тең бағытталғанын ескере отырып, ақсақалдардың іс-қимылдарының стратегиялық желісі өз ауыл халқының пікірімен нақты келісілген және жоғарыда аталып өткен екінші және үшінші нұсқалардың шеңберінде нақты шешілген еді. Неліктен екінші және үшінші нұсқалардың, неге тек үшінші нұсқаның емес деп сұрарсыз? Бұны ақсақалдардың жігерлі әрекетінен түсіне аламыз. Олар құқықтанушылар еді, қандай да бір әрекетті жүзеге асырудың құқықтық дұрыс алгоритмін білетін. Егер қабылданған шешімнің екінші нұсқасы сәтті жүзеге асырылса, үшінші нұсқа өзінен-өзі қажетсіз болып қалғандай еді. Ал екінші нұсқаны жүзеге асырып көрмей тұрып, үшінші нұсқаны бірден басты нұсқа ретінде қабылдау ақсақалдардың тұрғысынан дұрыс емес болар еді.

Бұлай пайымдау 1916 жылғы көтерілістің қатысушысы Төрегелді Құлажановтың төмендегі сөздерімен расталады: «Байлар мен ақсақалдар бізді жарлықтың күшін жоюға бейбіт түрде шағым түсіруге шақырды. Өз құқығымызды «заңды» түрде қорғауға болады деді» [12]. Бұл сөз қисынға келеді. Бұл сөз, атап айтқанда, Торғай уезінің бүкіл 13 болысының болыс басшылары мен ақсақалдарының 1916

жылдың 10 тамызында Торғайда өткен жиналысының қорытындысы еді [4]. Қабылданған шешімге сәйкес бар күш ең алдымен мәселені бейбіт жолмен шешуге жұмылдырылды. Осы мақсатпен Смағұл Токинге делегат өкілеттігі беріліп, жұмылдырудың күшін жойдыру үшін шағымдануға Орынборға жіберілді. Смағұл Токин Орынбарда Бөкейхановтің қабылдауында болып, ашық әңгіме барысында жұмылдыруға мойынсұну туралы кеңесін алып, Торғайға қайтты. Токиннің Орынборға сапарының нәтижесіздігі елді қарулы қарсылыққа әкеп тірейтін үшінші нұсқаға қадам басуға бұрынғыдан да бетер мәжбүрледі.

Біз «құқықтанушы» терминін кездейсоқ пайдаланған жоқпыз. Бұл сөз қазіргі күнгі «заңгер» сөзінің баламасы екені түсінікті. Түріктерде құқықтанушы-мамандар бағзы заманнан болған. Ибн Әл-Әсирдің (1160 жылы Месопотамияда дүниеге келген) жылнамасынан мысал келтірейік [13]. Жылнамада әңгіме 1220-1221 жылдардағы оқиғалар туралы өрбіп, былай айтылған: «Ол Хиуа Шихабын шақырды, ал ол болса Хорезмшахтың биік құрметіне ие болған үздік құқықтанушы еді...». Хорезмшах Хиуа Шихабын заңи кеңес сұрау үшін шақырған болатын.

Ақмола уезінің бастығы А.С.Веретенниковтің «құрметті» қазақ Н.Сағанаевтың түсініктемесі тіркелген протоколының материалы тіпті таптырмас құжат [14]. «Құрметті» қазақ Н.Сағанаев губернатордың өтініші бойынша Қарабұлақ болысының халқын тыл жұмыстарына жұмылдыру туралы жарлықты орындауға көндіруге тырысқан. Н.Сағанаев ауылына келген ақсақалдарға тек патша жарлығының мазмұнын түсіндіріп қана қоймай, орындаудан бас тартқан жағдайда не күтіп тұрғанын да түсіндіріп берген. Ақсақалдар оған «туған жерлерінде өлетінін, бірақ жұмысқа бармайтынын, оның өзін үкімет билігінің уәкілі ретінде қырғыз көтерілісінің

сатқыны деп санайтындарын, сондықтан, қажет болса, оны да өлтіретіндерін» айтқан...

Одан әрі: «Болыстың бүкіл ақсақалдары, атап айтқанда оның, яғни Сағанаевтың ауылына келгендер: Мұстафа Құлжабаев, Жәніке қажы (тегі белгісіз), Нұрпейіс қажы (тегі белгісіз) және, әсіресе, Садық Ноғаев халықты билікке бағынбауға шақырған. Ақсақалдармен әңгіме кезінде Сағанаевтің киіз үйін сойыл мен шоқпармен қаруланған 19 бен 31 жас аралығындағы жастар қоршап алған».

Бұл үзіндінің соңғы сөйлемінде [14] сол кездердегі маңызды шешімдерді қабылдау барысындағы ескерілуге тиісті элементті нұсқайтын маңызды мәлімет бар. Киіз үйді қоршаған қарулы жастар халықтың қабылдап қойған шешімінің өткір бейнесі еді.

Қазақ зиялыларының белсенді бөлігінің, халықтың қаймағы ретінде 1916 жылғы көтерілістің қарсаңында қоғамдық-саяси жұмыстарда, Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысуында, Ресейдің демократиялық партияларымен қарым-қатынастарында жинаған тәжірибесі болды.

Патшалық Ресейдің басқа да ұлттық шеткері аймақтарының интеллигенциясы сияқты олар да өз халқының болашағын ойлап, «заманның жаңару үдерісіне... лайық жауап» мәселесін шеше отырып, Ресейдің федеративтік мемлекеттік құрылымы және қазақ облыстарының Ресейдің құрамына ұлттық-территориялық автономия ретінде кіруі туралы пікірге тоқтаған болатын.

Дегенмен қазақ интеллигенциясының бетке ұстарлары ешкімді патшалық құрылымды құлатуға ашық шақырған жоқ. Бұл жерде біздің ұлттық интеллигенциямыздың элитасы өте-мөте аз болғанын айта кету керек [15, 16].

Қазақ зиялыларының патшаның жұмылдыру туралы жарлығына қарулы қарсылық көрсету мәселесіне көзқарасы

әртүрлі болды [17 – 19]. Жетісуда Тоқаш Бокин, Сырдария облысында Тұрар Рысқұлов, Ақмола облысында Әділбек Майкөтов, Бөкей Ордасында Сейітқали Меңдешев пен Әбдіраһман Әйтиев, Торғай облысында Әліби Жангелдин, Бәймен Алманов, Оразғали Асауов, Маңғыстауда Жалау Мыңбаев сынды ұлттық демократиялық интеллигенцияның өкілдері қалың бұқараның мәжбүрлеп жұмылдыруға қарулы қарсылық көрсету туралы ауыр шешімін қолдап қана қоймай, көтеріліске де қатысқан. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды либералды интеллигенция мен олардың пікірлестері көтеріліске қарсы болды [19 – 21]. Алғашқылары да, соңғылары да өз көзқарастарын халыққа көмектесуге деген ынтасымен, елге тиетін моральды, физикалық және экономикалық зардапты барынша азайтуға ұмтылысымен түсіндірді.

Либералды интеллигенция халықтың жаппай шешіміне қарсы келіп, патшаның жарлығына мойынсұну керек деп санаған. 1916 жылғы 8 шілдедегі «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынов өз әріптестерінің жалпы пікірін білдіре келе, халыққа патшаның жарлығын орындау қажет екенін түсіндіреді [22]. Әскери кезеңнің жағдайында патша үкіметі жұмылдыруға қарсы шыққандарды жазалауға солдаттар отрядын жібереді, – дейді ол. Солдаттар отряды патша жарлығына бағынбаған шаруашылықтарды ойсыратса, тыл жұмыстарына бармағандарға ғана емес, олардың отбасыларына да қайғы әкеледі. Либералды интеллигенцияның өкілдерінің бұлай пайымдауы дұрыс екені даусыз. Мәселе, сол кездегі далалықтардың шаруашылықтарының экономика тұрғысынан мүлде қорғаусыз болғанында еді. Өз экономикамыз әлсіз, Ресей мен өзге әлемнің экономикасына етене енбеген болатын. Байлық малдың санымен өлшеніп, ақша пайдаланылмады деуге болады, ал ақшаны банкте сақтау деген мүлде болмаған. Сондықтан, кімді болса да ойсырату оп-оңай еді,

бар болғаны малын ұрлап, қыстауын өртеп жіберсе болғаны. Халық та, байлар да өз тұрмыстарының бұл ерекшелігін жақсы білген.

Бір айдан соң, 1916 жылдың 11 тамызында Ә.Бөкейханов пен М.Дулатов дәл сол газетке жарлыққа қатысты: патша жарлығына бағыну және бағынбау туралы екі бірдей қарама-қарсы шешімге салыстырмалы талдау жасаған мақала жариялайды [23]. Шешімнің бағалаушы көрсеткіші ретінде сол шешім қабылданған жағдайда халыққа тиетін залалы көрсетіледі.

Мақала авторларының ойынша, егер халық жарлыққа мойынсұнса, шаруашылықтардың экономикалық көрсеткіштері нашарлап, бәлкім, тыл жұмыстарына жұмылдырылғандардың бір бөлігі қазаға ұшырар, бірақ соғыста емес; ең бастысы, қазақ қоғамының негізі зардап шекпейді.

Керісінше жағдайда, патша үкіметі жарлыққа бағынбағандарды жазалау шарасын қолданады. Нәтижесінде қазақ қоғамының негізін бұзатын жазалау әрекеттерінің мысалдары келтірілді. Бұл жағдайдың зардабы бірінші жағдайға қарағанда үлкенірек болатыны анық деді. Сондықтан, патша жарлығын орындаған жөн деп санайды.

Патша жарлығы жарияланған сәттен бастап А.Байтұрсынов белсенді түрде қазақтарды тыл жұмыстарына жұмылдыру мәселесіне арналған ірі жиналыс ұйымдастырумен айналысты. Жиналыс тамыздың алғашқы декадасының соңына қарай Орынбарда өтті [24]. Жиналыстың жұмысына Торғай, Орал, Ақмола, Семей мен Жетісу облыстарының өкілдері қатысты. Жиналыста билікке бағытталған және жұмылдыру үдерісін жеңілдететін іс жүзіндегі 18 ұсыныс қабылданды.

М.Қ.Қозыбаев ұлттық интеллигенцияның 1916 жылғы көтерілістегі қарама-қайшы рөлін атап өткен [25]. Біз қарастырып отырған уақыт шеңберінде, жоғарыда айтқанымыздай, либералды интеллигенция өкілдерінің жұ-

мылдыруға қатысты пікірі халықтың шешіміне тікелей қарама-қарсы еді. 1916 жылдың тамызында Орынбордан Торғай уезіне өздеріне тапсырылған жұмыстарын атқару үшін іссапарға А.Байтұрсынов пен Г.Мурзин келген. Олар бос уақыттарында патшаның жұмылдыру туралы жарлығына қатысты түсіндірмелер жасаған. Тамыздың аяғында Батпаққарадағы Мырза ишан мешітінде жұмылдыруға қатысты ірі жиналыс өтіп, сол жерде А.Байтұрсынов пен Г.Мурзин жұмылдыруға қатысты өз пікірлерін түсіндіріп, халықты патшаның жарлығын орындауға шақырған [26-28]. Жиналған халық жиналысқа шақырылғандардың сөздері мен түсіндірмелерін бірден теріс қабылдапты. Елі іші тіпті оларды жек көріп кетіп, содан кейінгі күндері оларға іссапардағы шаруалары бойынша қызмет көрсетуден бас тартқан екен.

Бұл жерде бір таң қаларлығы, либералды интеллигенция өкілдері өз пікірлерінің дұрыстығына тіпті күмән де келтірмеген. Халық тығырықтан шығудың кесірлі жолын іздемейтіні белгілі еді. Халық 19 бен 43 жас аралығындағы еркек кіндіктілердің жұмылдыруға бір мезетте, бірден кетуі қалған халықтың бірден болмаса да, баяу (бірақ, қарқынды түрде) қырылуына әкеп соғатынын интуитивті түрде ғана емес, өмірлік тәжірибеден де жақсы түсінетін.

Торғай, Орал, Ақмола, Семей мен Жетісу қазақтарының өкілдерінің халықтың жұмылдыруға қарсы шығуына арналған және тыл жұмыстарына жұмылдыруды орындауға бағытталған тиісті шараларды өткізуге арналған жеке жиналысының протоколында 19 бен 31 жас аралығындағы еркек кіндіктілер (яғни, 13 жас аралығы) бүкіл еркек кіндіктілердің 18 пайызын құрайды делінген [24]. Жұмылдыру еркек кіндіктілердің 25 жас аралығын қамтығандықтан, жоспарланып отырған қара жұмысқа жұмылдыру бүкіл еркек кіндіктілердің 34-38 пайызын қамтуға тиіс еді.

Бұл мәліметке [19]-құжаттағы дәйектер дәлел. Патша үкіметі тыл жұмыстарына 240 мың қазақты тартуды жоспарлаған екен. Бұл сан жұмысқа жарамды қазақтардың жалпы санының (еңбекте келтірілген мәлімет бойынша 700 мың адам) 34 пайызын құраған [19]. Жұмылдыруға халықтың кедей бөлігінің еркектері алынатын болғандықтан халықтың көп бөлігі еңбек қорының жоқтығы мен жетіспеушілігі кесірінен аштыққа барып тірелетін еді.

Либералды интеллигенция өкілдерінің пайымдауындағы қателігі сол, жұмылдыруға кететін 34-38 пайыз еркек кіндіктілер жайлы ғана ойламай, артта қалған халық туралы ойлауы керек еді. Қалған халық популляциялық себептер мен тұрмыстың ауыр жағдайының кесірінен тіршілік негізінен айрылатын еді. Бұлай пайымдауымыздың дәлелі ретінде Биржалық комитеттің төрағасы Семеновтің 1916 жылғы 2-3 шілдеде генерал-губернатор Н.А.Сухомлиновке батырақ қазақтарды шақыруды ауылшаруашылық жұмыстарын аяқтағанша кейінге қалдыра тұруды өтінген телеграммасын келтірейік.

Семеновтің ойынша, «ат төбеліндей орыстар жұмылдыруға әкетіліп, тек қырғыз жұмысшылар қалғандықтан, жұмылдыру ауылшаруашылығымен күн көріп отырған облыстың шаруашылығын толықтай ойсыратып тастайды. Егер оларды жұмыстан алып кетсе, облыстың бүкіл астығы құрап, халық аштыққа ұшырайды» [29]. Бұл құжатта тыл жұмыстарына шақырылған бүкіл қазақтар жайлы емес, тек егін егумен айналысатын шаруашылықта батырақ болып жүргендер туралы ғана айтылып отырғанына назар аударған жөн. 25 жас аралығындағы еркек кіндіктілерді жұмылдырудың салдары бұдан әлдеқайда қасіреттірек болары түсінікті еді.

Либералды интеллигенция өкілдерінің көзқарасын олардың элита өкілдері екенімен [25], ауқатты таптан

шығып, қарабайыр халықтан қол үзіп қалғандығымен ғана емес, сонымен қатар, өздерін қарапайым халықтан жоғары санап, қателіктен ада деп санағанымен түсіндіруге болар.

Патша жарлығы жарияланғаннан кейін Ә.Бөкейхановтың да, А.Байтұрсыновтың да, М.Дулатовтың да патшаның жұмылдыру туралы жарлығына негізді, дәлелді, ең бастысы тек өздеріне ғана емес, халыққа да түсінікті пікірлері болмаған.

Кейінірек, 1926 жылы М.Дулатов «халықты құрбан етуге ешбір идея негіз бола алмайды» деп жазған еді [17]. Бұл сөз либералды интеллигенцияның көтерілістің қарсаңы мен барысындағы әрекетін: халықты көндіре алмағасын, әрі қарай халық қабылдаған шешімнің салдарын жұмсартуға тырысқан деп түсінуге көмектеседі

1916 жылдың 1 қыркүйегінде Торғайда губернатордың нұсқауымен 13 болыстың әрқайсысының болыс басқармалары мен ақсақалдары шақырылып, жиналыс өткізілді [30]. Губернатордың қатысуымен өткен жиналысқа 1000-ға жуық адам қатысыпты. Осы жиналыста губернатор алғаш рет енгізілген жеңілдіктер туралы хабарлап, сол жеңілдіктерді пайдалануға кеңес берген.

Қалижан Қарабаевтің естеліктерінде [31] 8 түрлі жеңілдіктің енгізілгені айтылады. Сол жеңілдіктерге сәйкес жұмылдырудан босатылғандар: 1) молдалар, 2) халық мұғалімдері, 3) жоғары мектеп оқушылары, 4) байланыс қызметкерлері, 5) әр 25 үйге бір малшыдан, 6) 300 бас малға бір қойшыдан, 7) ауыл старшиналары екен. Өкінішке орай, естеліктің авторы 8-ші жеңілдікті атамай кетіпті. Бәлкім, сол 8-ші тармақта кейін тәжірибеде қолданылып, халықтың үлкен наразылығын тудырған іс, жұмылдыруға шақырылған еркекті басқа адаммен ауыстыру мүмкіндігі жайлы айтылған шығар.

Біздің ойымызша, жарияланған жеңілдіктер шексіз парақорлыққа жол ашып [32, 33], халықты екіге қақ бөліп, араларында психологиялық келіспеушілік тудырған. Бұл жағдайды тағы бір атап өтейік, себебі дәл осы сәттен бастап халықтың бірлігі бұзылған еді. Бірінші топқа ұлдары мен жақын туыстарын жұмылдырудан алып қалуға материалды мүмкіндігі барлар кірсе, екіншісіне, тиісінше, ондай мүмкіндігі жоқтар кірген. Демек, бірінші топ ауқатты байлардан, екіншісі жарлы-жақыбайлардан тұрғаны сөзсіз.

Бұл екі топтағы халықтың санына баға беру үшін елдің сол кездегі әлеуметтік құрамы туралы мәліметтерді келтіре отырайық.

Байсейітов Сейдахмет пен Нұрманов Айсаның 1916 жылғы Торғай уезіндегі [34] қазақтар көтерілісі туралы естеліктерінде халықтың әлеуметтік құрамы жайлы төмендегідей мәліметтер келтірілген. «Ең бай қазақтардың 3000 жылқысы болатын. Мәселен, Өзбеков Мырза-Ахмет пен оның ағасы Қараның 7000 ірі қарасы (жылқысы, түйесі, сиыры), 700-ге жуық қойы болған; Мұхамеджан мен Сейітжан Смайыловтарда – 1000 қой, 1000 ірі қара. Бірәлі Бектастовтың 3000-ға жуық жылқысы болған (аталары бәйгеге 100 жылқыға дейін тіккен екен)» [34].

Келесі қатарға 500-ден 700-ге дейін жылқысы бар шаруашылықтар кірген. Бұл шаруашылықтар халықтың 3-5 пайызын құрайтын. Ең байларды да осы топқа кіргізейік. Одан кейінгі қатарға 50-100 ірі қарасы бар шаруашылықтан тұрып, халықтың 15 пайызын құраған. Одан кейінгі қатарға 10-50 ірі қарасы бар шаруашылықтар кіріп, бұл халықтың 20 пайызын құрайтын болған. Және, соңғы қатарға 10-ға жетпес малы бар шаруашылықтар кіріп, халықтың 60 пайызына жуығын қамтыпты.

Сапасы жағынан жоғарыдағы көрсеткішке сай келетін тағы бір мәлімет Т.Рысқұловтың еңбегінен алынып отыр

[2]. Ол кездерде қарапайым халықты (жарлылар мен орташалар) «қара бұқара» дейтін. Міне, сол «қара бұқара» қазақ пен қырғыздың санының 75 пайызын құрап, «мәңгі наразы тапты» құраған екен.

Бұл мәліметтерден халықтың 75-80 пайызының аталмыш жеңілдікті (оның ішінде пара беру де бар) пайдаланып, жұмылдырудан босатылуға материалдық жағдайы жетпегені көрініп тұр.

Қыркүйектегі жиналыстан кейін халықтың бай бөлігі патша жарлығын орындау қажеттігі туралы пікірге ашық немесе жасырын түрде мойынсұна бастайды. Кедей бөлігіне тыл жұмыстарына жұмылдыруға қарулы қарсылық көрсету туралы ой бұрынғысынан да көбірек бекіне бастаған. Бұлай пайымдауға төмендегі материалдар дәлел бола алады. №11 құжатта көтерілісшілердің 1916 жылдың 12 қарашасындағы әлеуметтік құрамы туралы генерал Лаврентьевтің жазалаушы экспедициясының әскери қимылдар журналынан алынған ақпарат келтірілген [35].

Журналда, атап айтқанда, көптеген «көтерілісшілер қырғыздардың қара жұмысқа жұмылдырылатын кедей табынан тұрады» және «қырғыздардың тек жеңілдіктерге ие таптары мен жеңілдіктерге сай жұмылдырудан босатылған байлар ғана үкіметке адал болып қалды» делінген.

Генерал Сандецкий Қазан әскери округінің Бас штабының бастығына 1917 жылғы 3 қаңтардағы құпия хабарламасында «Торғай облысының көп бөлігін қамтыған бүлікші қозғалыс бастапқыда Орыс халқының державалық құқығына қарсы бағытталған еді... Кейінірек бүлікші қозғалыс үкіметке адалдығын сақтап қалған ықпалды, бай қырғыздарға қарсы бағытталып; оларды ұрып-соғып, өртеп, тонаған. Қырғыздардың зиялы бөлігі жұмысшыларды тыл

жұмыстарына жұмылдыру туралы хабарды естіген сәттен наразылардың қатарында болып, бірақ өздерін ғана емес, өздерінің жақын туыстарын да жұмылдырудан босатуға мүмкіндік беретін жеңілдіктер туралы естіген сәттен бастап зиялылар мен бай қырғыздар көтеріліс қозғалысын тоқтатуға тырысқан, бірақ оған күштері мен ықпалдары жетпей, өздері шақырған дауылдан өздері зардап шеккен деп ойлауға негіз бар. Қырғыздардың кедейлері мен байлары арасындағы өшпенділік өзектілігін жоғалтқанша біршама ұзақ уақыт қажет...» дейді [36].

Халықтың жарияланған жеңілдіктерге көзқарасының ауыр болғаны сонша, осы жеңілдіктерден шыққан «қырғыздар арасындағы кедей мен бай арасындағы өшпенділік» көтерілістен кейін де тынышталмапты.

С.Меңдешев те жеңілдіктер жарияланғанша байлар «бұқарамен бірге болып, көтерілісті қолдаған еді» дейді [1].

Біз үшін [35, 36]-құжаттарға сілтемелердің маңызы зор. Себебі, бұл құжаттарда патша генералдарының көтеріліске шыққан халық туралы өз басшылықтарына жіберген ақпараттар бар.

Патша генералдары өз хабарламаларында күнделікті өмірде көргендерін жазғанын, ол мәліметтерді бұрмалауға мүдделі болмағандарын айрықша атап өткен жөн. Бұл жерде көңіл аударуға тиіс тағы бір нәрсе бар. Ол «өздері шақырған дауылдан» деген сөз. Мәтіндегі бұл тіркес сол кездерде халық бұқарасы арасында шешімді кім қабылдады деген сұрақпен тығыз байланысты. Жоғарыда біз ауыл өміріндегі шешімдердің бәрін ақсақалдар қабылдағанын айтқан едік. Осы жерде Торғай уезіндегі көтерілістің идеологтары немесе патша жарлығына қарулы қарсылыққа идеялық рух берушілер дәл сол ақсақалдардың өздері деген аса маңызды қорытындыға келеміз. Бұл идеялық көзқарасты

ақсақалдар жеңілдіктер жарияланғанша-ақ қабылдап, шын мәнінде бекітіп қойғанын тағы да естеріңізге салып өтейік.

Болыс басқармалары мен ақсақалдары Торғайдағы жиналыстан кейін мәселені бейбіт жолмен шешуге тағы бір талпыныс жасап көрген болатын. Олар губернатордың рұқсатымен Петроградқа тыл жұмыстарына жұмылдыру туралы жарлықтың күшін жоюға немесе жұмылдырудың шарттарын жеңілдету туралы өтініш жасауға баратын делегаттар құрамын сайлаған [26, 30]. Бұл жолғы талпыныс та алдындағы сияқты нәтижесіз аяқталған.

Сонымен, біз ақсақалдардың «өз ауылдарындағы кез-келген мәселені шешушілер» болғанына көз жеткіздік [8]. Енді, 1916 жылғы көтерілістің құжат материалдары бұл сөзімізге толықтыру енгізуді талап етіп тұр.

Мысалы, Торғай уезінің бастығының Торғай әскери губернаторына Торғай уезінің қазақтары арасындағы толқу туралы жазған баянатында «қырғыздардың айтуынша [10], жас жігіттердің... ақсақалдарға басшылықты қолдап, қырғыздардың бәрін әскери жұмысқа жұмылдыруға келісім бермек болғаны үшін өлтіруге пышақпен жүгірген жағдайлар болғаны» айтылады. Бұл ақпарат бізге ақсақалдар мен ауылдың басқа тұрғындарының өзара қарым-қатынасын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Әдеттегі, бейбіт жағдайда ақсақалдар билікке сүйеніп, «өз ауылдарындағы кез-келген мәселенің шешушілері» болған. Бірақ биліктің күші шектелген көмескі кезеңде бұлардың екіншілерінің салмағы үдере өсіп, ақсақалдар қарабайыр халыққа тәуелді болып қалатын. Олар халықтың талабын орындауға мәжбүр болған. Неліктен? Бұл жайлы жоғарыда айтылды. Орайы келгенде қайталап өтейік: себебі, экономикалық тұрғыдан ақсақалдардың шаруашылықтары қорғансыз болатын. Ақсақалдың малы бір мезетте таланып, қыстауы өртеліп жіберетін. Көтеріліс кезінде мұндай шараларды

патша әскері де, көтерілісшілер де сан мәрте жасаған. Нәтижесінде, ақсақал жолы болса, ықпалды тұлғалар қатарынан ең қарапайым деңгейге бір-ақ түсетін.

## 3. КӨТЕРІЛІСТІҢ БАСШЫЛАРЫ, КӨТЕРІЛІСТІҢ БАРЫСЫ, НЕГІЗГІ ШАЙҚАСТАР

Осылайша, көтерілістің алғашқы кезеңінде, яғни 1916 жылдың 1 қыркүйегіне немесе жеңілдіктер жарияланғанға дейін, ақсақалдарды қосқанда халықтың көп бөлігі патшаның жұмылдыру туралы жарлығын мойындамай, билік мәжбүрлеу шараларын қолданатын болса, қарулы қарсылық көрсетеміз деп шешкен еді.

Екінші кезеңде, яғни жеңілдіктер жарияланғаннан кейін, ауызбіршілік жойылып, ақсақалдар биліктің мүмкіндігіне сай әрекет еткен. Әрі қарай, көтерілістің барысын сипаттау барысында Торғай уезінің әртүрлі аймақтарындағы ақсақалдардың іс-әрекеттері жайлы әңгімелейтін боламыз.

Өздерінің құқықтану білімдерінің арқасында халыққа көтерілісті басқару үшін хан сайлауды ұсынған нақ сол ақсақалдар деп болжам жасауға болады.

[26]-кітапта дәл осылай айтылған: «...ата-бабаларының жолы бойынша хан сайлады... Бұл шаруаны ақсақалдар ойластырған екен...». Хан не үшін қажет болды? Бүгінде бұған қатысты бірнеше пікірлер бар. Сол кітапта [26] хан сайлау қажеттігі былай түсіндірілген: «Мұндай аласапыран кезеңде хан иесі – ел ішінде беделі бар, әрі батыл, адалдықты ұстайтын адам болу керек деген ойлар халық аузында еді». М.Қ.Қозыбаев [25] мақаласында көтерілісшілер, басқарудың

дәстүрлі институтын қалпына келтіріп, осылайша патшалыққа қарсылығын білдірді.

Берілген жауаптар [25, 26], біздің ойымызша, хан сайлаудың негізгі себептерін түсіндіре алмайды. Біздіңше, дұрыс жауап ғалымдардың еңбектерінде емес, жазушы Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында берілген [37].

Мақан Жұмағұловтың кітап жазу барысында мұрағат материалдарын зерттегені, Торғай облысына бірнеше мәрте барып, көтерілістің қатысушылары және куәлерімен көп әңгіме жүргізгені белгілі. Ақсақал-құқықтанушылардың пікірінше, халық сайлаған хан көтерілісші халықтың билігінің заңдылығын қамтамасыз етуге тиіс болатын. Хан өз билігімен көптеген шаруашылық жұмыстардың, негізінен көтерілісшілер әскерін азық-түлікпен, тұрғын-жаймен, ең бастысы, мініс атпен қамтамасыз етудің құқықтық заңдылығын қамтамасыз етуге тиіс еді. Бірақ, кейінгі оқиғалар Торғай уезі ақсақалдарының бастапқыда құқықтық дұрыс бұл жолдары іске аспағанын, оған көтерілген халықтың ауызбіршілігінің болмауы себеп болғанын көрсетті.

Торғай уезінде жалғыз хан сайланған болса, сол ханның қабылдаған шешімінің заңи мінсіздігіне кепіл берілген болар еді. Бірақ, ақиқатында көтерілістің басында Торғай уезіндегі ұйымдастыру жұмыстарының кезеңінде екі бірдей хан сайланған екен.

Халық бұқарасын көтеріліске дайындаумен сол кездерде үгіттеушілер деп аталған адамдар айналысқан. Үгіттеушілердің құрамына өз халқының тағдырына шын жаны ашыған ең белсенді адамдар кіргені түсінікті еді. Кітапта [26] Торғай уезіндегі осындай адамдардың тізімі келтірілген:

Амангелді Үдербаев (Иманов) – Қайдауыл болысы,

Абдолла Дүйсенов, Уәли Баспақов – Аққұм болысы,

Қияқбай Үркімбаев, Әсемғазы Үркімбаев, Дәуренбек Сәндібаев – Қарақоға болысы,

Омар Тынымов, Хәкімбек Токин – Шұбалаң болысы,

Қасымхан Алтынсарин – Тосын болысы,

Әбдірахман Иманқұлов – Сарықопа болысы,

Уәли Жалмағамбетов, Сәдуақас Жанбосынов – Қортоғай болысы.

Амангелді 1916 жылдың мамырында өміріндегі екінші қамаудан босаған. Ол қамауда бір жылға жуық отырған екен. Қамауға ол туысқандарын қорғаймын деп түсіпті. Іс ықпалды адамдардың Бегімбет руының 50 отбасын заңды тұрып жатқан жерлерінен тіршілікке қолайсыздау орынға көшіруді ойластырғанынан басталыпты. Ол жақтан ол мүжілмей, керісінше әділетсіздікпен күреске бұрынғыдан да ынтызар болып оралды. «Ауылдағыларды жұбатты, әскер жинап, құрал қамдай бастады... Кейкіні ілестіріп алып, Аманкелді енді атқа мінді...» [38]. «Бар қару-жарақтарын, азық-түліктерін алып, жолға аттанды. 400 шақырым жердегі Әкімбек Төкеұлының үйіне 4 күн жүріп келеді. Әңгіме барысында Әкімбек патша жарлығы туралы айтып береді. Аманкелді Әкімбекке Сүйінбайдың ауылын шабу үшін ақылдасамын деп келген. Бұл хабарды естігеннен кейін ол алғашқы ойынан бас тартып ауылына қайтып келеді. «Патша жарлық шығарыпты, 19 бен 31 арасын түгін қоймай алады дейді» деген хабар барлық ауылдарға жетеді. Халық күйзеліске ұшырады. Аманкелді атына мініп, көрші Аққұм болысына келді. Онда Кәрібоз Қабақұлы және Уәли Баспақұлымен кездесті. Олар қалыптасқан жай мен одан шығудың жолдарын талқылап, осы мәселе туралы кеңесті...».

Орайы келгенде айта кетейік, Әкімбек Төкеұлы Амангелдінің бұрыннан досы еді. Содан бұлар «патшаға солдат бермейік, ел кедейлерін ұйымдастырып, қару-жарақты қамдап, патшаға қарсы тұруымыз керек»

деген қорытындыға келді. Олар «мына Қарақоға болысынан Дәуренбек Сандыбайұлы, Қияқбай Үркенбайұлы, Қараторғай болысынан Досан Қарабайұлы, Тосын болысынан Оспан Шолақұлы бізге жолдас болады, бұлар көмекке жарайтын адамдар. Міне, осы адамдарға хат жазып, Уәлиді жіберейік. Бас қосатын жерімізді межелеп айтайық» десті.

Кейкі тұрып: атасы Нияз хан болса да Әбдіғапардың берген уәдесі бар [Сарторғай болысындағы], Қараторғай болысынан Ыбрай Атамбекұлы бар. Ол менің ағайындарым ғой, Қайдауыл болысынан Әлжан Қарабайұлы бар. Майқара болысынан Әбдірахман Иманқұлұлы. Шұбалаң болысынан Әкімбек Төкеұлы, Омар Тынымұлы, Сейдахмет Бәйсейітұлы бар. Міне осындай сенімді досжар адамдарды қатарымызға тартайық» деді [38].

Құжаттан [38] келтірілген үзіндінің мына сәттеріне назар аударайық. Түрмеден жаңа ғана шыққан Амангелді жасақ жинай бастайды. Оның бұрыннан да жасағы болған сияқты. Қасында пікірлес достары, әділдік үшін күрескерлер болған. Амангелдінің жасағында бірнеше ондаған адам болған деп болжауға болады. Амангелдінің таныстарының шеңбері де назар аударуға тұрарлық, бұл шағын үзіндінің өзінде Кейкі, Кәрібоз Қабақов, Уәли Баспақов, Хәкімбек Токин, т.б. сияқты кісілердің аттары аталған. Амангелді бұл кісілермен таныс болған болса, демек, оның өзін де көп адам танитын болғаны.

Бұл жерде Амангелдінің байлардың табындарына барымтасы жайлы сөз болатындықтан, бір нәрсеге тоқталып өтейік. Біздің қолымыз жеткен мұрағат материалдарынан Амангелдінің құқықтанушы болғаны білінеді. Бұндай пайымдауға, ең алдымен, Амангелдінің ылғи әділдік үшін күрес жолында болғаны негіз болады. Дәлел ретінде Амангелдіні 25 жасынан қазасына дейін білген Дмитрий Семенович Денисовтің естеліктерін келтірейік

[39]. «Амангелді жастайынан әртүрлі алым-салықтарға, парақорлық пен қулыққа қарсы шығып, байлардың өшпенділігін тудырды. Оның көзін құртқысы келген байлар оған жылқы ұрлаған және басқа «қылмыстар» жасаған деп жала жапты. Амангелді бірнеше рет қамалса да, ылғи босанып шығатын, себебі өзінің кінәсіз екенін дәлелдеп шығатын...».

«Бірде Амангелді екеуміздің ісімізді Троицк округтік сотының көшпелі комиссиясы қарады... Сотта бізді ақтап шығарды. Сол сотта Амангелді сабырлы, абыройын жоғары ұстап отырды. Қорғаушыдан бас тартты». Бұл материалды Амангелді Имановтың қолжазбасының үзіндісімен толықтырайық: «Көкшетау уезінің бұрынғы Ноғай болысының қазағы Сәдуақас Сатыбалдиннің 1910 жылдың 25 наурызында мен 1908 жылғы 25 маусымда 3 бұқасын ұрлады деп жазған арызы бойынша Саумалкөлге барып, соттың көзінше дауда Сәдуақас Сатыбалдинді жеңдім, өзімнің кінәлі емес екенімді дәлелдедім. Саумалкөл соты 1914 жылғы 25 қаңтарда берген №523 ақталу құжатын Торғай уезінің бастығына 1914 жылдың бірінші наурызында тапсырдым [40].

Құжаттардан [39, 40] біз Амангелдінің қорғаушыдан бас тартып, кінәсіз екенін өз бетінше дәлелдегенін байқадық. Сонымен қатар, Амангелді 1914 жылы өзінің заңсыз сотталған достарын босатуға өтініш жасап Петроградқа барған деген болжам бар [41].

Амангелдінің құқықтанушылық қабілеті жайлы мәлімет біз үшін неліктен маңызды? Амангелді әрдайым өзі мүддесін қорғаған басқа адамдарға байлардың жасаған зұлымдығын олардың отарларына жасаған шабуылымен өлшеп отырды. Бұл Амангелдінің қанша рет тұтқындалса да, ылғи кінәсіз екенін дәлелдеп шығатынынан көрініп тұр [39].

Амангелді дала өміріне қарқынды өзгеріс әкелді. Досан-Қопа, Теріс бұтақ, Бопақ-Қопсы сияқты жерлерде көп адам қатысқан жиналыс өткізіп, халыққа: «...бей-берекетсіздік пен ауызбіршіліктің болмауы істі басынан-ақ сәтсіздікке итермелейді. Біз бір жұдырықтай бірігуге, қатал тәртіп орнатуға тиіспіз. Сонда ғана дұшпан қаһарлана алмайды, патша үкіметі де бізді ала алмайды. Халық даналығы: «Бірлігі жарасқан халық – бәрін жойып жіберетін күш. Ұйымсыздық өліммен бірдей», дейді [28, 42 -44].

1916 жылғы қыркүйектің үшінші декадасында халықтың негізгі бөлігі қарулы көтеріліске дайын еді. Оның үстіне, сол уақытта Торғай уезіне Ақмола облысының Петропавл мен Атбасар уездерінен, Сырдария облысының Перовск уезінен және Қостанай уезінен көшіп келген көп қазақ та жергілікті халықпен бірге патшаның жұмылдыру туралы жарлығына қарулы қарсылық көрсетуге дайын еді [45]. 1916 жылдың қазанында Торғай уезіндегі көтеріліске шыққандар Торғай қаласының маңындағы Ақмырза мен Ақтүбек жерлерінде жиналуға шешім қабылдады. Ақтүбек жерінде Торғай уезінің арғын болыстарынан 2000-ға жуық сарбаз жиналды. Олар Оспан Шолақовты хан, Ахмет Өтетілеуовті көмекшісі, Қасымхан Алтынсаринді сардар сайлады. Қасымхан Алтынсарин Амангелді Имановтың досы еді [46].

Ақмырза жеріне Торғай уезінің алты бірдей қыпшақ болысының сарбаздары жиналды. Барлығы 6-7 мыңға жуық адам.

«... Біздің Жалдама болысынан шыққан біз Әлдеке Қадыр деген батырдыың туын ұстап шықтық. Туды Бәдиев Құлман деген жігіт ұстап жүрді... Ақмырза жеріне 6 болыстың қыпшақтары 5 болыс: Жалдама, Қайдауыл, Сарыторғай, Көртоғай, Аққұмның туын әкелді. Қайдауыл болысының жігіттері Иман батырдың қызыл шұбар туын ұстап келді. Туды Амангелді ұстап жүрді. Сарыторғай

болысының жігіттері Жәуке батырдың баласы бастап, әкесі Жәукенің туын ұстап келді. Көртоғай болысынан Жанғожа атасының туын ұстап Әбдіғапар келді. Аққұм жігіттері Көбек деген батыр аталарының туымен келді» [28]. Қыпшақ болыстарының көтерілісшілері көтерілген халықты басқаруды ретке келтіру үшін Жанбосынов Әбдіғаппарды хан, Амангелді Имановты сардар, яғни сарбаздар әскерінің бас қолбасшысы деп атай бастады [43]. Сондай-ақ, онбасы, жүзбасы, мыңбасылар тағайындалды.

1916 жылдың қазанының соңында Торғайға шабуылдың алдында Оспан Шолақов пен Қасымхан Алтынсарин басқарған арғын болысының сарбаздары Ақмырза жеріне шақырылды. Жалпы жиналыста Амангелді Иманов сардарбек – яғни, Шығыс (Әбдіғаппар Жанбосынов) және Батыс (Оспан Шолақов) армияларының қолбасшысы болып тағайындалды [43, 46].

Мысалы, [43]-құжатта бұл жайлы былай айтылады: «Амангелді екі сарбаздың басшысы – сардарбегі атанды», ал [46]-құжатта да бұл жайында дәл солай дерлік айтылған: «Сол арада Амангелді екі сарбазды қарауына алды. Сүйтіп өз сарбазында сардар болса, енді екі сарбаздың үстінен сардарбек болды.» 10 күн бойы Амангелді сарбаздар әскерін соғыс өнеріне үйретті [43, 46].

Торғай қаласына жасалған сәтсіз шабуылдан соң көтерілісшілер Ақмырза жеріне шегінді. Біраз тыныққан көтерілісшілер қыпшақ пен арғын сарбаздары тобының әскери қимылдары ауданын келісіп, әрқайсысы өздерінің негізгі орналасқан орындарына тарады. Қыпшақ сарбаздары Батпаққараға қайтты. Көп ұзамай Торғай өзенінің жағасында қыпшақ болыстары өкілдерінің Әбдіғаппар Жанбосыновты хан, Амангелді Имановты сардар сайлаған жиналысы өтті. М.Қозыбаевтың көлемді еңбегінде («Жауға шаптым ту байлап». Алматы, Қазақстан, 1994) бұл оқиға туралы былайша

баяндалған [47]: «Торғай уезіндегі қыпшақ руының көтерілiске шыққан қазақтары Орта жүздің ықпалды биі Нияздың немересі, өз руластары арасында беделі өте жоғары болған Әбділғафар Жанбосыновты өздерінің ханы етіп сайлады. Көтеріліске шыққан халық ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Кенесары Қасымовтың ең жақын серіктерінің бірі, Нияз бидің руласы, атақты Иман батырдың немересі Амангелдіні – еңбекшілер мүддесін қорғауға сыннан өткен әрі батыр, әрі шешенді өздерінің сардарбегі – қолбасшы етіп тағайындады».

Әбдіғапар Жанбосынов жайлы профессор К.В.Харламповичтің еңбегінде келтірілген мәліметті пайдалана кетейік [30]. Оның кітабы 1926 жылы Торғай уезіндегі көтеріліс басталғаннан он жыл өткеннен кейін жарық көрген. Кітаптың тәжірбиелік құндылығы сол кездегі оқиғалардың куәлерінен алынған мәліметтер негізінде жазылғандығында.

К.В.Харлампович Әбдіғапар Жанбосыновты ақылды, өткір, беделді басшы ретінде суреттейді. Ол басшылықтың ұжымдық тәсілін ұстанып, Торғай уезінің көтерілісті қолдаған жиырма болысының өкілдерінен кеңес құрыпты. Хан атағынан бас тартып, әмір атағын иемденген екен.

«Биліктің бәрі жергілікті халыққа және ерікті түрде сайланған әмір кеңесінің мүшелеріне, болыс басшыларына, салық жинаушыларға және т.б. өтті. Алым-салық әкімшілік пен ұлттық әскердің қажеттілігіне жұмсалды. Халық соттары да қайта сайланды. Торғай қазақ-қырғыздарының өзін-өзі басқаруының осы бір кезеңінде олардың арасында қылмыс саны, тіпті барымта мен ұрлық сияқты тұрмыстық қылмыстар саны да тез азайып кеткен».

Айта кетейік, Әбдіғапар да Амангелді сияқты «шабуылдар мен мал ұрлау арқылы өз құқығын қорғап, жау шапқыншылығына қарсы өз позициясын нығайтқан белгілі барымташы. Оның тегінде бірнеше болыс басқармалары

болған. Өзі де империялық соғыстың алдында болыс басқармасы болып сайланып, лауазымын абыроймен атқарып келген».

Жиында ұлттық дәстүр бойынша бата беріліп, тілектер айтылды. «Сол жерде Қараман Досай қажы Әбдіғапарды мінген тағымен құттықтап, ханменен Сардарға бата береді. Өкінішке орай, осы қос батаның ел ауызына сақталып қалғаны Амангельді батырға арналғаны» [7]. Сол Қараман Досайдың үлкен сөзінен басын ғана келтірейік:

Уа, барша әлеумет!
Сардарға деп бата берейік,
Біріміз қалмай бәріміз,
Батырға түгел ерейік!
Кәріміз бен жасымыз
Патшаға қарсы аттанып,
Ер қаруы – бес қару
Бойымызға ілейік!
Бостандық үшін ту ұстап,
Батырға өмір тілейік!

Ұстахана ұйымдастырылып, басшылығына Амангелдінің үлкен ағасы Бектепберген тағайындалды. «Ескі аңшы мылтығын жөндеп, қалпына қайта келтіруде Амангелді батырдың ағасы Бектепбергеннен артық шебер табылған жоқ. Ол Батпаққара төңірегінде бірнеше ұстахана ұйымдастырып, қару-жарақ соғуға кірісті» [7]. Оның үстіне мылтықты Амангелді мен Бектепбергеннен жақсы білетін, сондай-ақ қару, оқ-дәрі жасап, оқ құюда жақсы білетін адам жоқ еді. Бектепбергеннің басшылығымен Қызыров Сыдық, Бекмурзин Жәлел, Қойшыбаев Смайыл, Қонысбаев сияқты шеберлер жұмыс істеген [28].

Көп құжаттарда көтеріліс өткен аймақтардағы басшылық орынға тағайындау жолдары әртүрлі сипатталған. Хан мен мыңбасыларды ылғи сайлап отырған, ал сардарды

бір құжаттарда сайлаған десе, (мысалға, қара, [28, 43]), басқаларында хан тағайындаған дейді [48]. [49]-мақалада автор 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтеріліс туралы бала кезінде естігенін айтады: «...көтерілген халықты соңына ертетін басшы сайлау керек болғанда жұрттың аузына алдымен Әбдіғапар мен Аманкелдінің аты көбірек ілініпті. Ал енді осы екеуінің қайсысына тоқтаймыз дегенде «ұстасаң етегі, көшсең жетегі бар Әбдіғапар хан болсын».

Бұл жерде Амангелдінің де хан болуға мүмкіндігі болғанын көреміз. Шындығында, Әбдіғапар мен Амангелді ағайын болатын, олардың рулары – Тілеулі мен Бегімбет – туған ағайындылар еді. Әбдіғапар мен Амангелдінің отбасыларының әлеуметтік жағдайларының айырмашылығын Амангелдінің атасы Иман батырдың отбасының патша қуғынының нәтижесінде кедейленгенімен түсіндіруге болады [50].

Торғай уезіндегі көтерілісшілердің патша әскерімен алғашқы шайқасы 1916 жылдың 21 қазанында Татыр көлінде өтті [26, 30, 51-54]. Торғай уезінің бастығының көмекшісі Ткаченко губернатордың өкімімен 24 қыркүйекте 5-ші Орынбор казактарының запастағы жүздігімен Шолақсайға аттанған. Ол осы казак отрядын Шолақсайға тастап, Қостанай уезінің Богданов қыстағындағы 97-ші Дон казактарының жүздігін қабылдап, сонымен бірге Торғайға оралуға тиіс еді.

Жол бойы Ткаченко «бүлікшілер мен үгітшілерді» іздепті [52] және, сондай-ақ, біраз адамды тұтқындап, жазалау әрекетін жүзеге асырған [53]. Ткаченконың бұл шарасы жайлы көп ұзамай сарбаздар естиді. Шұбалаң, Қарақоға, Тосын және Аққұм болыстарының ұзын саны 1500 сарбазы Алқау көлінің жағасына жиналып, жалпы дауыс беру жолымен отряд басшыларын сайлайды. Отряд басшысы болып мыңбасы лауазымымен Кәрібоз Қабақов сайланады,

жүзбасы болып Қияқбай Үркімбаев, Ақшоран, Бек Сарманов, Омар Тынымов пен Аманша Бектегенов сайланады. Кейін елубасылар мен онбасылар тағайындалады.

Өздерінің нашар қаруланғанын білетін сарбаздар ең болмағанда кенеттен шабуыл жасау арқылы артықшылыққа ие болғысы келген, бірақ Ткаченко сол ұрыстың алдында ғана кенеттен шабуыл болуы мүмкін екені жайында ескертіліп қойылған еді. Сондықтан, Ткаченко мен жүзбасы Моргунов төтеп берген шабуылға дер кезінде қажет шара қабылдап үлгереді. Олар көл жағасына тақалып, қоршауға мүмкіндік бермейді. Оқ ашып, сарбаздардың шабуылына тойтарыс береді. Бұл ұрыста 35 сарбаз шейіт болады. Казактар жағынан бес адам өлген [51].

Бұл кезде сарбаздардың негізгі бөлігі Ақмырза шатқалында тұрған. Кәрібоз Қабақов бұл жайлы білетін еді, сондықтан ұрыстан кейін отрядын кездесу орнына жеткізген.

1916 жылғы қазанның үшінші декадасының басында сарбаздардың бәрі жиналған еді. Дәл сол уақытта, дәлірек айтқанда 1916 жылдың 22 қазанында Торғай қаласында әскери жағдай енгізілді [52].

1916 жылғы қазанның соңы мен қарашаның басында көтеріліс басшылары Торғай қаласына шабуылдың жоспарын талқылады. Бұл жиналысқа дейін де көтерілісшілердің іс-қимылдарының жалпы тактикалық үлгісі, оның ішінде Торғай қаласына шабуылдың үлгісі ұсынылған болатын (қара [26] немесе «Ауыл» газеті, 1926 ж., №277 [53]). Әбдіғапар Жанбосынов өз сарбаздарының тактикасы жайында төмендегідей ойын білдірген: «...қолымыздан адам бермейміз: әскер келсе, бір орыннан – бір орынға көшіп, қаша ұрыс салып отырамыз».

Торғай қаласына шабуыл – ол: «Торғайды жоямыз деп оққа қарсы шабуда мән жоқ, елді-елімізде сайланып отыра берейік, күштеп аламыз деп әскер шықса, жылжып

көше береміз, соның өзімен біраз уақытты аламыз, сөйтіп жүріп бір жақсылыққа кездесерміз» дейді. Әбдіғапардың бұл айтқандары 1916 жылдың тамызына қатысты, дәлірек айтқанда А.Байтұрсынов ұйымдастырған жиналысқа қатысушылардың Орынбордан қайтқан шағына тура келеді [24].

Енді Әбдіғапардың 1916 жылдың қарашасының басында Торғай қаласына шабуылды тікелей талқылау барысындағы ұсыныстарына қарайық: «Қалаға шауып, оққа қарсы тұруда мән жоқ, «адамдарыңды алып келдік ортамызға келіп, адамдарды ал дегенде» әкімдер келмеді, сондықтан қала түбінде бір жеті қыдырып, елімізге тарайық, түбінде жеңіліс табатын болсақ, күнәні қаладағы әкімдерге аудара саламыз» (қара [26] немесе «Ауыл» газетін, 1926 ж., №278, сембі, 7 ағус [53]).

Көріп отырғанымыздай, 1916 жылдың тамызынан қарашасына дейін жоспар өзгермеген, демек бұл жоспар Әбдіғапарда жұмылдыру туралы жарияланған сәттен болған сияқты. Халық қарулы қарсылыққа бел шеше дайын отырғаны белгілі, сондықтан Әбдіғапардың ұсынысы қабылданбаған, оның үстіне Оспан Шолақовтың жақтастары шабуыл жасайық деп тұрып алған. Олар: «...көп ұзамай Торғайды шауып алып, отымен жоқ қыламыз...» деген (қара [26] немесе «Ауыл» газетін, 1926 ж., №277 [53]). «Жиналғандар шуылдап, сенімсіздік көрсеткен соң Әбдіғапар көніп, шабуыл жасауға риза болды» (қара [26] немесе «Ауыл» газетін, 1926 ж., №278, сембі, 7 ағус [53]).

Дегенмен, сарбаздар бастапқыда қаланы шауып алуға тырысуы керек, ол ой іске аспай жатса, екінші кезеңде қоршауға алуы керек деген мәміленің негізінде тактикалық жоспар қабылданған еді. Бірақ, нәтижесінде бәрібір Оспан Шолақовтың жақтастары ұсынғанға ұқсас тактикалық үлгі пайдаланылды [30].

Қалаға шабуылдың басты мақсаты қаланы басып алып, гарнизонды қирату емес, гарнизонның арсеналының есебінен сарбаздардың қаруларын едәуір толықтырып алу еді [55, 56]. Керегі қала емес, гарнизонның арсеналы болатын. Бұны бәрі білгенімен, шайқас кезінде бәрінің есінен шығып кетсе керек. Қалаға шабуыл 1916 жылдың 6 қарашасында таңертемен басталды. Қалаға батыстан Оспан Шолақов пен Қасымхан Алтынсарин бастаған сарбаздар, шығыстан Әбдіғапар Жанбосынов пен Амангелді Имановтың әскері, оңтүстіктен Жәуке батырдың ұлы Орманбектің әскері лап берді. Шабуылшылар арасындағы бей-берекетсіздік қалаға шабуылдың алғашқы минуттарында-ақ біліне бастап, Оспан Шолақовтың отряды шабуылға кешігіп кірісті [43, 57]. Бәлкім, қала маңындағы шөп маяларын өртеп, уақыт өткізіп алса керек. Бұндай ой олардың өздерінің: «...Торғайды шауып, өртеп жібереміз...» дегенінен шығады (қара [26] немесе «Ауыл» газетін, 1926 ж., №277 [53]). Көтерілісшілерде атыс қаруы тым аз болғанына қарамастан (бар болғаны аңшы қарулары еді) қалаға кіріп қана қоймай, орталығына да өтіп кеткен [28, 43, 46, 58]. Шабуыл барысында Амангелді, Кейкі, Бірмағамбет, Өтеуберді, Ақмолда, Жалмағамбетов Жағыпар мергендер көзге түсті [28]. Бұл кезде қалада көп үйлер өртеніп жатқандықтан көтерілісшілердің іс-қимылдарын тіпті қиындатып жіберген. Орманбек өз отрядымен қаладан шығып кетті. Өлім-жітім екі жақтан да болды. Көтерілісшілер жағынан көбірек қаза болған себебі тек әлсіз қаруланғандықтан емес, әдетте шабуылдаушы тарап қорғанушыдан гөрі көбірек кісі жоғалтады.

Қаланың ортасында Амангелді, Қасымхан, Әбдіғапар мен Оспан кездесті. [28, 43, 46]-құжаттарда Торғай уезіндегі көтерілістің осы төрт басшысының арасында болған әңгіме-жиналыстың әртүрлі нұсқалары келтіріледі. Барлық нұсқасында да тек Амангелді ғана шабуылды жалғастырып,

казармаларды аламыз деп тұрып алған (бәлкім, жәй ғана ұсыныс жасаған шығар): «Біз осы алған бетімізбен көпір, көше, ауылымызды бермей, қаладан шықпай, бүгін осында шыдап аян жасалық. Соғысымызды соза берелік. Казарманы да алып қаралық» [28].

Амангелдінің бұл сөзіне Оспан мен Әбдіғапар былай жауап беріпті: «...үй тегіске жақын өртенді. Атқа, адамға паналар орын жоқ. Казарманы алу қиын болар». Сосын «... туларын көтеріп, жігіттерді ертіп қаладан шығып кетті» [46, 56].

Амангелді мен Қасымхан сарбаздарын ертіп әкетуге тырысып, қаладан екі рет шығып, екі рет кірген [46]. Қасында тек сенімді сарбаздары бар еді, бірақ олар казармаға шабуыл жасауға жеткіліксіз болатын.

Кейінірек шығыс пен батыстан шапқан сарбаздардың бір-біріне қосылуына небәрі жалғыз көше қалғаны анықталады. Оның үстіне казарманың солдаттар қорғап тұрған қабырғасы құлапты [58]. Казарманың ішінде солдаттар ғана емес, оттан қорқып, түтінге тұншығып, қатты шөлдеген бүкіл уезд басшылары берілуге дайын жағдайда болған екен. Солдаттар сарбаздардың шабуылынан қорыққандары соншалық, қаланы қорғаудың орнына казармаға қашып кіріп, казарманы ғана қорғапты [59]. 2-3 сағаттан кейін әскери басшылық пен азаматтық басшылық қарсыласуын тоқтатқан [58]. Көтерілістің қатысушыларының арасында қандай да бір жағдайда қаланы алар да едік деген пікір туындағанын айтып өткеніміз жөн [60]. Оқиғаның осылай өрбіп, тіпті патша әскерінің жоғары қолбасшылығы Торғайды 1916 жылдың 7-нен 8-не қараған түні көтерілісшілер басып алды деп ойлаған [61].

Торғай қаласы үшін болған шайқастың нәтижесіне кітапта мынадай түсініктеме берген. «Мәселе екі жақтың

қосылуында емес, бір ғана Әбдіғапар жанындағы 6000 сарбазды өлімге айдап, шабуылдап, қырылғанына қарамай, гарнизонды басып алар еді. Оған түтін де серіктес болар еді. Бірақ Әбдіғапар қарамағындағы жастардың қырылуын қаламаған болу керек. Жігіттердің ішінде «шаш ал десең, бас алатын» қызба жігіттер аз болмайтын. Амангелді де, Кейкі де, Бекболатта, Уәлі де, Жағыпар да бірде-бірі қызбалыққа салынбады. Бәріне де жан керек еді! Осылардың біреуі шаптық деп «отқа» ұмтылса, мыңдаған жауынгер ерер еді». Бұл қарама-қайшылыққа толы пайымдау және расында шынайы оқиғаға сәйкес емес. Ең алдымен, патша үкіметі тыл жұмыстарына бір мезетте 19-бен 43 жас аралығындағы еркек кіндіктілердің 25 жас аралығын жұмылдыруға ниет еткенін естеріңізге сала кетейік. Сондықтан, көтерілісшілердің арасында тек жастар ғана емес еді. Мысалы, 1916 жылы Амангелді 43-ке толыпты, яғни жұмылдыруға алынатындардың қатарына жатқан. Бір жағынан адамдардың өмірін құрбан қылғысы келмеген, әрине, «кім де болса өмір сүргісі келеді», екінші жағынан, қажет болса мыңы өліммен бетпе-бет шығар еді. Иә, бұл теорияда осылай. Ал өмірде қалай болғаны белгілі.

Әскери кезеңнің өз заңы бар. Амангелді қанша ауыр тисе де, арсенал үшін шайқаста кейбір құрбандыққа бару керек екенін сезген. Торғай гарнизонының арсеналынан алынған бірнеше жүз винтовка күштердің ара қатынасын күрт өзгертіп жіберер еді. Ең бастысы, бұл келесі шайқастарда көп көтерілісшілердің, әсіресе жас сарбаздардың өмірін сақтап қалар еді. Бұл Торғай уезінің көптеген бейбіт тұрғындарының (қарттардың, әйелдердің, балалардың) өмірін сақтап қалар еді.

Көтерілістің әскери басшысы ретіндегі қызметінің ең басынан бастап Амангелді бір жағынан соғысқа қабілетті

армия жасақтауға, екінші жағынан жақсы қаруланған және кәсіби даяр қарсыласпен күрес тактикасын жасауға ұмтылған. Осы мақсатта көтерілісшілер ішінде әскери тәртіп орнатылды.

Ұдайы атпен шауып келе жатып оқ ату, жалпы мергендік жаттығулары, қоян-қолтық төбелес пен семсерлесу, найзаласу жаттығулары басталды. Далалықтарға ежелден белгілі ат үстіндегі шайқас тәсілдерін, оның ішінде атты әскер шабуылы сияқтыларды естеріне түсіріп, қайта меңгерді.

Амангелді алғашқы шайқас тәжірибелерінің негізінде өзі ойлап тапқан тактикасын сәтті қолданды. Ол торуылға жер бедері туралы жақсы білімді қолдана отырып, жауға күтпеген шабуылдар жасап, оған зиян келтіретін шағын атқыштар отрядтарын жіберді. [47]. «Егер мергендік мектебін Кейкі батыр бастаса, соғыс тактикасына жүзбасы, мың басыларды Амангелді өзі машықтандырды. Азғантай уақыт ішінде жазалаушы қосынмен алыса отырып, Амангелді кешегі мал баққан жігіттерден қатаң тәртіпті, тегеуірінді армия құрды» [47].

Амангелді сарбаздарға патша әскерінің қолындағы жаңа қару түрлері, артиллерия (зеңбіректер) жайлы айтуға уақыт табатын [62]. Алғашқы ұрыстардың тәжірибесі зеңбірек оғы сарбаздардың жігерін жасытып, есінен тандырар үрей тудырып, нәтижесінде шайқас алаңын тастап қашатынын көрсеткен. Әрине, ол далалықтардың отырықшы халыққа сан ғасырлық үстемдігіне тосқауыл қойған дәл осы артиллерия екенін білмесе де, айтылғандардың бәрі оған осындай әңгімелер жүргізу керек екенін аңғартқан еді [63].

Көтерілісшілер армиясының кейбір тактикалық тәсілдері туралы Қазан әскери округінің штаб бастығы Н.Ф.Добрынин Бас штаб бастығы П.И.Аверьяновқа 1916 жылдың 13 қарашасындағы телеграммасында хабарлаған. Ол жерде, атап айтқанда, мына жәйт айтылыпты: «Торғайдың

алынғанын сенімді қырғыздар растап отыр. Бүлікшілердің әрекеті партизан соғысы сипатында. Түнгі шабуылдарда мыңдаған тобыр кең далада тұрғын-жайсыз, бір-бірінен жүздеген шақырымда шашырай орналасқан жекелеген роталар мен жүздіктерді таптап өтеді... бүлікшілер әр үйден бір әскерден алады, яғни әр уезден 20000 бүлікші-әскер шығады» [64]. Бұл құжатта патшаның әскери мамандары көтерілісшілер армиясын жиырма мың әскер деп бағалағаны айтылады.

Патша армиясының бөлімшелерінің қаруланyуының айқын техникалық артықшылығы жайлы білетін сарбаздар олармен тікелей қақтығысқа түспейтін. Олар тіпті патша атты әскерінің жүздігіне де жеткізбей, шегініп отырған. Бірақ, жергілікті жер бедерінің ерекшелігін білгендіктен, қарсыластарына кенеттен тосқауылдан шабуылдап отырған. Мұндай күрес тактикасының тиімділігі сонша, жазалаушы экспедиция отрядының жоғары басшылығы патша үкіметінің әскери министрі Д.С.Шуваевқа отрядқа автокөлік пен аэроплан беруін өтініп жүгінуге мәжбүр болыпты [65]. Торғай облысындағы экспедиция отряды барлығы 17 жаяу әскер ротасынан, 19 жүздік пен эскадроннан, 14 қарудан, 17 пулеметтен тұратын [66].

Бірқатар шайқастарда көтерілісшілер жаппай қаһармандық көрсетті. Ұрыстың жанқиярлығы жайында Қазан әскери округінің қолбасшысы А.Г.Сандецкийдің Бас штабтың бастығы П.И.Аверьяновқа Торғай облысындағы көтерілістің барысы және жазалаушы отрядтардың көтерілісшілермен шайқасы жайлы 1916 жылдың 26 қарашадағы телеграммасы шебер баяндайды [67]. Телеграммада генерал-лейтенант А.Г.Сандецкий «бүлікшілердің тобырымен қақтығыста Фроловтың отряды 21 және 22 қарашада 43 снаряд атып, роталар 4300 патрон, жүздіктер 4000 патрон атқан... Қырғыздар әскери сап түзеп, лек-легімен жүреді, салт

атпен шабуыл жасайды; демалыс кезінде 25 шақырым қашықтыққа қойылған заставалар мен разъездермен күзетіледі» деп хабарлайды. Әрі қарай: «Торғай облысының көшпенді халқының жалпы саны 450000 адам болғанда, бүлікшілердің саны, бүлікші болыстардың болжалды санағы бойынша, Торғай мен Ырғыз уездерінде 50 мың әскерге дейін жетеді... Бүлікшілер тобы шабуылдаушы роталар мен жүздіктердің оғына қарамастан, отрядқа 500 қадам қашықтыққа дейін жақындап, үлкен батылдық көрсетіп отыр». Фроловтың отрядының жұмсаған оқ-дәрілерінің мөлшеріне назар аударған жөн.

Кейінірек, дәлірек айтқанда 1916 жылдың 23 желтоқсанында генерал-лейтенант А.Г.Сандецкий Торғай облысындағы қазақ көтерілісшілер отрядының іс-қимылы туралы төмендегідей хабарлама жасаған: «Қырғыздардың тобыры әскерлерге қарсылық көрсетумен ғана шектелмей, өздері де шабуыл жасады, тіпті экспедиция отряды бастығының және 97-ші Дон казактарының айрықша жүздігінің командирінің баянатына сәйкес қырғыздардың табанды шабуылдары жиілегені сонша, қырғыздар артиллерия мен пулемет оғына қарамастан, шабуылдаушы бөлімдерге 100 қадам қашықтыққа дейін жақындап, кейбір салт аттылар тіпті шабуылдаушы тізбекті тіліп өткен...» [68].

1917 жылғы қаңтардың басында генерал Лаврентьевтің бұйрығымен Шолақсайдан Торғайға қарай екі артиллериялық қаруы мен екі пулеметі бар жазалаушы отряд шыққан [69]. Отрядқа «мән-жайды анықтап, әртүрлі бағыттағы жігерлі іс-қимылдармен халықты тыныштандыру туралы бұйрық берілген [70]. Сарбаздар бұл отряд жайлы ақпаратты тез арада алды. Ақпаратты нақтылау мақсатында Әбдіғапар мен Амангелді барлауға Жанбосынов Сәдімән мен Қарабаев Досанды жіберді [28]. Жанбосынов Сәдімән мен Қарабаев Досан келе сала отряд туралы ақпаратты дәйектеп,

сонымен қатар отрядта 200-ден 300-ге дейін солдат бар екенін хабарлайды. Содан кейін, Амангелді бірден Кейкі мергенмен қаруланған 100 сарбазды ертіп Шошқалы Қопа жеріне жол тартты. Жол бойындағы ауылдардан сарбаздар отрядына қосымша күштер қосылып жатты. Межелі жерге жеткенде көтерілісшілер отрядында 1500-ге жуық адам болған. Жазалаушы отряд көтерілісшілер туралы білетін, сондықтан 1917 жылдың 13 қаңтарында таңертең келе сала зеңбіректерін дайындап, оқ атқан. Атыс түске дейін жалғасты. Осы кезде жаңадан келген сарбаздар арасында қатты дүрбелең басталып, шайқас алаңын тастай қашты [60]. «Амангелді шегінгендерді қолынан келгенше кідіртуге тырысып, сарбаздарына: «Сендер қашпаңдар, қалыңдар, оқ жетпейтін қауіпсіз жерге жасырына тұрсаңдар болады; іске мен өзім мергендеріммен кірісемін» дейді. Бірақ, сарбаздар зеңбірек оғы мен пулеметтің тарсылына шыдай алмай бытырап кетті. Амангелдінің қасында 100 сарбаз ғана қалды» [71].

Сарбаздардың басым бөлігінің бытырап кеткенін көрген жазалаушы отряд жолмен Торғай қаласы жаққа бет алды. Амангелді отрядымен жазалаушылардың алдын орап, түнеуге Күйек шатқалының маңындағы Қойшығұлдың ауылына тоқтады. Бұл айла жазалаушыларды Қойшығұлдың ауылына 20 шақырым жердегі ауылға тоқтауға мәжбүр етеді. Амангелді отрядын маңайдағы ауылдардың жігіттерімен толықтырады. Ертеңіне таңертең ерте жаңа шайқас басталады [72, 73]. Шайқас Амангелді жазалаушы отрядтың алдында келе жатқан екі барлаушысының бірін өлтірген сәттен басталды.

Жазалаушы отряд көтерілісшілерден алыс қашықтықта тоқтайды. «Амангелді дұшпандарының қатарын бытыратқысы келді. Ең үздік мергендері Кейкі, Садақбаев пен Жайсамбаевты ертіп, дұшпандарына (ауылға қарағанда)

едәуір жақын тұрған көне қорымға жол тартты. Аз уақыттың ішінде мергендер қарсыластарының 5 жауынгерін мерт қылды».

Кешке қарай қарсыластар сарбаздар жайғасқан жерге артиллериямен оқ атып, нәтижесінде жаңа сарбаздар шайқас алаңынан тастай қашты. Бірақ, Амангелдінің шегінгісі келмеді. Оның жеңіске сенуіне негіз бар еді. Соңғы күндері жазалаушылардың асықпай демалып, тамақтануға мүмкіндігі болмаған. «Сол кезде №5 ауылдың қарияларының бірі Ысқақ Матаев Амангелдінің атының шылбырынан ұстап: «Бекер өміріңді құрбандыққа шалма» деп, кері қайтарған» [74].

Шайқастан кейін сарбаздар Батпаққараға оралды. Бұл кезде Амангелдінің үйіне бармағанына да көп уақыт болған екен. Барлаушылардың мәліметі бойынша жағдайдың тыныш екенін бағалаған ол, достарын шақырып, Батпаққарадан 200 шақырым жерде орналасқан үйінде біраз тынығып алғысы келді [27]. Кейкі де үйіне қайтты.

1917 жылдың ақпанының бірінші декадасында полковник Тургенев басқарған 13-ші Орынбор казактарының полкі ұзын саны 600-700 адам болып Торғайдан шығып, көтерілістің негізгі ошағын тыныштандыру үшін Батпаққараға бет алды. Отряд 4 артиллериялық қару және 6 пулеметпен қаруланған. Отрядтың жол көрсетушісі ретінде Торғай уезінің ақсақалдары мен ықпалды адамдарының үлкен тобы, оның ішінде Зейнулла Құлжанов, Атабаев Сүйін, Көтібаров Тоймағамбет, Мірғали Қозанов, Смайылов Мұхамеджан, Сатыбалдин Мырза ишан, Шынбергенов Қали, Құлжанов Шайхы, Нұрпейіс Аяпов, Баязит Балғабаев, Мұқат Омаров бірге жүрген [34]. Есжанов Досымбек бірге жүрген адамдарың арасында Файзолла Сатыбалдин да бар дейді [27].

Байсейітов Сейдахмет пен Нұрманов Айсаның естеліктерінде «жазалаушы отрядтардың Батпаққараға шабуылы

кезінде Тосын, Шұбалаң, Қарақоға болыстарының басқармалары өз болыстарындағы көтерілісті ұйымдастырушылар: Оспан Шолақовты, Дәуренбек Сандыбаевты, Омар Тынымовты және т.б. ұстап, тұтқындады» [34]. Оспан Шолақовтың армиясы бытырап кетті, сондықтан ақсақалдар мұндай жағдайда өз өкілеттерін толық пайдалана отырып, оны патшаның әскери билігіне берілуге мәжбүрледі. «Ел ағалары ақылдасып, Оспан ханды патша әскеріне ұстап беруге сөз байласты. Мұны сезіп қалған Оспан хан 1917 жылғы қаңтар айының жиырма үшінші жұлдызына Торғай қаласындағы әскери гарнизонның бастығына келіп, өз еркімен тұтқынға түсті» [7].

Тергеу кезіндегі: «Неге, хан атанып, халықтың ашуын шақырдың?» деген сұраққа ол, хан болуға халық мәжбүрледі деп жауап берген екен [53]. Бұл жерден Оспан Шолақовты хан болуға ақсақалдар мәжбүрлегенін, кейін одан құтылу үшін билікке берілуге көндіргенін байқауға болады. Оспан ханның әскерімен бірге соғыстан шығуы аймақтағы күштердің ара қатынасы мен көтерілістің барысына өз әсерін тигізді.

Әбдіғапар полковник Тургеневтің отряды жайлы ақпаратты ала сала, Амангелді мен Кейкі болмағандықтан, оған қарсы өзінің інісі Уәліні 1000 сарбазбен жіберуге шешім қабылдайды [65]. Бұл кезде Әбдіғапардың қасында Амангелдінің сарғаскер лауазымындағы орынбасарлары Мұсабаев Өмен мен Рысбаев Әбіш болғанын айта кетейік [26, 75]. Кітапта Амангелді мен Кейкінің болмауына қатысты қызықты ой айтылған [26]: «...дәл осы кезде олардың болмауы басшыларды қатты қынжылтты. Амангелдінің орнына сарғаскер Өмен бар, Кейкінің «орнын толтыру» мүмкін емес». Бұдан кейінгі оқиғалар Амангелдінің де «орнын толтыру» мүмкін емес екенін тіпті анық көрсетті. Расында, бұл сөйлемнен қынжылудың басты себебі Амангелдінің болмауы екені байқалып тұр. Амангелді тек

әйгілі мерген, батыр ғана емес, дарынды қолбасшы еді. Мұны бәрі және бірінші ретте сарбаздар тіпті жақсы білетін.

Уәлі басқарған сарбаздар отрядының полковник Тургеневтің отрядымен ұрысы 1917 жылдың 18 ақпанында Қарақоға болысының 6-шы ауылына кіре берісте өтті. Бұл жерде Уәлінің сарбаздар отряды қарсыластардың артиллериялық қарулары мен пулеметтерінің оғының астында қалды. Құжатта [65] шайқастың нәтижесі былай суреттелген: «Алдымен пулеметпен, кейін артиллериямен оқ жаудырғанда бүлікшілер тобы бытырап, мерт болған 9 адамы мен 2 аты қалды, қаза болғандардың қалғандары мен жараланғандарды бүлікшілер өздерімен алып кетті. Бүлікшілерді қуу барысында 17 қырғыз қолға түсіріліп, Торғайға жеткізу үшін болыс басқармасына тапсырылды». Бұл – шайқасқа патша үкіметінің жоғарғы офицерлік шендерінің берген бағасы.

Келесі шайқас 1917 жылдың 21 ақпанында Құм кешу жеріндегі Қараторғай болысының екінші ауылының маңайында өтті. Бұл жолы мың адамнан тұратын сарбаздар отрядын Қарабаев Досан мен Қабақов Кәрібоз басқарды. Бұл шайқаста да солдаттар көтерілісшілерді артиллерия мен пулемет оғымен қарсы алды. [26]-да бұл «көтеріліске шыққан жігіттерге еш әсер ете қойған жоқ» деп қорытынды жасалған. Дегенмен, [27, 28, 30, 43, 53, 65, 76, 77]-құжаттардың материалдары шындығында сарбаздардың айтарлықтай шығынға ұшырағанын көрсетіп тұр.

Көтерілістің қатысушылары – сарбаздардың өздері шайқасты былай бағалайды. «Солдаттар біздің қарсы шыққан адамдарымызға Құм кешуде соғысып, бой бермей, Батпаққараға кетті. Ел састы» [28]. «...көтерілісшілердің кейбір басшылары зеңбірек оғынан қорқып, қашып кетті...» [77]. «Бірақ көтерілісшілер жағы солдаттардың құралынан қорқып, соғыса алмай, кейін қайтады... Ел сасқанынан

дүние-мүліктерін түгел ала алмай, тек үстеріне киген бір-бір киімі, көрпе жастығымен ғана, малдың ірілерін айдап, жас төлдері мен кәрі малдарын тастап... Батпаққараның күн шығысына қарай шығады» [27]. Осылайша жазалаушы отрядтар сарбаздарды өкшелей қуып отырған. Бұл жердегі басты нәрсе көтерілісшілердің моральдық тұрғыдан жеңіліс тапқанында еді. Амангелді келген кезде сарбаздардың абдырап қалғаны сезілді. Жеңіліс халық арасында үрей тудырған. Жазалаушылардың жолы бойында жатқан ауылдар аз уақыт ішінде тұрған жерлерін тастап, көшіп кеткен.

Амангелді Құм кешудегі шайқас туралы хабар алған сәтте Шұбалаң болысына барып, сонда күтіп отырған 1000 қарулы сарбазбен Үрпекке келген [43]. Бұл кезде Үрпекке Кейкі де келген екен. «Үрпекке келсек ондағы сарбаз есі кетіп, Амангелдінің келуін күтіп тұр екен». Сарбаздарды басқаруды өз қолына алған Әбдіғапар да сасқалақтаған кейіпте болды» [43]. Жағдайдың анық та, түсінікті екендігі түсіндіруді қажет етпейтін.

Амангелді бірден қорғанысты ұйымдастыруға кірісіп кетті. Кешке дейін сарбаздарды шайқасқа тактикалық және психологиялық жағынан дайындады. Күн батқасын Кейкіні жігіттермен бірге барлауға жіберді. Кейкі жігіттермен бірге қарсыластардың барлаушылар тобын кездестіреді. Атыс барысында Кейкі олардың екеуін өлтіреді [27, 28, 43]. 1917 жылдың 23 ақпанында таңертең барабан дауылымен Үрпек-Доғал шайқасы басталады. Кешке қарай атыс тоқтап, қарсыластар қоян-қолтық төбелеске кіріседі. Қараңғы түсе солдаттар Батпаққараға шегінеді.

Таңертең ерте Амангелді бастаған сарбаздар да Батпаққараға келеді, бірақ ол кезде солдаттар Торғай жаққа кетіп қалған екен. Сарбаздар біраз уақыт бойы қашқан солдаттарды қуады. Бұл соңғы шайқас еді, бұл шайқаста көтеріліс-

шілер жеңіске жетті. Сарбаздар әртүрлі есеп бойынша бұл ұрыста 60-тан 150-ге дейін адамынан айрылыпты. Полковник Тургеневтің отряды құрамының жартысына жуығынан айрылған [28, 43, 57, 75, 76].

Жазалаушыларды ертіп әкелген сатқындардың да жазасын беретін сәт туған еді. «Кейкі манағы патшаның әтрәтін ертіп келіп, бірге кеткен жауыз Мырза ишан, Файзолла, Қали, Мұхаметжан, Айтқұлдардың үйлерін шауып алады» [27, 28]. Сатқындардың малдары көтерілісшілердің иелігіне өтеді [28].

## 4. АМАНГЕЛДІ

Бұл тарауда ұсынылып отырған материал Амангелдінің өмірбаяны емес. Бірақ, өмірбаянына толықтыру бола алатыны даусыз. Бұл Амангелді жайлы мәліметтердің жиынтығы, мәліметтердің авторлары оны таныған, көрген, білген адамдар.

Амангелді Иманов 1873 жылдың 3 сәуірінде Торғай уезінің Қайдауыл болысының №3 ауылында дүниеге келген. Амангелдінің ата-анасы – әкесі Үдербай (1829-1879) мен анасы Қалампыр (1848-1926) – малдары болмай, Байқоңырға қоныстанып, жер өңдеп, аңшылық пен балық аулаумен айналысыпты [78]. Қалампыр Кәкудің қызы еді. Кәкудің ағайындары аты әйгілі Бердіке руының Сары ишан әулетінен шыққан. Қалампыр ақылды, білімді әйел болған. Байқоңырға Үдербай мен оның туған ағасы Балық бірден келмеген, бірнеше мәрте қоныс аударып, көшкеннен кейін келіпті.

Амангелді қыпшақ тайпасының Бегімбет руынан шыққан. Рубасы Бегімбет аңызға айналған батыр Қарақыпшақ Қобыландының ұрпағы. Қобыландының екінші әйелі Қарлығадан бес ұлы болған: Бұлтын, Торы, Ұзын,

Көлденең, Қарабалық. Қарлыға Көбік батырдың қызы. Ұзыннан Бегімбеттің әкесіне дейінге ұрпақтар сабақтастығы төмендегідей: Ұзын, Әлімбай, Мырзасайым, Ақырсық, Абыла, Текесопы, Алтыс, Бөкей, Кедел, Мәмбет, Сары, Әлібек, Сатыбалды. Әлібек батырдың Сатыбалдыдан басқа Әбдіраһман атты тағы бір ұлы болған. Бегімбет Сатыбалдының үлкен ұлы, ал Тілеулі – Әбдіраһманның ұлы [7]. Ағайынды екеу – Тілеулі мен Бегімбеттен Әбдіғапар мен Амангелді туып, Әбдіғапар Тілеуліден, Амангелді Бегімбеттен туған. Бегімбеттің үш әйелінен сегіз ұлы болған: Қақай, Тоқпай, Айтуар, Кенжетай, Ботахан, Барақ, Арал, Төлек. Ұлдарының үлкені Қақайдың бес әйелінен 18 ұлы болыпты. Қақайдың үлкен ұлы Дулаттың бірнеше әйелінен 9 ұлы болыпты.

Дулат батыр ағалары және әкесімен бірге қыпшақ әскерінің басында елі мен жерін қорғап жоңғарға қарсы шайқасқан. Дулаттың сегізінші ұлының есімі Иман (1780-1847).

Иман батыр «қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Кенесары Қасымовтың жақтастарының» бірі болған [25]. «Ол Кенесары ханның әскерінде Торғай жасағын басқарды. Ол Иман батырды қатты жақсы көретін, құрметтеген, оны «Көсем көк», «Боз жорға», «Аян» деп атайтын.

Қанды қырғын соғыстан Иман батыр жеңіспен оралған сайын хан Кене: «Қан майданнан Иман келді, аман келді» – деп, сүйсініп отырады екен. Кейін Иман атамыздың кіндігінен тараған Үдербай өз баласын осы сөзге орай «Амангелді» деп атаған көрінеді» [7].

Байқадам Қаралдиннің ұлы белгілі қазақ сазгері Бақытжан Байқадамовтың естеліктерінде Иман батыр жайлы былай айтылған: «Кенесары батырлары: Қошқар, Иман, Жабай дейтініміз: Қошқар – Бижан Тоққожиннің бабасы, Иман – Амангелдінің бабасы, Жабай – Әбдіқапар Жанбосыновтың атасы» [79].

Иман батырдың отбасы Кенесарының әскерімен бірге көшіп отырған. Иманның қазасынан кейін Іле аймағында қалған [80]. Иманның үлкен ұлы – Бердалы Іле аймағында қалып, Балық (Бердіқожа) (1820-1903) пен Үдербай тіршілікке жайлы жер іздеп алдымен Қаратауға, сосын Түркістанға, одан әрі Ақмешітке (қазіргі Қызылорда) көшіпті [55, 79]. «Патша әміршісі Перовский Ақмешітті басып алғанда әлдебіреу қаланың маңында Иманның туысқандары тұратынын жеткізген екен. Перовский олардың тұрғынжайын қиратып, киіз үйлерін өртеп, малын-мүлігін тонапты. Астан-кестеңнен аман қалған Балық пен Үдербай Имановтар Байқоңырға қашыпты. Бірақ, малсыз қалғасын көп ұзамай Қарасу өзеніне ауып, балық аулаумен айналыса бастапты» [80].

Иман батырдың ұрпақтарының кедейленуінің себебі дәл осы трагедияда жатыр деп сенімді түрде айтуға болады. Иман батырдан рубасы Бегімбетке дейін үш ұрпақ өткен. Бегімбет, оның ұлы Қақай мен немересі Дулат бай адамдар болғанына шүбә жоқ. Бегімбеттің үш әйелі, сегіз ұлы болған. Ұлы Қақайдың бес әйелі, 18 ұлы болыпты, Иманның әкесі Дулаттың да бірнеше әйелі мен 9 ұлы болған. Осыдан, Иманның әжептәуір ауқатты болғанын күмәнсіз пайымдауға болады.

1881-ден 1885 жылға дейін Амангелді ауылдағы мұсылман мектебінде оқиды. Бұл мектепте Сырдариядан келген молдалар дәріс беретін. Әрі қарай төрт жыл бойы дулығалы Әбдіраһман ишанның медресесінде білім алады. 1887 жылдан бастап байларда батырақ болады [81, 82].

Амангелді төрт ағайынды болған, үлкені Бектепберген (1870-1921), екі інісі – Амантай (1876-1931) мен Есентай (1884-1933). Бектепберген ұсталықты меңгеріп, ұсталық өнердің тамаша маманы болады. Ол жасаған қару мен қарудың діңі Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы

тұр [83]. Ол кездерде ауылдық жерлерде қарудың дінін жасай алатын адамның кәсіби шеберлігінің аса жоғары болатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бектепберген де әкесі Үдербай сияқты аңшылықпен айналысып, жап-жақсы мерген болған. Бұның бәрі Амангелдінің кәсіби аңшы болуына ықпал еткен болса керек. Амангелді 15 жасынан аңға шыға бастапты [81, 84].

Амангелді 8 жасқа толғанда әкесінен айрылады. Әкесіз отбасына өз жерінде болмағасын өмір сүру қиынға түсіп, олар кезінде рубасы Бегімбет қоныстанған Үрпек шатқалындағы өздерінің туып өскен жерлеріне қайта көшеді. Бірақ, бұл кезде ол жердің көп бөлігін қыпшақтың ауқатты байлары меншіктеп алып, сол себепті Бегімбет руының көбі Жыланшық жеріндегі жерлерді игеруге мәжбүр болды. Сол кездегі жер дауы мен басқа да ауыл тіршілігіндегі мәселелер Амангелдінің жанына батады. Ақырында ол дәл осы мәселелер бойынша, әсіресе жер дауы бойынша, атқамінер-байлар мен ақсақалдардың белсенді қарсыласына айналады [39, 56].

Амангелді орта бойлы, мығым денелі адам болған. Жұлдызнамасы – Торпақ. Оны жайдары, ақпейіл, тез шешім қабылдайтын еді деп сипаттағандары да жұлдызнамасына толық сәйкес келіп тұр [26, 85]. «Бас кессе де, тіл кеспегі жоғын білген ол кімнің алдында да бұғып, бой таса жасаған емес, нағыз топжарғанның өзі болатын» [47].

Ән салғанды жақсы көретін, домбырада ойнайтын [83, 84]. Мінсіз әділ, тура, өткір адам болатын [26, 39, 77]. Өмірде көшбасшы болуға тырысатын. «Сайыстардың бәрінде жеңетін, жалпы кімге болса да жеңілгенді ұнатпайтын» [86]. Бала кезінен еңбектенуге үйренген ол еңбекті бағалайтын, қай істің де шебері еді [86, 87]. Бектепбергеннің жұмысына көмектесіп жүріп ұсталықты да да меңгеріп алады. Оның жақтастарының бірі Жәлел Бекмурзин ол жайлы: «Ол өзі

қару өнерінде өте шебер еді. Нағыз ұста болатын. Біз оның келгенін сабырсыздана күтіп отыратынбыз: ол айбалта мен қылышты қалай жасау керек екенін көрсетіп, түсіндіретін...» [87]. Көп адамның айтуынша, Амангелдінің көзқарасы сүйектен өтетіндей өткір болған екен [60, 88]. Сарбаз Әбіл Үркімбаев оның ерекшелігін атап: «Амангелді сұңқар сияқты еді» дейді [89].

«Амангелді ... батыл адам болатын» [26]. «Ең көзсіз батырлардың өздері Амангелдіні сабырға шақырып, өмірін оққа құрбан қылмай, тоқтатуға тырысқан кездері болған» [90]. Жоғарыдағы әңгімелердің бірінде қарт Ысқақ Матаевтың Амангелдіден өз өмірін бекер қауіпке байламай, шайқасты тоқтатуын өтінген көрініс жайында айтып өткен болатынбыз [75].

1917 жылы патша құлағаннан кейін Амангелді Байқадам Қаралдиннің шақыруымен Торғай қаласына келеді. Амангелді сарбаздарымен бірге жүріп, оның 40-ын қалаға жақын маңдағы ауылға тастап, 11-і онымен бірге қалаға кіреді. Амангелді Торғай қаласына келсе ылғи Сұлтан Ишмурзиннің үйіне түсетін. Амангелді Сұлтан Ишмурзиннің үйіне кірген бойда үйді қаруланған 150 адам қоршауға алады. Қоршағандарды Торғай қаласының бай көпесі Ақтанов Ғайнулла басқарады екен. Ол Амангелдіні өлтіріп, қаланы шапқандағы келтірген залалы мен сол шабуылда сарбаздардың бірінің оғынан кездейсоқ қаза тапқан әкесінің өлімі үшін кек алғысы келіпті. Өз істерін аяқтап, Амангелді әуелі өзіне еріп жүреген сарбаздарды қаладан жіберіп, атына мініп, өзін күтіп тұрған тобырға қарай жылжыды. Жиналған топ оны өткізіп жібереді, тіпті бір де біреуінің оған жақын келуге батылы жетпеген [60, 91].

Көтеріліс басталғанға дейін Амангелдінің 28 жыл кәсіби аң аулау өтілі болды. Демек, ол Торғай уезінің (оның ғана емес)

бүкіл аумағын бес саусағындай білетін болған. Ол далада өмір сүруге бейімделген, жабайы аңдардың әдіс-айлаларын жетік білетін, ешқандай аң оның тұзағын таба алмайтындай етіп бүркемелене алатын. Мұның бәрін ол жазалаушы жасақтармен жекпе-жек кезінде пайдаланғаны сөзсіз.

Амангелді талантты атқыш-мерген еді [79, 88]. Ол аңшылыққа үйреніп жүрген күнінде-ақ, яғни 15 жасынан мерген атанған. Қазықты жерге қағып қойып, үстіне тиынды қойып, атып түсіретін [77]. «Амангелдінің әйгілі аңшы екені жайындағы сыбыс кең далаға тараған. Таутекенің алыстан бір жалт етсе болғаны, Амангелді таңдаған құрбанын бір атып сұлата салатын. Көрінер-көрінбес нысанаға дөп тигізетін» [39].

Дмитрий Денисов байлардың Амангелдінің көзін құртқысы келгені жайлы жәйтті айтып берді. Байлар оны далада аңдып, қоршап алып, өлтіргісі келіпті. Қуып келе жатқан қуғыншылар Амангелдіге жақындап қалғанда ол шауып келе жатып, қуғыншылардың астарындағы аттарының басынан атып, мерт қылып отырған. Осыны Амангелді дәл осылай үш рет жасауға тура келіпті. Үш ат та қақ төбелден тиген оқтан мерт болған [39]. Амангелді жайлы «құралайды көзге атқан құла мерген» дейтін [7, 47].

Алиақбар Досжанов төмендегідей әңгіменің куәсі болыпты [34]. 1917 жылы Торғай гарнизонының бастығы Амангелдіні Торғайдың көшесінде көріп қалып, оған:

– Осы сені мерген дейді. Оны немен дәлелдейсің?, – дейді.

Амангелді:

– Мені 500 метрден жерден айналып шауып өтіп көр. Басыңа тигізбестен қалпағыңды ұшырып түсіремін. Қорықсаң, сен ат, мен айналып шабайын, – деген.

Бастық жымиып, жауап таппай, жөнімен кетіпті. Осы қысқа ғана өмірлік эпизодта Амангелдінің бірқатар қасиеттері

айқын көрініс тапқан. Әрине, ол – мерген. Әңгіменің тез арада орын алғанына қарасақ, Амангелді өзінің ұсынып отырған мергендікті тексерудің тәсілін бұған дейін талай мәрте әр түрлі нұсқаларда айтып жүрген болса керек. Бұнда Амангелдінің сөз тапқыштығы, ойының шырақтығы, бірегейлігі мен тайсалмас батылдығы жатыр.

Амангелді тамаша шабандоз еді. Бала кезінде-ақ алдын ала жерге тасталған тиынды шауып бара жатып іліп алатын болған [84]. Торғай уезінің әскери комиссары болған кезде Амангелді жауынгерлерімен тұрақты түрде шабандоздық пен оқ атудан жаттығу өткізіп тұрған. «Ол шабандоздықтың күрделі нөмірлерін көрсеткен кезде оның шеберлігін тамашалауға бүкіл қала жиналатын» [39, 85].

Амангелді жастайынан еліне қызмет етіп, әлсіздердің қорғанышы болған. Әдетте, әділетсіздікті кедейлер көргендіктен, ол ылғи кедейлер жағында болатын. Ал биліктің тізгініндегілер мен байлармен ара қатынасы қиынырақ еді. «Оны бәріміз жақсы көретінбіз. Жақсы адам еді», – дейді ол жайлы Байегіздің әйелі Рысты жеңгесі [86]. Халық «оны жақсы көріп, мақтан тұтатын. Иманов есімі Амангелдінің көзі тірісінде-ақ қайсар рухты даңқты батырдың атына айналды» [85, 92]. Досымбек Есжанов Амангелдіні еске ала отырып, «...ол біздің ауылдың ғана емес, бүкіл Батпаққараның әйгілі батыры еді», дейді [27]. Ол жайлы жақтастарының бірі былай айтқан: «Ол айрықша күшті, жігерлі еді, қызыл тілді шешен және хас батыр еді... Оның қаһармандығы мен қайсарлығы дала аңызына айналған...» [77]. Амангелдінің жолдасы, Торғайдың тумасы, отрядының сарбазы Дмитрий Денисов мынадай жалпылама қорытынды шығарды: «Оны танитындардың бәрі жақсы көргенін айтып жатудың қажеті жоқ шығар» [39].

Сол кездегі Торғайдағы ең білімді адамдардың қатарына жатқызуға болатын Байқадам Қаралдиннің отбасында тек

Амангелдіні ғана батыр дейтін [93]. Сарбаздар, мыңбасылар, т.б. ғана емес, Әбдіғапардың өзі де Амангелдіні батыр деп атағанын айрықша атап өтейік [9]. 1917 жылдың мамырында Амангелді Торғай қаласына шақырылады. Оның келгенін білген қала халқы оны батыр ретінде қарсы алады [75].

«Амангелді шын мәнінде батыр болып жаратылған жан еді. Нар тәуекелшіл, өткір, өктем, құралайды көзінен атқан құла мерген, шешен де көсем болып туғанды. Елге есімі 1916 жылдан көп бұрын танымал батыр ел үшін еңіреп туған ер екендігіне күмән тумаса керек» [47].

Осылайша, Амангелді Иманов бір жағынан Торғай жерінің әйгілі батыры болса, екінші жағынан көзі тірісінде аңызға айналған адам. Академик жазушы Сәбит Мұқановтың ойынша, сардар Амангелді Иманов сақтар, қыпшақтар, моңғолдар, Шыңғысхан, ақсақ Темір қолданған әскери тәсілдерді қолданыпты. «Ендеше Амангелді қара дүрсін батыр емес, айлалы, ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, дәстүрін өте жақсы білетін, қолбасшылық дәрежесіне даярлығы болған ел ағасы, халық данасы. Амангелдіні сардарбек қылып, халық бір ауыздан атауы заңдылық» [47].

Амангелді көп рет тұтқындалған, бірақ түрмеге екі рет қана отырыпты. 1908 жылы Торғайдағы жыл сайынғы мамыр жәрмеңкесінің кезінде Әуелбаев Есім атты бір қария қала маңындағы өзенге шомылуға бел байлайды. Оны сол жердегі Торғай гарнизонының солдаттары көріп қалып, ұстап алып, ұрып-соға бастапты. Қарияның көмек сұраған айқайына жәрмеңкеге келген қазақтар түгел жүгіріп, солдаттарды ұрып, қуып жіберіпті. Төбелеске жиналған тобырдың ішінде қайдан келгені белгісіз бір орыс тап болып, кейін сол орыстың өліп қалғаны анықталыпты. Орын алған төбелестің мән-жайын анықтай келе, қала билігі болыс басқармаларынан орын алған оқиғаға қатысы болуы мүмкін сезікті адамдардың тізімін сұратыпты. Мұндай жағдайларда

болыс басқармалары, әдетте, тізімге ең алдымен өздеріне ұнамай жүргендерді қосатын. Нәтижесінде, 1908 жылдың маусымының алғашқы жартысының соңында 40 адам тұтқынға алынады. Қайдауыл болысынан Амангелдімен бірге 4 адам, Шұбалаң болысынан – 12 адам, оның ішінде Хәкімбек пен Әбен Токин де бар, Қарақоға болысынан – 2 адам, ішінде Қияқбай Үркімбаев бар, т.б. түрмеге тоғытылады.

Сот тек бір жылдан соң ғана өтеді. 40 адамның 10-ы кінәсіз деп табылып, қалғандарын, ішінде Амангелді, Хәкімбек, Токин бар, 18 жылға бас бостандығынан айырады. Соттан кейін оларды босатуды сұрап Смагул Токин шағым береді. Араға 18 ай салып, көптеген қаржылай шығын шығарып барып түрме мерзімін үш жылға түсіруге қол жеткізеді. 1912 жылдың жазында, яғни арада аттай төрт жыл өткесін, Амангелді мен түрмеде қайтыс болған Әбен Токиннен басқалары босатылыпты [43].

Жоғарыда айтылғандай, екінші рет ол түрмеге 1915 жылдың маусымында өзінің Бегімбет руының 50 отбасын жергілікті бір байдың тіршілікке қолайсыз жерге көшіруінен қорғаймын деп түскен екен. Ол бай өзіне қажет шешімге қол жеткізуі үшін «Майдам тал» жеріне 60 үй тігіп, Торғай уезінің 13 болысының ең ықпалды адамдарын жинапты. Сол жерде Амангелдіні тұтқынға алған [38].

Бірқатар деректерде Амангелді барымташы, жылқы ұрлаушы, белгілі қаскүнем ретінде сипатталады (қара, мысалы, [28, 47]). Амангелдінің өмірбаянының бұл қырына М.Қозыбаевтың кітабында тоқталып өтілген [47]. Бұл сұрақ бойынша М.Қозыбаевтың пікірін келтіре кетейік. Барымта деп бір тайпаның (отбасының) басқа тайпаның (отбасының) малын (әдетте жылқысын) айдап әкетуін айтады. Көп жағдайда барымта зардап көрген тайпаның абыройына нұқсан келтірген. Барымтаның жиі

болатыны сонша, ол кездерде еркек кіндіктілердің бәрі өз намысын қорғау үшін өмірінде бір рет болса да барымтаға баратын.

Сондықтан, Амангелді де, бәлкім, туысқандарымен барымтаға барған шығар. Онда неліктен жұрттың арасынан тек Амангелдіні ғана барымташы деп атаған?! М.Қозыбаев бұның бәрі Амангелді батырдың кең танымалдығында, аңызға айналған мергендігінде, теңдессіз батырлығында, намысқойлығында, қызба қандылығында, әділдікке ұмтылысында, т.б. деп санайды. Амангелдіге қатысты «барымташы», «ұры» деген сөздер оның дұшпандарының нақақ жаласы [47].

Бірқатар құжаттардың мазмұнына талдау жасаудың негізінде (қара, мысалы, [38]) Амангелді расында өз туысқандарының ғана емес, басқа да көптеген сол кездегі байлар мен ықпалдылардан жәбір көргендердің өтініші бойынша барымта жасаған деген қорытындыға келеміз. Барымтадағы өтемақының мөлшері оқиғаға алдын ала жүргізілген құқықтық талдауға байланысты болатын. Талдаудың дәлдігі тек өз білімімен ғана емес, құқықтанушы-жолдастарының кеңестерімен анықталатын. Мұндайда оған сарбаз жолдастары көмектесетін [38]. Мінсіз адал Амангелді барымтаны әділеттілік орнатып, кек алу үшін жасайтын. Ешқашан жеке басының баюы үшін жасамаған.

Келтірілген дәйектер Америка тарихшысы Виржинии Мартиннің XIX ғасырдағы Ресей империясының құрамындағы Орта жүз қазақтарының құқықтық тарихын қайта жасау арқылы зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді [94]. Ең алдымен барымта сөзі «маған бересісі» дегенді білдіретінін айтайық.

«Негізі, барымтаға алдын ала дауды шешудің басқа жолдарының бәрі қолданылып болған соң, өз құқығын

қалпына келтіру үшін қолданылатын тәсілдердің бірі ретінде анықтама бере аламыз. Барымтаның басты мақсаты жеке немесе рулық абыройына тіл тигізгені үшін кек алу және абыройын қалпына келтіру болып табылады».

«Барымтаны, бір мағынасында, құқық бұзғаны үшін кек алу ретінде қарастыруға, ал егер ол белгілі бір жағдайда орын алған болса, жалғыз құқықтық құрал ретінде қарастыруға болады. Барымтаны алдын ала биді құлағдар ете отырып жасау қажет болған... қазақтың «Білсе – барымта, білмесе – сырымта» деген сөзі барымта туралы биді құлағдар етудің міндеттілігін түсіндірген.

«...барымта түнде емес, күндіз жасалуға тиіс және іс екі тарап үшін де қанағаттандырылатындай шешілсе, барымталанған жануарлар мен мүліктер толық қайтарылуға тиіс. «Барымтамен мүлкіңді көбейте алмайсың» деген халық даналығына сәйкес, барымтаны ешкім жеке басының пайдасы үшін қолдана алмайтын. Тағы бір маңызды нәрсені айта кетейік: «Егер барымта заң негізінде қолданылса, оны құқық бұзушылық іс ретінде жазалай алмайтын: әдетте оны әділдік іздеудің бір тәсілі ретінде рұқсат беретін» [94].

А.Дүйсеновтің естеліктерінің негізінде [38] Амангелді барымтаға байланысты шарттарды толық орындаған деген қорытынды жасауға болады. Ол жақында кек алатыны жайында билерді де, құқық бұзушыларды да ескертіп отырған, құқықтанушылармен бірге келтірілген залал үшін өтемақының құқықтық мөлшерін дәл анықтағасын барып қана барымтаға кіріскен.

Және, ең соңғысы, «...дәстүрімізде ұрлық жасау әдетке сай жазалануы тиіс десе, барымтаға құқықтық құрал ретінде рұқсат берілген, ал отарлық түсінікте барымта мен жылқы ұрлауды бір ұғым ретінде қарастырылған. Екеуі де жылқы ұрлауды меңзейтін, қазақтар барымта заң негізінде жасалмаса жазалануға тиіс деп санаған. Екінші жағынан,

халық мәдениетінде құқық бұзушылықтың бұл екі түрі де ерлік ретінде қарастырылған. Ендігі жерде барымта барымташылар тобын басқарған батырдың «кәсібі» ретінде жасалынатын болған» [94].

## 5. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦЕНЗ

Тарихқа таптық көзқарас Амангелді Иманов сияқты батырларымыздың төменгі тапқа тиесілі болуын қатаң талап етті [25, 50]. Бұндай батырларымыздың ерекшеліктері әдетте сауатсыздығымен байланыстырылып жататын. Осы кітаптың авторы өткен ғасырдың 70-ші жылдарында Алматылық газеттердің бірінен Амангелді Имановқа арналған мақаланы оқығаннан кейін сол газеттің бас редакторіне жолығуға мәжбүр болған. Мақалада Амангелді халық көтерілісінің басшылығына кездейсоқ келген ауылдың өте-мөте сауатсыз тентегі ретінде көрсетілген екен. Әңгіме барысында мақаланы жазу «дарынды, дегенмен, өкінішке орай, ішімдікке әуес журналистке» тапсырылғаны анықталған еді. Мақаланы кейбір келтірілген пікірлерге дәлел талап ете отырып кең ауқымда талқылап болғасын менен кешірім сұрап, ол журналистке бұдан былай мұндай мақалаларды жазуды тапсырмайтынын айтып ант су ішкен болатын.

Қазір ойлап отырсам, сол мақалаға тапсырысты орындаған журналист мақаланы жазудағы берілген нұсқауды тура мағынасында қабылдап, әсіре сілтеп жіберген сияқты.

Кеңестер кезінде партия идеологтары сіңірген постулаттың басым болғаны сонша, нәтижесінде көп ғалымдар оны шынайы өмірлік дәйек ретінде түсінген екен. Кейбіреулері Амангелді мен оның туыстарын жатаққа, яғни тақыр кедейге теңеген. Амангелдінің отбасы бай емес еді, бірақ қу сирақ кедей де емес болатын. Амангелдінің отбасының әлеуметтік

мәрбетесін анықтап алу үшін Бектепбергеннің бірнеше мәрте ауыл старостасы болып сайланғанын естеріңізге салып өтейік. Ағайынды бауырлар бәсеке тартыстағы мұндай жетістікке өздерінің жұрт алдындағы абыройы мен, әлбетте, отбасының қаржылай ауқаттылығының арқасында жеткен.

Алдыңғы параграфтегі мәліметтерге Амангелдінің отбасының әлеуметтік мәртебесін нақтылайтын төмендегідей ақпаратты қосайық. Амангелдінің анасының (Қалампырдың) ағалары Бірмағанбет, Әбдірайым, Құлмағанбет ишандар Бұхарада білім алған. Оқуы тұрғысынан Торғайда, тіпті бүкіл Ұлытауда ешкімнен кем түспеген жандар еді. Қалампыр медреседе білім алған. Бұл сол кездің өлшемімен орта білімге тең.

Амангелді өмірінің сегіз жылын білім алуға жұмсаған. Осы мерзімнің екінші жартысында ол Әбдірақман ишанның медресесінде оқыған екен. Бұған тағы бір мәлімет қосайық. «Медреседегі оқуын тәмамдағаннан кейін сол кезеңдегі қазақ тілінде шыққан кітаптарды оқитын. Қазан, Уфа, Ташкент типографияларынан шыққан аңыз-жырлардың бәрін оқып шыққан. «Кербала шөлі», «Едіге батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Зарқұм», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», т.б. оның сүйікті кітаптары болатын» [95].

Амангелдінің білімділігінің бұдан арғы дәлелі шежіре кітабы мен Ғабит Мүсіреповпен байланысады. Ғ.Мүсірепов қазақтың ұлы саңлақ жазушыларының бірі. Ол жазушылық өмірінің қомақты бөлігін 1916 жылғы Торғай уезінде орын алған ұлт-азаттық көтеріліске арнаған. Оның үстіне, өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басынан Ұлы Отан соғысына дейінгі аралықта Бейімбет Майлинмен бірге осы мәселені зерттеген. 1932 жылдың соңында Ғ.Мүсірепов Батпаққара (Амангелді) ауданында алты айлық іссапарда болыпты. Амангелдінің жары Балыммен кездесіпті. Әңгіме барысында Балымнан: «Батыр сауатын ашқан ба еді?» деп

сұрапты. Балым: «Не деп тұрсың, қарағым? Кейбір дүмше молдалар оның тырнағына да тұрмайтын. Оның өзінің шежіре жазған кітабы болатын» деген [96].

Бұл кітаптың тарихы [96]-құжатта әңгімеленген. Оны бірде шежіре, бірде күнделік деп атайды. Біздің ойымызша, оны жазбалар кітабы десе жөнірек болар еді. Ұстай-ұстай ол екіге бөлініп қалыпты. Бірақ, ақырында, екі бөлігі де академик жазушы Ғ.Мүсіреповтің қолына түсіпті. Қазір ол Орталық музейдің қоймасында сақтаулы тұр. Аманкелді жазбаларын араб қарпінде жазған. Кітапты оқығанымызда Амангелді алғашқы жазбаларын жиырма жасында жазғанын көрдік. Жазбаларда ұлдары Рамазан мен Шәріптің туған күндерін, сол оқиғаға қатысты мән-жайды түпкілікті жазғаны да бар екен.

Кітаптың негізгі бөлігін көлемді екі материал алып тұр. Біріншісі Амангелді құрап-әзірлеген Бегімбет руының шежіресі, екіншісі «Патшалар мен қазақтардың тарихы». Амангелдінің Ресей патшасының әулетін бұл зерттеуі 1914 жылғы Петербургке сапарының нәтижесінде жазылған екен. Ол патша әулетінің шежіресіне ғана емес, олардың экономикасына да үңіліпті. Қазақтардың Ресейдің бодандығын қабылдау мәселесіне де тоқталмай өте алмапты. «Қазақтар бодандықты Анна патшайымның билігі кезінде қабылдаған. Бодандықты алдымен Кіші жүз қабылдайды. Ол кезде Кіші жүздің ханы Әбілқайыр еді...» [95].

Жазбалар кітабын мұқият зерттеу Ғ.Мүсіреповті төмендегідей қорытындыға әкеліпті. «Егер жоғарыда келтірілген үзінділерге мұқият назар аударсаңыз, Амангелдінің жеке басы жайлы біздің әлі де атүсті пайымдап жүргенімізді түсінетініңіз сөзсіз. Рухани мәдениетінің деңгейі бойынша Амангелді өз заманының көрнекті өкілі болған. Оның мүддесі қашан да ел өміріндегі ең көкейкесті мәселелермен байланысты болған. Оның 1916 жылға

дейін-ақ патша самодержавиесінің қарсыласы болғанына көзіңіз жетеді.

«Патшалар мен қазақтардың тарихы» бөлімінің әр сөзіне мұқият назар аударсаңыз, онда қоғам үшін маңызды көпқырлы және әртүрлі ойлар табасыз. Қазақтар мен Орта Азия халықтарының орыс патшаларының бодандығын қабылдауына мұндай зерттеу жүргізу ол кезде тіпті ең жоғары білімді қазақтардың да ойына келмеген болатын» [96].

Ғылыми тарихи әдебиетте (оның ішінде соңғы кездердегі) Торғай уезіндегі көтерілістің басшыларының бірі Амангелді Имановты Торғай уезінің либералды интеллигенциясына жасырын түрде қарсы қою байқалады. Либералды интеллигенцияның патша жарлығына қарулы қарсыласуға бастапқыдан-ақ қарсы болғанын естеріңізге салып өтейік. Бұлай қарсы қоюдың себептерінің бірі білім деңгейі болып табылады.

Белгілі себептерге байланысты, бұл салыстырулар Әбдіғапар Жанбосыновқа тимепті. Ол да Амангелді сияқты мұсылманша білім алғанын білеміз [26].

В.Дальдің сөздігінде «интеллигенция» сөзі халықтың «саналы, білімді, ақыл-ойы дамыған» бөлігі дегенді білдіреді. Бір қызығы, әлемнің көптеген тілдерінде біздің «зиялы қауым» («интеллигенция») деген ұғым жоқ. «Зиялылар» («интеллектуалы») деген ұғым бар, ол ой еңбегімен айналысатын адамдар деп түсініледі. [97].

Ахмет Байтұрсынов – либералды интеллигенцияның көшбасшыларының бірі, ауыл молдасынан сауат ашқан. Сосын, оқуын Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде жалғастырған. Кейінірек барып, Орынбордағы төртжылдық мұғалім мектебіне түскен. Бұл мектепті А.Байтұрсынов 1895 жылы бітірген.

Міржақып Дулатов та сауатын ауылда ашқан. Мемлекеттік орыс-қазақ училищесіне 1901 жылы түсіп, 1902 жылы

тәмамдаған.

Осылай, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов мамандықтары бойынша мектеп мұғалімдері болған. Бір жағынан Ә.Жанбосынов пен А.Имановтың, екінші жағынан А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың білім деңгейінде айтарлықтай айырмашылық болмағаны анық болды. Айырмашылық тек бір нәрседе ғана болған: Ә.Жанбосынов пен А.Иманов жеке мектепте, медреседе білім алса, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов мемлекеттік білім мекемесін, орыс тіліндегі 2-4-сыныптық мектепті (училищені) бітірген. А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың орыс тілін білуі, отбасының ауқаттылығы, кәсіби бағыттары олардың либералды интеллигенция өкілдерінің қатарына кіруіне мүмкіндік берген. Дана-Бике Қаралдина Әбдіғапардың інісі Сәдіман жайлы прогрессивті көзқарастағы адам еді деп сипаттай келе, оның болыстық орыс мектебін бітіргенін айтады [93, бет.45]. Олар орыс тілін білгенінің арқасында қарапайым қазақтарға уезд, болыс, т.б. басқару органдарына өтініш, шағым, т.б. жазуға көмектескен. Бұл олардың уезд халқының арасындағы беделін көтергені сөзсіз.

Және, ең соңында, мына бір нәрсені айтып өту керек. Төңкеріс алдындағы Ресейде «интеллигенция» ұғымында ой еңбегінің айырмашылығын көрсету жойылып, алдыңғы орынға «әлеуметтік жетекшілік белгілері»: өз отанының тағдырына алаңдауы қойылған...» [97]. «Интеллигенция» сөзінің сол ұғымына жүгінсек, Ә.Жанбосыновты да, А.Имановты да төңкеріске дейінгі Ресейдің ұлттық шеткері аймағының өз елі мен жерінің тағдырына алаңдаған білімді өкілдері ретінде, мәселен, демократиялық интеллигенция қатарына жатқызуға болады. Дегенмен, олардың әрқайсысы тарихқа өзінше, Әбдіғапар Жанбосынов азаматтық қоғамды дарынды басқарушы, ал Амангелді Иманов көрнекті қолбасшы, көшпелі заманның соңғы батыры ретінде енді.

# 6. АҚПАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІН, БИЛЕР СОТЫ

Бұл бөлімнің негізгі материалдарына көшпес бұрын жергілікті ұлттық әкімшілік пен патшаның әскери әкімшілігі Торғай уезіндегі көтерілістің басшыларының атауларын қалай анықтағанын қарастырып өтейік. Қайдауыл болысының басқармасы Сейіткерей Бектасов 1916 жылғы 30 желтоқсандағы хатында Амангелдіні Торғай уезінің қыпшақ болыстарының «көтерілісші қырғыздарының» Әбдіғапар хан тағайындаған бас қолбасшысы деп атаған [48].

Уақытша үкіметтің Ішкі істер министрі Урусовқа 1917 жылдың 23 мамырындағы телеграммасында Торғай облысының комиссары Ә.Бөкейханов көтеріліс басшылары Әбдіғапар және Амангелді кәсіби жылқы ұрлаушылар деген [98]. Болыс басқармасы С.Бектасов көтеріліске қатысушылардың ісінен хабардар еді, сондықтан 1916 жылдың желтоқсанында әскери мәліметті жалпы мағынада дұрыс ақпарат берді. Дәл сол кезде Ә.Бөкейханов, ол да көтеріліске қатысушылар жайлы жеткілікті хабардар болған болса керек. Уақытша үкіметтің Ішкі істер министрі Урусовқа Әбдіғапарды және Амангелдіні кәсіби жылқы ұрлаушылар деп оған қажеті жоқ мәлімет береді. Осылайша ол көтеріліске қатысты көзқарасын білдіріп, тек көтеріліске қатысушыларға ғана емес, олардың басшыларына да өшпенділігін білдіргісі келген. Қазір бізге керегі тіпті бұл емес, Ә.Бөкейхановтың хабардар бола отыра, Әбдіғапар мен Амангелдінің есімдерін атай отырып, «және» шылауын пайдаланғаны болып тұр. Бұны көтерілісті басқарудағы теңдіктің белгісі деп түсінген жөн.

Қазан әскери округінің әскерінің қолбасшысы генерал Сандецкий Бас штабтың бастығына 1917 жылғы 17 қаң-

тардағы құпия баяндамасында көтеріліске қатысушылардың екі үлкен тобы анықталғанын, бірін Оспан Шолақов хан, екіншісін Әбдіғапар Жанбосынов басқарып отырғанын хабарлаған [99]. Жазалаушылар Батпаққараға жақындаған сайын бұл аймақтағы көтеріліс басшылары туралы мәлімет нақтылана бастайды.

Генерал Сандецкий Бас штабқа 1917 жылғы 23-24 ақпандағы кезекті хабарламасында бүлікшілердің басты тобыры Батпаққара шатқалында орналасқанын, Әбдіғапар хан мен көмекшісі басқарып отырғанын айтады [100]. Ақырында, ең соңғы, 1917 жылғы 28 ақпан – 4 наурыздағы телеграммасында генерал Сандецкий патша отрядының Әбдіғапар мен Амангелдінің біріккен тобырымен ұрысы жайлы хабарлайды [101]. Бұл жерде де соңғы жағында «мен» шылауы қойылып, бірақ теңестірген нышанда айтылады: «Әбдіғапар мен Амангелдінің біріккен тобыры». Осылайша, хан да, сардар да болған. Ал шын мәнісінде, олар көтерілістің дәрежесі тең басшылары еді. Дегенмен, өзара ерекшеліктері де бар. Әскери операцияларды тек бір ғана адам басқаруы керек. Бұл әскери ғылым мен тәжірибенің аксиомасы. Бәріміз білетіндей, Амангелді көтерілістің бас қолбасшысы болды. Амангелді әскери операцияларды басқаратын басты адам болды және азаматтық істерді басқаруға Әбдіғапармен тең дәрежеде қатысқан деуге болады. «Әбдіғапарды хан сайлады. Амангелді сарбаз басы – сардар болды... Елге хан мен сардар билікші болатын болды» [28]. Осы сәтте күмәншілдер жоғарыда келтірілген сөздің дәлеліне күмән келтіруге толықтай құқылы. Жоғарыда айтылғандардың бәрі дәлелге кіріспе ғана деп санайық. Негізгі дәлелді Әбдіғапар мен Амангелдінің үстінен қаралған билер сотының нәтижесінен ғана емес, соттың өтуімен байланысты оқиғалардан да табамыз.

1917 жылдың 23-27 ақпанында (8-12 наурызында) орын алған буржуазиялық-демократиялық төңкерістің нәтижесінде Ресейде патша режимі құлады. «10-15 наурыз күндері Николай патша тақтан құлады деген хабар жетті. Әрине, қуанышымызға шек болмады» [28, 34, 43]. Түрмеден жаңа шыққан Байқадам Қаралдин осы қуанышты хабарды жеткізу үшін Әбдіғапардың ордасына қарай шаба жөнелді [30, 53]. «Әбдіғапар жаңа үкіметке қарсы еместігін білдіріп хат жазып, Торғайға адам жіберді» [7, 47, 53]. Хаттың дәлірек мазмұны Торғай губернаторы Эверсманның Уақытша үкіметтің Ішкі істер министрлігіне телеграммасында көрініс тапқан сыңайлы (әрине, пайдаланылған терминдердің бірқатарына түзетулер жасалған). 1917 жылдың 28 наурызындағы телеграммада Әбдіғапар «Уақытша үкіметке бағынатынын, зорлық әрекеттерін тоқтататынын, тобырын тарататынын, тобырының бейбіт қырғыздарға тигізген залалдары мен реніштерінің бәрін тонаған нәрселерін түгел қайтару арқылы өтеу үшін толық шара қабылдайтынын жеткізуге Торғайға ағасын жіберді» делінген [102].

Бір сұрақ өзінен өзі туады: Торғай уезінің бастығы Әбдіғапардың сөзінің мәтінін өзі ойдан шығарып губернаторға, ал ол өз кезегінде Уақытша үкіметтің Ішкі істер министрлігіне жіберген жоқ па екен? Олай емес шығар. Әрине, дәл осы жерде аса маңызды тағы бір сұрақ туды: Әбдіғапардың үндеуінің мәтіні көтерілісшер Кеңесімен немесе штабымен талқыланды ма? Әскер мәселесі штаб отырысында талқыланатын сияқты еді [57]. Бірақ, екінші жағынан, К.В.Харлампович әскерді тарату туралы шешімнің алдын ала талқыланғанын, бірақ оны Әбдіғапар жеке дара қабылдағанын айтып бағады. Шындығында, «келген (Б.Қарабалинмен) оңаша әңгімеден кейін Әбдіғапар ол ұсынған шешімді қабылдады: әскерін таратып жіберді...» [30]. Әскерге қатысты өзге де пікірлер бар.

Әбдіғапардың үндеуінің мәтініне оралсақ, ондағы, әсіресе, «тобырының бейбіт қырғыздарға тигізген залалдары мен реніштерінің бәрін тонаған нәрселерін түгел қайтару арқылы өтеу үшін толық шара қабылдайтыны» түсініксіз болып тұрғанын атап айту керек» [102]. Ондай үндеуді жазса Әбдіғапардың өз билігінің заңсыз екенін жалпыға жариялағаны болар еді.

Әбдіғапар бұл жерде «бейбіт қырғыздар» деп Торғай уезінің халқының көтеріліске қатысқан, бірақ кейін патшаның жазалаушы отрядтарының қысымымен көтерілістен шығып кеткен бөлігін меңзеп отыр.

Әбдіғапардың үндеуінің осынша оқыс мәтінін түсіну үшін бір сұрақ қояйық – оны бұл үндеуді жазуға не мәжбүрледі? Ол көтерілістің басшыларының бірі ретінде, орын алған бей-берекетсіздкке қатты алаңдаған. Сондықтан, үндеу биліктен кетушілер мен Әбдіғапардың арасындағы белгілі бір келісімнің нәтижесінде туындаған деп болжауға болады. Үндеудің өзі түпкілікті редакциясында ақырында билер сотына әкеп соққан нәрсеге арандатуы мүмкін еді. Келісім не жайлы болды екен? Көтеріліс кезінде келтірілген залалға жауапкершілікті мойнына алғанының есесі ретінде Әбдіғапар Торғай уезінде уақытша билік органдарына сайлау өткізуге рұқсат алған.

Істі ұзаққа созбай, Әбдіғапар хан 1917 жылдың 18 наурызында (бәлкім, күні ескі стильде келтірілген шығар) Қараторғай ауылында Торғай уезінің жалпыға бірдей өкілетті жиналысын өткізді. Жиналысқа Торғай қаласы мен кейбір болыстардың өкілдері келмеді. Соған қарамастан, уезді басқарушы уақытша комитет сайланған. Комитеттің басшылығына Әбдіғапар хан сайланды [7, 30].

Әбдіғапар мен Амангелдінің сарбаздары жергілікті патша билігі органдары өз өкілеттіліктерін жоғалтып, жұмыстарын

тоқтатқандықтан, әлі біраз уақыт өз болыстарының шегіндегі тәртіпті қадағалауды жалғастыра берді.

Дәл сол кезде, дәлірек айтқанда 1917 жылдың 20 наурызында Ә.Бөкейхановты Петроградқа шақыртады. Астанадағы Уақытша үкімет оны Торғай облысының комиссары лауазымына тағайындайды [20, 39]. Наурыздың соңында Орынборға қайта оралған Ә.Бөкейханов 1917 жылдың 2-6 сәуірінде облыс қазақтарының съезінің жұмысына қатысқан. Алғашында ол Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы билік органдарын құрумен белсене айналысады. Мысалы, 1917 жылдың 5 сәуірінде Торғай уезінің комиссары лауазымына О.Алмасовты тағайындайды [20].

Ә.Бөкейханов көтеріліске қатысқан халықпен қалай күресуді жақсы білген. Тағайындала салысымен, дәлірек айтқанда 1917 жылдың 14 сәуірінде Уақытша үкіметтің әскери министрі мен Ішкі істер министрінен «тобырларды тыныштандыру және уезде тыныштық орнату үшін» қарамағына экспедициялық отрядтың құрамындағы төрт жүз казакты пулеметімен беруін өтінген [103].

Ә.Бөкейханов алдын ала полковник Карауловке «қарақшылықтың негізгі басшыларын тұтқындағым келеді» деп түсіндіріп, көмек беретіні жайында уәдесін алған. Полковник Караулов Петроградтағы Бас штаб алдында Ә.Бөкейхановтың өтінішіне қолдау жасаған [104]. Нәтижесінде, жазалау шараларына қатысып жүрген пулеметті төрт жүз казак Ә.Бөкейхановтың қарамағына өтіпті.

[18]-ші еңбекте Ә.Бөкейхановтың аталған әрекеттері, [16]-шы кітапқа сілтеме жасала отырып, төмендегіше түсіндіріледі: «Ә.Бөкейхановтың бұл отрядты сұрауы, бір жағынан, жер-жердегі «қарақшылықты тоқтату» және әскери бөлімдердің қақтығыс кездерінде жергілікті халыққа келтірген

залалдарының құнын төлеуі қажеттілігінен туындаған». Келтірілген дәйектің алғашқы бөлігі Ә.Бөкейхановтың өзі авторы болып табылатын [103, 104]-ші құжаттармен жүз пайызға қошталып отыр. Екінші бөлігі мүлде түсініксіз, себебі бұл дәйекте жергілікті халық алдындағы борышкер патша армиясы, дәлірек айтқанда құқықтық мирасқорлық негізінде Уақытша үкіметтің армиясы еді. Ә.Бөкейхановқа қалдырылған пулеметті төрт жүз казак Уақытша үкімет армиясының жергілікті халық алдындағы қарызын өтеуде қандай рөл атқаруы мүмкін?!

Көтеріліске қарсы белсенділік танытып жүрген болыс басқармалары, ақсақалдар, ықпалды адамдар билікке талас барысында болыс халқын («бейбіт қырғыздарды») көтеріліс кезінде келтірілген материалды залал үшін қыпшақ болысына талап-арыз беруге арандата бастайды. «Осының әсерінен үлкен дау туып, қастық орын алып, ұзақ уақыт кетеді». Ыбырай Атамбековтің, Наурызовтың, Досжановтың дәйектеріне сәйкес, аталған болыстардың халқы қыпшақ болыстарына 184000 сомға талап-арыз берген [34]. Жағдай шектен шығардай шиеленіскен. Торғай облысының комиссары М.Дулатов пен Қостанай уезінің екі биі Мұқаш Тойғожин мен Нұржан Наушабаев бастаған комиссия құрып, Торғай уезіне жібереді. [57]. Уақытша үкіметтің Ішкі істер министрі Урусовқа 1917 жылдың 23 мамырында жазылған телеграммада Ә.Бөкейханов өз әрекетін былай түсіндіреді: «Тонауды тоқтатқым келіп, Торғай қаласына екі жақтың ақсақалдарын шақырып, өзара азаматтық талап-арыздарын бейбіт жолмен шешуді ұсындым. Абдулғафар мен Амангелді жиналысқа қатысқылары келмей, Торғайдан кетіп қалыпты. Уезді тыныштандыру үшін оларды тұтқындау қажет. Төрт жүз казакты уезде солардың кесірінен ұстап отырмын. Абдулғафар мен Амангелдіні тұтқындауға рұқсатыңызды сұраймын... [105]. Келтірілген үзіндіде Ә.Бөкейханов

қарамағында төрт жүз казакты ұстап отырғанын өзі анық түсіндірген: «Төрт жүз казакты уезде солардың кесірінен ұстап отырмын», яғни Әбдіғапар мен Амангелдінің кесірінен.

М.Сулейменовтің кітабында [7] адам құрбандығы үшін өтемақы ретінде 60 мың сомға берілген талап-арыз бойынша сот процесін басқаша түсіндіреді. Бұл интерпретация, ең болмағанда, [7]-де берілген формада, бірқатар себептерге байланысты ойдан шығарылғаны анық.

Біріншіден, халықтың басым бөлігі қолдаған көтеріліс кезіндегі қаза тапқандар үшін құн талап етті деген сөзді қисынға келмейтін, ойдан шығарылған мәселелер қатарына жатқызу керек. Көтеріліс алдында бүкіл Торғай уезінің аумағында өткен көптеген жиналыстарда көтеріліске қатысушылар тіпті өмірін қиса да көтерілісті қолдайтынын айтып ант берген болатын. Екіншіден, Торғай қаласына шақырылған Әбдіғапар мен Амангелдіге 60 мың сом талап-арыз туралы алдын ала талқылаусыз мәлімдеген. Мұндай істердің тек сотта шешілетіні және оған ұзақ уақыт кететіні белгілі. Бұл түсініктемедегі 60 мың сом талап-арыз адам сенгісіз көлемдегі ақша екенін қайталап айтайық. Және, ең бастысы, осы кітапта [7] айтылғанға ұқсайтын мазмұндағы бір де бір құжат табылмаған. Ендеше, бұл жағдай «бейбіт қырғыздардың» қыпшақтарға талап-арызы қаралған билер сотымен шатастырылған болса керек.

Кітапта [7] келтірілген 60 мың сом талап-арыз туралы мәлімет бізді өзінің бастауымен таң қалдырды. Тоқталып өтейік. «1917 жылғы мамыр айында Әбдіғапардың ауылына Байқадам Каралдин келіп, оны Торғай қаласына шақырды. Әбдіғапар Амангелдіден бөлініп, қалаға жеке барғысы келмеді. Сардарға ат шаптырып, қасына алдыртты. Басшысы хан менен сардар, барлығы екі жүзге жуық сарбаз Торғай қаласына жетпей тоқтап, кигіз үй тікті. Олар үш күн өткеннен кейін ғана қалаға шақырылды, Әбдіғапар мен

Амангелді жүзге жуық жасақпен көпір ауызына тақағанда алдынан солдаттар шығып, аз ғана адаммен қала ішіне алып кірді. Көтеріліс басшылары айтылған үйге келіп түссе, біраз адам жиналып қалған екен, арғындар сөз бастады. Әбдіғапар мен Амангелдінің көздерін бақырайтып қойып, соғыс кезінде қаза тапқан адамдарына құн сұрады. Бұл сөзге қыпшақтар жағынан да адамдар қосылды. Ақыры не керек, жиналғандар 60 мың сом құн төлетуге шешім шығарды» [7].

Бұл жерде назар аударуға тиіс нәрселер бар. Ең алдымен, Қаралдиннен Торғайға шақырту себебін білген Әбдіғапар, неге екені белгісіз, қалаға жалғыз барғысы келмеген. Егер ол өзін көтерілістің басшылығындағы бірінші адаммын деп санаса, жалғыз баруы керек еді. Бұл үзіндіде осыған жауап ретінде «Әбдіғапар мен Амангелді», «көтерілістің басшылары» деген сөз тіркестері пайдаланылған.

Ендеше бір сұрақ туады: «Неліктен Ә.Бөкейханов Әбдіғапар мен Амангелдіні тұтқындау туралы ойын осынша таң қаларлық табандылық пен жанқиярлықпен жүзеге асырғысы келген? Неліктен Әбдіғапарды ғана емес, Әбдіғапар мен Амангелдінің екеуін бірдей?»

М.Сулейменов өзінің кітабында Әбдіғапардың хан сайланғанынан кейінгі сезімін былайша сипаттайды: «Әбдіғапар Торғай өңіріндегі он үш болыстың ханы болып сайланғаннан кейін-ақ, өзінің соңынан ерген халқы мен ұлт-азаттық көтерілісінің тағдырына ел алдында ең бірінші, ең басты жауап беретін адам өзі екенін түсінді» [7].

Бәрі де, оның ішінде Ә.Бөкейханов та, ақсақал-құқықтанушылар да мұндай істе заң тұрғысынан бірінші басшы, бірінші адам жауапты болатынын білетін. Рүстем Әбдіғапаров өз естеліктерінде бұл жағдайға төмендегіше түсіндірме береді: «Дулатовтың комиссиясының мақсаты Торғай уезіндегі бейбіт құрылымды қалпына келтіру емес, көтеріліске

шыққан халық пен Абдулғафардың өзінен көтерілісшілермен күрескен ақсақалдар мен байлардың пайдасына айрықша контрибуция жолымен 483 мың сом өндіріп алу болатын» [57]. Ол тек шындықты жазды (дегенмен, талап-арыздың сомасында қателескен). Бір таң қаларлығы, сот отырысының барысында бір де біреуі Әбдіғапардың жауапкершілігі туралы тіс ашпаған! Соңғысы тек бір жағдайда ғана мүмкін. Яғни, сол кезде қабылданған шешімдердің құқықтық заңдылығы көтерілістің басшылары Әбдіғапар мен Амангелдінің құқықтары мен өкілеттіліктерінің теңдігі жағдайында ғана мүмкін еді. Ол кезде бұл туралы бәрі білгендігін айта кету маңызды. Бұл жайлы құқықтанушы ретінде Амангелді де білген. Егер Әбдіғапар өзін көтерілістің бірінші басшысы ретінде сезінген және болған болса, ол билер сотының кезкелген сатысында, соның ішінде соңғы сатысында, онысын ашық мәлімдеп, жауапкершілікті толықтай өз мойнына алар еді. Ол соның алдында ғана губернатор Эверсманға жазған хатында әскерінің «бейбіт қырғыздарға тигізген бүкіл залалын тоналған нәрселердің бәрін қайтару арқылы» өтеуге уәде берген болатын [102]. Мұны бұрынғы губернаторға жазған хатта айту бір бөлек, билер сотында айту бір басқа. Билер сотынан кейін «бүкіл тоналған нәрселерді» расында қайтару керек болар еді.

Көтерілістің бұрынғы басшылығы Талдыкөл аймағына жиналып, туындаған жағдайды талқылап, Әбдіғапар мен Амангелді Орынбор қаласына барып, Ә.Бөкейхановпен жеке кездесуде мән-жайды анықтау қажет деп шешті. [57]. 1917 жылдың мамырының екінші жартысында Әбдіғапар мен Амангелді Орынборға келеді. Бұл кезде Орынборға комиссия басшысы ретінде М.Дулатов та келген екен. Уақытша үкіметтің Ішкі істер министріне 1917 жылдың 30 мамырындағы телеграммасында Ә.Бөкейханов ризашылықпен: «Облыста бәрі тыныш. Мен тұтқындауды

өтінген Абдулғафар мен Амангелді 18 мамырда маған Орынборға келді. Егер Торғай уезінің билігі оларды тұтқындау туралы тиісті қаулы қабылдамаса, қаулысыз ұсталатыны үміттенемін... Көтеріліс тигізген залалды жою қажет», деп хабарлайды [106]. Ә.Бөкейхановтың, әсіресе М.Дулатовтың тарапынан тұтқындау мен ату жазасын талап еткен қатты қысымның нәтижесінде Әбдіғапар мен Амангелді билер сотының шешімімен келісуге мәжбүр болған [57]. Ақырында, Ә.Бөкейханов Әбдіғапар мен Амангелдіні бостандыққа жіберіп, ол туралы бірден Торғай уезінің милициясының бастығына 1917 жылғы 7 маусымдағы хатымен хабарлайды: «Амангелді мен Абдулғафар маған ақсақалдардың шешіміне сөзсіз бағынатыны және сол шешімнің орындалуына тиісті шара қабылдайтындығы туралы қолхат берді... Сондықтан өз тарапымнан Абдулғафар мен Амангелдіні бостандықта қалдыру қажет деп санаймын» [107]. Бұл Торғай уезінің милициясының бастығына бұған дейін Әбдіғапар мен Амангелдіні тұтқындау туралы тапсырма берілгенін көрсетіп тұр.

Қыпшақтар мен «бейбіт қырғыздардың» өкілдерінің келіссөздердің нәтижесінде талап-арыздың жалпы сомасынан 100000 сом алынып тасталды. Амангелдінің билер сотының шешімінің орындалуына қарсыласқанына қарамастан, комиссия Бегімбет руынан 60000 сомды алтынмен өндіріп, кейінірек қалған 24000 сомды да өндіріп алған екен [56, 57].

Бұл сот процесі неден басталды? Дәлірек айтқанда, неден туындады? Көзіміз енді жеткендей, көтерілісшілердің арасында ауызбіршіліктің болмауынан. Бірліктің жоқтығы екі хан таңдауынан көрінді. Оспан ханның қол астындағылар үшін Әбдіғапар хан болса да, өздерінікі емес еді. Әбдіғапардың қаулылары мен жарлықтарының олар үшін еш күші жоқ болатын.

Сот эпопеясының соңына қарай Торғай уезінің көтеріліске қатысқан да, қатыспаған да болыстарының жұртшылығының бәрі кейбір шаруашылықтарға тиген шығын көтерілісшілердің алдын ала сөз байласқан және объективті қажет іс-қимылдарының нәтижесі деген келісімге келді.

## 7. АМАНГЕЛДІНІҢ ҚАЗАСЫ

Сонымен, Әбдіғапар сарбаздар армиясын таратты. Ал Амангелді ше? Ол бұл шешімнің дұрыстығына күмән келтіргендердің қатарында болды [30]. Күмәні негізді еді. «1917 жылдың наурызының соңы қуанышты өзгерістерді тағатсыздана күтумен өтті... Уезд бастығы, шаруалар бастығы мен басқа шенеуніктер – көтерілістің белсенді тыныштандырушылары – өз орындарында қалды. Бәрі бұрынғысынша қалды» [108]. Ресей бұрынғысынша Германиямен соғысын жалғастырып жатты. Сондықтан, Амангелді жанына жауынгерлік жасағын қалдырды [56, 60, 88, 109]. Қалғандарын бір шақырғаннан келуге тиіссіңдер деген шартпен үйлеріне қайтарды.

Осындай шешім қабылдауға мәжбүр болды, себебі көп әскерді ұстап тұру үшін үлкен қаражат керек еді. Амангелдінің отрядының көлемі жайлы сол кездің жекелеген оқиғаларына арналған құжаттардан шамалап байқауға болады.

Сонымен, [59]-да Уақытша үкіметтің уезд өкілдері Әбдіғапар мен Амангелдінің Торғай қаласына шақырылғаны айтылған. Олар қалаға 200 сарбазбен келеді. Назар Шокиннің естеліктерінде Амангелдінің 1917 жылы Б.Қаралдиннің шақыруымен Торғайға келген сәті суреттелген [60].

Бұл сапарында Амангелді 40 сарбазын жақын ауылдардың біріне қалдырып, қалаға өзімен бірге 11 сарбазды ер-

тіп барған. Демек, Амангелдінің бұл сапарына барлығы 52 адам қатысқан. Ақырында, [109]-құжатта Әбдіғапардан бөлінгеннен кейін Амангелдінің отрядында 200-ден сәл ғана көбірек сарбаз қалды дейді.

Уақытша үкіметтің Торғайдағы билігі 1917 жылдың наурызынан 1918 жылдың ақпанына дейін бір жылға жуық тұрды [9]. 1917 жылдың екінші жартысы және 1918 жылы Әбдіғапар мен Амангелді Торғай уезінің көтеріліс кезінде өздеріне бағынған болыстарында жергілікті басқару органдарын ұйымдастыруға белсене қатысты. Осының негізінде, Әбдіғапар мен Амангелдінің арасында кейде келіспеушілік туып отырған. 1917 жылдың сәуірінде екеуінің арасында Қызылжыңғыл болысының басқармасын сайлау мәселесі бойынша дау туады [27].

1918 жылы аталған болыстарда билік үшін тартыс жаңа екпінмен басталады. Бұл тартыс осыған дейінгі болыс басқармаларының билігінің әлсіреуімен байланысты еді. Екіншіден, халық тек күтіп қана отырмай, сонымен бірге өзгерісті қалады. Билік үшін күреске кезінде көтерілісті қолдамаған шенеуніктер мен ықпалды адамдар және көтеріліске белсене қатысқандар қосылды. Дәл осы жерде Әбдіғапар мен Амангелдінің әлеуметтік жағдайының айырмашылығы айқындалды. Мәселе Әбдіғапардың ауқатты адамдарды қолдап, Амангелдінің қалғандарын қолдағанында еді. «Қызылжыңғыл болысының билік тізгініндегілерінің өкілі Әжібек Төленов Абдулғафардың; кедейлердің өкілі Нұрғамысов Ақмырза – Амангелдінің, Қараторғай болысынан Ахмедия Өсеров – Абдулғафардың; Мұхамеджан Бүркітов – Амангелдінің көмегіне жүгінді, т.б. Осының негізінде Абдулғафар мен Амангелдінің арасында ұзақ уақыт бойғы үлкен келіспеушілік болды...» [34].

1918 жылдың ақпанында Орынборды большевиктер басып алып, Ә.Жангелдин Торғай облысының комиссары

болып тағайындалады. Ә.Жангелдин өз кезегінде бұйрығымен Б.Қаралдинді Торғай уезінің комиссарлығына тағайындады. Жаңа билік 1918 жылдың 21 наурызы мен 3 сәуірі аралығында Орынборда жұмысшылар, солдаттар, шаруалар мен қазақ депутаттарының Торғай облыстық съездін ұйымдастырып, өткізді. Съездің жұмысына Торғай уезінің делегаттары ретінде Жанбосынов Әбдіғапар, Иманов (Үдербаев) Амангелді мен Қаралдин Байқадам қатысты. Амангелді Иманов съезд ісінің шаруашылық комиссиясына сайланды [110].

Дегенмен, 1918 жылдың жазына қарай жас Кеңес үкіметі елге шетелдік интервенттердің кіруінің нәтижесінде Ресей аумағының 75 пайызын жоғалтады. Осы кезде, дәлірек айтқанда 1918 жылдың мамырында атаман Дутовтің әскері Торғайды басып алып, ондағы кеңес билігін құлатады. Бірақ, 1918 жылдың екінші жартысында Қызыл армия шығыс майданда жеңіске жете бастайды. Повольжені, Оралдің бір бөлігін басып алады. Сонымен қатар Украина мен Белоруссияда кеңес үкіметі орнайды [111].

1918 жылдың желтоқсанының екінші жартысында Ә.Жангелдиннің отряды Амангелді Имановтың сарбаздарымен бірге Торғайға кіріп, ондағы кеңес билігін қалпына келтіреді [34, 112]. Көп ұзамай уездік съезд өткізіліп, атқарушы комитет сайланып, құрамына төрағасы – Қаралдин Байқадам, мүшелері – Токин Хәкімбек, Тынымов Омар, Қазы Сатаев, Бектасов Сұлтан, Байдәулетов Хәкімжан, Балғымбаев Әбдіғали, Денисов Иван Семенович, Қалабаев Есеней, Бөлтіріков Оспан, Қарпеков Қазгелді, Жанбосынов Әбдісадық, Құдайсүгіров Ермағамбет кіреді. Атқарушы комитет Амангелді Имановты Торғай уезінің әскери комиссары лауазымына тағайындайды [9, 34, 57, 112 -114].

Осы жерде 1917 жылдың басынан Амангелді Иманов қаза болған 1919 жылдың мамырына дейінгі көтерілістің

салдары кезеңінде либералды интеллигенция жетекшілері мен олардың жақтастарының 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтерілістің басшыларымен ара қатынасының біршама жеріне тоқталып кетейік.

Айта кетейік, оларды 1917 жылдың желтоқсанынан бастап алашордашылар деп атаған. Бір айта кететіні, ҚР Орталық мұрағатының және ҚР Президентінің мұрағатының деректерінің арасында 1919 жылдың сәуіріне дейінгі кезеңді қамтитын, Әбдіғапардың, Амангелдінің және көтерілістің басқа да қатысушыларының Алаш-Орда қозғалысына теріс, тіпті қастық көзқарасы жайлы мәліметі бар құжаттар жоқ.

Оның үстіне, «Алаш-Орда» ұғымының өзі сол кездегі қазақтар үшін «Қазақтардың отаны» ұғымының баламасы еді. Қазақтарды бағзы заманнан Алаштың ұлдары деп атаған, «алаш» пен «қазақ» ұғымдары синоним ретінде қабылданған. Сондықтан, «Алаш-Орда» ұғымы әу басынан-ақ ел ішінде жағымсыз, теріс көзқарас тудыруы мүмкін емес еді.

Қызыл Армияның шығыс майдандағы алғашқы жеңістері жайлы хабар Алаш орданың Торғай бөлімінің басшыларын 1919 жылдың басында оларды кеңес үкіметінің жағына өту туралы Ә.Жангелдинмен келіссөзге баруға мәжбүр етті деген болжамның еш негізі жоқ [115]. Кеңес үкіметінің бұрынғы патшалық Ресейдің бүкіл аумағында жеңіске жететініне олар сенбеген еді. Олардың бастамасымен Ә.Жангелдинмен басталған келіссөздері тек қана билік үшін күрестің жаңа тактикалық жоспарының бастауын ғана білдірді. Бұл жоспардың идеялық негізі 1917 жылдың жазындағы Орынбордағы оқиғалармен байланысты еді. Алаш Орданың Торғай бөлімінің өкілдерінің мұндай әрекеттері Алаш Орда тұтастай кеңес билігінің жағына өтуге дайын болған кезде орын алғанын атап өтейік (1918 жылдың желтоқсаны –1919 жылдың ақпаны) [116].

Жоспардың мәнін түсіндірмей тұрып, мына нәрсені айтып өтейік. 1917 жылдың ақпанынан қазанына дейінгі аралықта бұрынғы патшалық Ресейдің халқы өздерінің азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтары үшін күреске кірісіп, қарапайым демократиялық құқықтары мен деспотизмнен құтылуды талап ете бастаған. Олардың бәрі дерлік Ресейдің федеративті құрылымын таңдап, өздерін біртұтас демократиялық Ресейдің құрамындағы мәдени немесе территориялық ұлттық автономия ретінде таныған [15].

Бұл ұлттық қозғалыстардың басында Ресей халықтарының ұлттық элитасының өкілдері болып табылатын ұлттық интеллигенцияның шағын топтары тұрды. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда өткен бірінші жалпы қырғыз съезінде қазақ интеллигенциясының көшбасшылары дербес және тәуелсіз Киргизия (Қазақстан) жайлы мәселені алғаш рет талқыға салды. Съездің мемлекеттік басқарудың нысандары туралы резолюцияларында қатысушылардың көпшілігінің қырғыз облыстарына ұлттық-территориялық автономия мәртебесі берілуге тиіс деген пікірлері көрініс тапты. Съезде тек, былай айтқанда, автономия идеясы ғана тіркелген. Оны жүзеге асыру мәселесі әлі қойылмаған еді. Және, «1917 жылдың желтоқсанына дейін қырғыз зиялыларының бұл тобы съезд шешімін жүзеге асыруға нақты қадам жасамады. Желтоқсанда өткен екінші жалпы қырғыз съезді қырғыз облыстарының автономиясы жайлы қаулыны бекітіп, болашақ Министрлер кеңесі – Алаш Орда кеңесін сайлап, қырғыз автономиясын тәжірибеде жүзеге асыруды жүктеді» [117].

Екінші жалпы қырғыз съездінің қатысушыларын автономия идеясын тәжірибеде жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға не итермеледі? Себебі белгілі – Қазан төңкерісі мен одан кейін басталған билік үшін күрес. Съездің

резолюциясында, айтап айтқанда, былай айтылған: «Делегат Ғаббасовтың автономия туралы баяндамасын талқылап, және Ресей республикасының халық сеніп тапсырған биліктен және моральдық абыройдан айрылғанын, елдегі бейберекетсіздіктің кесірінен азаматтық соғыс басталуы мүмкін екенін... орын алған жағдайдан шығудың жалғыз жолы бүкіл халық мойындайтын тұрақты билік ұйымдастыру екенін ескере отырып, съезд бір ауыздан қаулы қабылдады: Алаш облысын жалпы күйреуден және анархиядан сақтап қалу мақсатында Алаш-Орда уақытша халық кеңесі ұйымдастырылсын» [118].

Айта кетейік, ұлттық қозғалыстардың бәрі дерлік Қазан төңкерісін, белгіленген жоспарлардың орындалуына қауіп төндіріп, күйреу мен анархияға әкеп соғады деп санап, мойындамаған еді [15].

Қырғыз (қазақ) облыстарын автономияландыру жұмыстарының бірінші кезеңі алашордашылардың большевиктердің жұмысшы-шаруа үкіметімен біріккен жұмысында жасалды. Бұл кезең автономия идеясының өзін сыннан өткізу сипатында өтті. Алашордашылар өз мақсаттарына жету үшін кез-келген келіссөзге баруға даяр екенін білдірсе, большевиктер партиясы ұлыстардың өзін-өзі анықтау ұранын жариялап, олар кеңес билігін мойындағанда ғана автономиясына ресми келісімін берсе де, оларды бәрібір өз қол астынан жібергісі келмеді.

Совнаркомдегі Алаш Орданың өкілдері: «Совнарком біздің ұсынысымызға жауап дайындап жатыр... Совнаркомда қырғыз комиссариатының Алаш Орда тағайындаған адамдардан тұратын жобасы дайындалып жатыр. Алаш автономиясы жақын арада жарияланады...», деп хабарлады [117]. Бірақ, ақ гвардияшылар жеңіске жетіп, келіссөз процесі бұзылып, мәселе аяғына дейін шешілмей қалды.

1918 жылдың жазында алашордашылар автономия мәселесіне көзқарастарын күрт өзгертіп, іс-қимылдарын теориядан іс жүзіне ауыстырды. Бұл өзгерістер, әрине, Оралдың шығысындағы бүкіл аумақта Кеңес өкіметінің құлауымен байланысты. Жоғарыда айтқанымыздай, 1918 жылдың мамырында генерал Дутовтің әскері Торғайда да кеңес билігін құлатқан болатын. Алашордашылар өз қызметі барысында Орал мен Сібірдегі бірқатар антибольшевиктік үкіметтермен істес болған еді. Алашорда жетекшілері автономияны іс жүзінде жүзеге асыра отырып, бір қызығы, бұл бағыттағы нақты қадамдарын Орал мен Сібірдегі антибольшевиктік үкіметтерден мұқият жасырып отырған. «Сібір үкіметіне сырт бейнесімен бағынышын көрсетіп, Ресейді қалпына келтіргені үшін адал құрмет сезімін білдіре отырып, Алаш Орда, екінші жағынан, өзін Қырғыз егемен үкіметі ретінде көрсетіп, шынайы пиғылына күмән тудырмайтын өкімдер қабылдаған» [117]. Алаш Орда үкіметінің 1918 жылғы маусымдағы Ә.Бөкейханов қол қойған өкімдерінде жергілікті органдарға 1917-1918 жылғы алым-салықты жинап, Қазынаға Алаш Орданың атына тапсыру, әр болысқа 30 адамнан тұратын милиция жасақтау туралы тапсырма берілген. Одан бөтен, Алаш Орда үкіметі әскери-дала сотын құрған.

1918 жылдың шілдесінде Омбыда өткен үшінші жалпы қырғыз съезді, Алаш орданың жетекшілерінің ойынша, Үкіметті заңдастыруға тиіс еді. Съезде қабылданған резолюцияны тек осылай түсіндіруге болады [117]:

1) Орынбор жалпы қырғыз съезді сайлаған Алаш Орда халық кеңесі бүкіл қырғыз халқының нағыз үкіметі деп танылсын.

2) Осы құрамдағы бүкіл қырғыз үкіметі қырғыз халқының қалың бұқарасының талаптарына әбден лайық үкімет деп саналсын.

3) Алаш Орда үкіметі шығарған бұйрықтар мен өкімдердің бәріне бойұсынылып, дереу орындалсын.

Алаш орда үкіметінің жоғарыда аталған өкімдерінде милицияға қатысты нұсқаулар берілген [117]. [117]-құжатта баяндаманың авторы жасақталған милицияны тек милиция ретінде емес, Алаш Орданың әскері ретінде де түсінген. Бірақ, өкімдерге сәйкес, милицияны Алаш Орда үкіметінің жергілікті органдары жасақтауға тиіс еді. Расында, Алаш Орда үкіметінің аппараты деңгейінде Алаш Орда армиясын құру мәселесі де талқыланып жатқан. Бірақ, У.Д.Айтбақин мырза [117] бұл жайлы білмеген, қазақ облыстарының көпшілік бөлігі де бұл жайлы білмесе керек. Бірақ Торғай уезіндегі көтеріліске қатысушылардың көбі үшін бұл жәйт құпия емес еді. Мысалға, Абдулғафаров Рүстем мен Сарбасов Сабыр «алашордалықтардың мақсаты Торғай қаласын алу және ... алашордалықтардың армиясын жасақтау мен жабдықтау үшін бекеттер ұйымдастыру екенін жақсы білген» [57].

Адмирал Колчак басқарған Уақытша Бүкілресейлік үкіметке жағыну үшін армия жасақтау қажеттігі алашордалықтардың «большевиктермен күресу ниетімен түсіндірілді. Большевиктермен күресті, халықты олардан қорғауды тек қарулы күшпен ғана жүзеге асыруға болады» деп түсіндірілді [118]. Бұл жерде бәрі айдан анық түсінікті – сол кезде Ресейдің алтын қорын иеленіп отырған Колчак үкіметінен армия жасақтауға келісіміне тек большевиктерге өшпенділігі арқылы ғана қол жеткізу мүмкін еді. Қайткен күнде де, Алаш Орданың Торғай бөлімінің жетекшілері осылай ойлаған. Колчакка 1919 жылдың маусымындағы есеп беру хатында 1918 жылдың жазында Қостанай уезінде жасақталған бірінші қырғыз атты әскер полкі Орал жеке корпусінің құрамына кіргізіліп, «тиісті үлестерінің барлық түрін қазынанадан алып отыр» деп хабарлаған. Осы саясатын әрі қарай жалғастыра келе, Алаш Орданың Торғай облыстық

бөлімі екінші жалпы қырғыз съездінің шешімі мен Семейдегі орталық Алаш Орданың нұсқауының негізінде 1918 жылдың қарашасында Орск ауданының еріктілерінен 400 адамнан тұратын екінші қырғыз атты әскер полкін жасақтаған. Екінші қырғыз атты әскер полкін ұйымдастыруға Орынбор әскери округі айтарлықтай көмек көрсеткенін атап айту керек [119]. Бұл полк Алаш Орданың Торғай бөлімінің қамсыздандыруында болды. Колчак пен оның Үкіметіне баяндама өтінішпен аяқталады: «Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің министрлер кеңесінің төрағасы мырзаға аталған жәйтті баяндай келе, Алаш Орданың Торғай облыстық бөлімі төрт жүз адамнан тұратын полкті азық-түлік үлесінің барлық түріне қабылдап, жеке құрамын алты жүзге дейін жеткізуге рұқсат сұрайды.

Одан басқа, ерікті қырғыздардан төрт уездің әрқайсысында бір полктан, облыс бойынша кемінде төрт полк жасақтауға және азық-түлік үлесінің барлық түрін, киім-кешек, жабдықтау, қаруландыру, әскери, техникалық және басқа да жабдықтауды ұйымдастыруға рұқсат беруді сұрайды» [118].

Есеп беру хатының мәтіні сол кездегі Торғай облыстық Алаш Орда Әскери кеңесінің төрағасы Испулов Мырзағазы берген мәліметпен қошталып тұр [120]. Ол 1918 жылдың қыркүйегінде Алаш Орданың Торғай бөлімінің Әскери кеңесі атты әскер дивизиясын жасақтауды жоспарлап отырғаны жайында хабарлаған. Айта кетейік, Әскери кеңестің негізгі міндеттерінің бірі осы әскери отрядтарды ұйымдастыру еді [120, 121]. Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің министрлер кеңесіне хат Алаш Орданың Торғай бөлімінің атынан жазылып, ондағы өтініш атты әскер дивизиясын, сәйкесінше, Торғай облысының аумағында жасақтауға бағытталғанына айрықша назар аударған жөн.

Алаш Орданың Торғай бөлімі армия жасақтау мәселесімен 1918 жылдың қазанының соңынан бастап, яғни адмирал Колчак басқарған Уақытша Бүкілресейлік үкіметке есеп беру хаты жіберілгеннен жарты жыл бұрын айналыса бастаған [117].

Ал 1919 жылдың ақпан-наурыз айларында Алаш Орданың Торғай бөлімінің жетекшілері екінші қырғыз атты әскер полкін ертіп, өдерінің алдын ала дайындаған тактикалық жоспарының негізгі бөлігін тәмамдауға Торғай даласына келген.

Бұл жоспар Амангелді Имановпен байланысты еді. Яғни, оларға Амангелді керек болатын. Олардың жоспарына сәйкес, егер Амангелдіні өздерінің жағына өтуге көндірсе, өз армиясын құру мәселесінің шешілгені еді. Бұған Амангелдінің сарбаздар арасындағы ғана емес, халықтың басым бөлігі арасындағы беделі мен әскери таланты ықпал еткен болар еді. Торғай қаласы Алаш Орда армиясын жасақтау орталығына айналар еді [57]. Ал Амангелді бас тартса, жоғарыда аталған артықшылықтары үшін Амангелдінің көзін құртуды жоспарлаған, оларға ондай қауіпті қарсыластың керегі жоқ еді. М.Қозыбаев та «...батырды алашордалықтардың өлтіруі алдын ала жоспарланған іс еді» деп санайды [122].

Біз талқылап отырған жоспардың бар екендігін Алашордашылардың Ә.Жангелдинмен кездесуінің олардың бастамасымен өткендігі ғана емес, одан кейінгі оқиғалардың барысы да дәлелдейді. М.Дулатов екінші қырғыз атты әскер полкімен бірге кеңес билігімен белсенді күрес үстінде болып, Ырғыз маңайында Ә.Жангелдиннің отрядымен қақтығысқа түскен. Дәл сол сәтте М.Дулатов Ә.Бөкейхановтан алашордалықтардың кеңес билігі жағына өтуге келіссөз жүргізуге Ә.Жангелдиннің келісім бергені жайлы хабарлама алады [123]. М.Дулатов дереу ұрысты тоқтатып, отрядын Торғайға алып кетіп, сол жерде кеңес билігінің жағына

өтетіні жайында мәлімдеме жасайды. М.Дулатовтің Орскіге кеткен сәтінен Торғай ауданына екінші ұлттық атты әскер полкімен қайта оралғанша Ә.Бөкейхановпен тікелей сөйлесуге мүмкіндігі болмағанын айтып өтейік [123]. Бұл, біздің ойымызша, олардың арасында алдын ала келісімнің болғанын анық көрсетіп тұр.

П.М.Пахмурный да Алаш Орданың Торғай бөлімінің алдын ала жоспары болғанын болжаған [115]. Бірақ ол жоспардың негізін Қызыл Армияның жеңістеріне байланысты амалсыздан мәжбүрлеген алашордалықтардың «Кеңес өкіметіне қарсы ашық қарулы күрестен жасырын диверсиялық әрекеттерге» таза тактикалық көшуі жатыр деп есептеді. Тағы қайталап өтейік, Алаш Орданың Торғай бөлімінің басшылығының әрекетіне жасалған талдау олар большевиктердің түбегейлі жеңіске жететініне сенбегенін көрсетіп тұр.

Бұл жоспарда бір ерекшелік бар. Ә.Байтұрсынов жоспарды талдауға қатыса отырып, әрине, Амангелдіні өлтіруге қарсылақ танытқан болуы мүмкін. Ол, біздіңше, мұндай шешімнің қауіпті салдарын сезген болса керек. Сондықтан, әріптестерін көндіре алмағасын, өзін еріксіз ретінде көрсетуге тырысып, Жангелдинмен кездесуге барған. Осылайша, оның Жангелдинмен бірге Мәскеуге сапары бір жағынан Алаш Орданың Торғай бөлімінің жоспарының орындалуына септігін тигізсе, екінші жағынан, Амангелдіні өлтіру ісінде сенімді алиби болған.

Алаш Орданың Торғай бөлімінің жетекшілерінің Ә.Жангелдинмен келіссөздері 1919 жылдың алғашқы айларында басталды. Келіссөз барысында олар кеңес үкіметін мойындауға және оның дұшпандарымен бірігіп күресуге дайын екендерін мәлімдеді [9, 34, 57, 113, 114, 123]. Әзірге Ә.Жангелдин Торғайда жүргенде келіссөздер делегаттар арқылы жүргізіліп, ал ол Ташкенттегі өлкелік

съездге қатысуға кеткенде онымен Торғай уезінің атқару комитетінің төрағасы Б.Қаралдин телеграф арқылы байланысқа шығып отырған. Ә.Жангелдин Алаш Орданың басшыларымен жүзбе-жүз сөйлесу үшін олардың бәрімен кездесуді талап еткенін атап өтуіміз керек [114]. «Аманкелді жүзбе-жүз сойлесуге басшыларыңды жібер деген хабарына жалғыз Ахмет Байтұрсынов келді. Қалғандары баруға қорқамыз деп келмей қалған. Мына келген Байтұрсыновты қайтеміз деп ақылдасуға Шалқарда жатқан Жангильдинге телеграмма соғып, прямой проводпен сөйлескенде: «Лениннен шақырту келді, сонда барамыз. Байқаш (Байқадам Қаралдин – А.Б.) өзің Ахметті ал да кел. Қолымызда Ахмет болса, басқалары тұншығып тыныш отырады» дейді» [9].

Ә.Жангелдин мен Б.Қаралдин алашордалықтардың ниетін асыра бағалап, сеніп қалады. Ә.Жангелдиннің сенгені сонша, алашордашыларды да өзінің шынайы ниетіне сендіру үшін кетпей тұрып ұйымдастырушылық өзгерістер енгізе бастады. «Жангильдин өз отрядының ішіндегі екі түрік командирін әскери ойын жүргізіп үйретеді деп тастап кетті. Бірі Жәлел деген, екіншісінің аты Идаят болатын. Байқаш ... Үйездік исполкомға председатель, Тоқтабайдың Кәрімін орынбасары етіп бекітті. Амангелдіге жәрдемші Веденеев дегенді қалдырды...» [9, 57]. Түсініктірек болу үшін айта кетейік, Ә.Жангелдин өз шешімімен Алаш Орданың Торғайдағы көрнекті қайраткерлерінің бірі Тоқтабаев Кәрімді атқару комитетінің төрағасының орынбасары лауазымына тағайындап, онысы кейінгі оқиғаларда көп рөл атқарады.

Келіссөздердің басталуына байланысты Мұзараб Қасымов бастаған алашордалықтар отряды Торғай қаласына бет алады [34]. Алашордалықтардың отрядының саны дереккөздерде шамамен 200-ден 460 адамға дейін жетеді

делінген [34, 114, 119, 120]. Наурыз айында Амангелді алашордалықтар отрядының қозғалысы жайлы хабар алып, оған қарсы өз отрядын жіберіп, онысы Майқарау Қопа көліне «70 шақырым жердегі Иманқұлов ауылына тоқтайды. Отряд алашордалықтардың жолын бөгейді» [34]. Алашордалықтар өздерін қалаға кіргізуді ғана емес, сонымен қатар «Алаш Орда өкілдерінің Мәскеуде Сталин жолдаспен (Наркомнац) келіссөзіне дейін» өздерін қарусыздандырылмауын және таратпауын, т.б. өтінген» [124]. Алашордалықтардың бұл сөзі Ә.Жангелдинге негізді болып көрінсе, Әбдіғапар мен Амангелді бұған түбегейлі қарсы болды [57]. Дегенмен, Ә.Жангелдин Ташкентке кетіп бара жатып, қалаға қарулы алашордалықтарды кіргізу туралы өтінішке түбегейлі жауап ретінде: алашордалықтардың отряды Амангелдінің қарамағына өтсе, «Кіргізілсін», дейді [34, 57, 114]. Аламановты жауап алу протоколында сол оқиғалар жайлы естеліктері сипатталған: «Біз – ырғыздықтар мен А.Иманов (әскери комиссар) бастаған Торғай Ревкомы – Кеңестер билігінің аумағына кеңестер билігінің қарсыластарының қарулы күштерінің кіруіне рұқсат беруге қарсы болдық. Бірақ, Жангелдин жолдас бұл мәселеде жеке дара шешім қабылдап, Алаш орданың (400 адам) отрядын бүкіл үкіметімен бірге Торғай қаласына кіргізді» [124].

Алашордалықтар Торғайға 1919 жылдың 31 наурызында кірді. «Міржақып Дулатов бәрі атқару комитетіне, ал әскері – Амангелді Имановқа бағынатынын халық алдында хабарлады» [34]. Шындығында алашордалықтардың өз еркі өздерінде еді, отрядтары да біріге қоймады. Тіпті, олар азық-түлік мәселесінің өзін атқару комитетінің көмегімен емес, ақсақалдар арқылы өз беттерінше шешті. Уақыт өте келе екі түрік Жәлел мен Идаятты өз жақтарына шығарып алды. Сәуірде қарулы отрядты

Шалқарға жіберу туралы Ә.Жангелдиннің өкімі келді. Төңкерістің алдында ғана Шалқардан Торғайға Қанапия Қойдосов келіп, қарулы отрядты Торғайдан Шалқарға қайтару туралы өкімді әкелді [5, 34, 57, 60]. Амангелді бұл бұйрық туралы алашордалықтарға хабарлады. Бұл хабарлама алашордалықтардың әрекетін жеделдетті. 1919 жылдың 20 сәуірінде алашордалықтар Торғай қаласында төңкеріс жасап, А.Имановты тұтқындады.

Алашордалықтар Амангелді Имановты күшпен ала алмай, ол үйінде күндізгі 12-ден кеш түскенше атысты [125]. Сосын араға ақсақалдар Зейнулла Құлжанов, Тоймағамбет Көтібаров, Тоқтабаев Досжан (Кәрімнің әкесі), Сүйін Атабаев, Жақып Дәуренбеков, Нұрпейіс Аяпов кірісті [34]. Олар Амангелдіні алдап тұтқынға түсірді. Амангелдіні тұтқындау барысындағы баяндалған жәйттерге қарамастан, тұтқындау Амангелдінің отрядынан ғана емес, Торғай халқынан да жасырын жүргізілді. Түріктер Жәлел мен Идаят Амангелдіні тұтқындардың алдында оның отрядына каруларын жаңаға ауыстыру үшін тапсыруды бұйырған екен [9].

Осындай оңай әдіс арқылы олар Амангелдінің отрядының сарбаздарын қарусыздандырыпты. Сарбаздардың көбі, кейінірек Амангелдінің тұтқындалғанын естіп, қаладан кетіп қалған. Амангелді Имановтың тұтқындалған күні түрме абақтысында сызылған кертіктердің саны мен оны өлтірген күн бойынша дәл анықталады. Кертіктердің саны 29, яғни Амангелді өлтірілгенге дейін абақтыда 29 күн мен түн отырған [126]. Амангелді Иманов 1919 жылдың 18 мамырында өлтірілген [81].

Амангелді өлтірілерден бірнеше күн бұрын алашордалықтар арасында дүрлігу басталды. Олар А.Жиляев бастаған қызыл әскер отряды Қостанайдан Торғайға бет алды деген хабар алған еді. А.Жиляев ұзын

саны 700-ден 1000 адамға дейін әжептәуір үлкен отрядты басқаратын [118, 119, 127]. А.Жиляев алашордалықтардың төңкерісінен хабардар еді, сондықтан алашордашылардың өзін алдауына жол бермеді. Нәтижесіз аяқталған келіссөздерден кейін, А.Жиляев қаланы бәрібір шауып алды [124]. 17 мамырда басталған ұрыс 18 мамырда түн ауа аяқталды [127]. А.Жиляев қаладан А.Иманов пен Л.Таранды іздеп, таппапты. Нұсқалардың біріне сәйкес, 18 мамырға ауған түнде «алашордалықтар Амангелді Имановты, Таранды және Таранның 7 жолдасын атып тастаған» [11, 34, 57]. Одан бөтен, алашордалықтар кетер алдында Торғай уезінің атқару комитетінің басым бөлігін (15 адамды) атып тастапты [124, 128]. «Жиляев келетін түні алаштар сот құрып Аманкелдіні (Жиляев босатып жібереді, ол сосын бүлдіреді, сондықтан) өлтіру керек деп үкім шығарып, өлтіргенін жасырып қойыпты») [9].

Байқадам Қаралдиннің жиені Бимағамбет Құлтановтың А.Жиляевтің отряды келер алдында Торғайда орын алған оқиғалар туралы естеліктері аса қызықты [9]. Көтеріліс кезінде Бимағамбет Құлтанов байланысшы болып, Амангелді тұтқындалғанға дейін Амангелдінің отрядында болған. Бірде Бимағамбет ағасы Қауметпен бірге үйінің қасында отырады. Әбдіғапар бір жолдасымен бірге келіп, қарсы үйге тоқтап, бұлардың қастарына келіп отырады. «Бесін кезі еді, майталман күрең жорғаға мінген Мыржақып атының басын бізге қарай бұрмастан, көше ортасында тұрып: «Хан, ә хан, бері келші!» деді. Әбдіғапар қозғалмады. «Мен шақырып тұрмын ғой!» деді тепсініп» [9]. Әбдіғапар ақырын көтеріліп Міржақыпқа жақын барды. Біраз уақыт бірдеңе туралы сыбырласып тұрды. Міржақыпқа әңгіме барысы ұнамаған болса керек, даусы көтеріліп кетті: «Өзің қандай адамсың, олайға да көнбейсің, былайға да көнбейсің!».

«Олай болса, іс бітті. Адамдарыңмен қаладан кет! Кетпесең сөз басқа, қазір кет! – деп бұйыра сөйлеп жүріп кетті».

«Тебініп Міржақып ашулы жүріп кеткен кезде: «Не деп жүр?» – деп сұрадық.

– Не деуші еді? Батырды кепілге бер десем, бермеген. Ендігі сөзінің маған керегі не? Сарбаздарыңды көндіріп, бізге ер, сонда ғана қаруын, атын бергізем дейді. Сол да сөз болып па? Көріп отырсыңдар ғой, айтқанды істемесең күн батқанша қаладан кет деп жатқанын».

Бір жамандықты сезген Бимағамбет пен ағасы Қаумет те қаладан кетуді ұйғарады. Қала сыртында олар бір топ қазақты көрген. Бұлар Кәрібоз Қабақов, Есбергенов Қамбар, Байша, Тарғын екен. Олар Әбдіғапарды қоршап сөйлесіп тұрды. «Бұлардың керілі: Кепілге алмай, батырды неге тастап кеттің! – екен. Сатып кеттің деушілер де болды».

Бұларға жауап ретінде Әбдіғапар: «Тілде сүйек жоқ. Мені қалада қамап жібермей отырды, сендер не бітірдіңдер? Неге қол жинап, қалаға шаппайсыңдар? Менде күш те, қол да жоқ. Мен ресми жұмыстағы адам да емеспін» деп жауап берді.

Бұл әңгіменің соңы өте маңызды. Сөз соңында Әбдіғапар: «Олардың да қойған тілегі орындауға келетін тілек емес. Адамның миына қонбайтын сөз – «Аманкелдіні бағындырып, бізге қос, сонда кепілге береміз, бізбен боласыңдар» дейді. Ол шартты Аманкелді өлсе қабылдар ма? Барып сендер сұрап көріңдер! – деді де, тебініп жүріп кетті».

Бұл көріністе есте сақтау және талқылау қажет бірқатар сәттер тіпті айқын көрініп тұр. Жоғарыда айтылғандай, Әбдіғапар мен сарбаздары, мыңбасылармен қоса, Амангелдіні батыр деп атаған. Бұл Амангелдінің ел

алдындағы ұлы еңбегін мойындамағаны емей немене?!

Міржақып пен Әбдіғапардың арасындағы әңгімеден бұл тақырыптағы алғашқы әңгіме емес екені көрініп тұр. Сонымен қатар, Міржақыптың табандылығы мен әңгіме барысындағы ашушаңдығы Алаш Орданың Торғай бөлімінің жетекшілерінің Амангелдіні өз қатарына тарту мақсатын аса маңызды деп санағанын тіпті айрықша көрсетіп тұр.

Әбдіғапардың бір нәрсені екі рет өте маңызды бір айырмашылықпен айтуы да қызық. Біріншісінде Бимағамбет пен ағасы Қауметке, екінші рет сарбаздарға. Әбдіғапар Бимағамбет пен ағасына Міржақып Амангелдіні босату туралы өтінішке жауап ретінде Әбдіғапардың сарбаздарымен бірге солардың қатарына қосылуын талап еткенін айтқан. Ал сарбаздарға Міржақыптың талабын біраз басқаша: «Амангелдіні сарбаздарымен бізге қосылуға көндіріңдер» деп жеткізген.

Әбдіғапар сарбаздарға басқаша айта алмайтын еді, себебі олар бәрін біліп отырған. Бұл жерден алашордалықтарға кімнің көбірек керек болғаны түсінікті болды. Нағыз керек адам түрмеде отырған, ал қажет емесі, әрине, бәлкім, қаладан шықпау жайлы қолхат негізінде, бостандықта болған.

Әбдіғапар алашордалықтар оған қаладан шығуға тыйым салды деді. Бірақ, негізінде, ол қалаған уақытында қаладан шыға алатын еді. Әбдіғапардың соңғы сөздерінен Амангелдінің рухының беріктігі, өмірлік ұстанымына, арман-мұратына адалдығы сияқты мінезіне сенімді түрде қорытынды жасауға болады.

Сипатталған эпизодқа Алаш-Орданың Торғай бөлімшесінің жетекшілерінің бірі Міржақып Дулатов қатысады. Бұл жерде Міржақып тек қатал ғана емес, қатігез, басқалардың тағдырымен ойнағаны өзіне ұнайтын

адам ретінде көрініс тапқан. Оның тек «Хан, әй, Хан, бері келші!» деген сөзінің өзі неге тұрады! Оның үстіне өзі – салт атты, ал Әбдіғапар – жаяу.

Және, соңында, Амангелді тұтқында 29 күн болған. Әбдіғапар бұл уақыт ішінде Амангелдіні қамаудан шығарып алудың жолын таппаған. Жақтастарының жуырда ғана көтерілістің көсемдерінің, даланың ең ықпалды тұлғаларының бірі болған Әбдіғапарға өкпелеуіне орынды себептері бар еді. Амангелдіні қамаудан босату үшін уақыт жеткілікті еді, қамалғаннан қазасына дейін бір айға жуық болды.





*Амангельдиев Рамазан*
*(1911 – 1941)*



***Иманов Шәріп***
*(1914 – 2000)*

# 8. ПІКІРТАЛАС

Алдыңғы тараудағы материалды талқылаудан бастайық. Қырғыз (қазақ) облыстарын автономияландыру мәселесі, жоғарыда айтылғандай, 1917 жылдың 21-26 маусымында Орынборда өткен бірінші жалпы қырғыз съездінде айтылған еді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен екінші жалпы қырғыз съездінде «Алаш Орда» уақытша қырғыз халық кеңесі құрылды.

Автономияландыру жобасымен жұмыстың бірінші кезеңінде алашордалықтар большевиктер үкіметімен істес болды. Большевиктер Ресейдің ұлттық шеткері аймақтар мәселесін шешуге өте-мөте тез кірісіп, 1918 жылғы қаңтардың соңғы декадасында Кеңестердің Үшінші Бүкілресейлік съездін өткізді. Съезде Ресей кеңес республикасына федеративтік құрылым қажет деп шешіліп, «Ресей халықтарының құқықтары Декларациясында» ұлттардың өзін-өзі анықтау құқығы бекітілді. Оның үстіне, өкілеттіктерді бөлу мен орталық және жергілікті басқару органдарының өзара әрекетінің ең маңызды мәселелеріне қатысты алдын ала пайымдаулар айтылды. Осыған байланысты «Ресей республикасының федеральды мекемелері туралы» қаулы қабылданды. Атқарылған жұмыстың тиісті нәтижесі 1918 жылғы 10 шілдесінде Кеңестердің V Бүкілресейлік съезінде елдің ұлттық-территориялық негізі бойынша федеративтік құрылымын бекіткен Ресей кеңес республикасының Конституциясының қабылдануы еді [15]. Дегенмен, жұмыс ақ гвардияшылар мен шетелдік интервенттер армиясының жеңісінің кесірінен үзіліп, аяғына шейін жеткізілмеді.

Екінші кезеңде алашордалықтар Урал мен Сібірдің антибольшевиктік үкіметімен істес болды. Мәселе Алаш Орда жетекшілерінің іс жүзінде автономия құруды жүзеге асыра отырып, оны заңдастыру қажет екенін жақсы түсінгенінде еді. Сондықтан да олар Сібір үкіметіне баруы нәтижесіз болғаннан кейін Құрылтай жиналыс мүшелерінің Самара комитетімен (Құрылтайшылар комитеті) қарқынды келіссөздерге кірісті.

Құрылтайшылар комитеті Алаш Орда автономиясын заңдастыру үшін Құрылтай жиналыс шақыруға уәде берді. Бірақ, дәл сол кезде Құрылтайшылар комитеті Ресейдің бұрынғы мемлекеттік біртұтастығын қайта қалпына келтіруге күш салып, «Ресейдің мемлекеттік билігінен ажырап, өз бетінше тәуелсіздігін жариялаған еш үкіметтің егемен құқытарын мойындағысы келмеді» [116].

Осылайша, Урал мен Сібірдегі бүкілресейлік деңгейдегі антибольшевиктік үкіметтердің бір де біреуі Алаш Орданың талпынысын қолдамады. Басқаша болуы да мүмкін емес еді, себебі алдымен Құрылтай жиналысы Ресейдің федеративтік құрылымын бекітіп, заңдастыруға тиіс болатын. Ал мұндай жағдай әзірге Ресейді біртұтас және бөлінбейтін мемлекет ретінде көріп отырған үстем буржуазияның, интеллигенцияның басым бөлігі мен басқарушы (патшалық Ресейден шыққан) элитаның ойына кіріп те шықпайтын.

Мәселен, 1918 жылдың 18 қарашасында Ресейдің Жоғарғы басқарушысы атанған және «біртұтас, бөлінбейтін» Ресей қағидасын ұстанған Колчак, алашордалықтардың бұл талпынысына тыйым салды. Мырзағазы Есполов Колчак «жоғары басқарушының тағына отырысымен қазақтың Алаш Орда үкіметін таратылған деп жариялады» дейді

[120]. Мырзағазы Есполовтың мәліметіне сәйкес бұл 1918 жылдың аяғына қарай болған жағдай. Сонымен қатар, Қаражановтың 1919 жылғы 8 шілдедегі мәліметіне сәйкес «Колчак қырғыздарға толық билікті бергісі келмейді, ал қырғыздар жұмылдыруға келіспейді» [128].

Бұл жерден Колчак салған тыйым Торғай даласына 1919 жылдың көктем-жазында белгілі болғаны көрініп тұр. Айта кетейік, Колчактің армиясы ең үлкен жеңістеріне 1919 жылдың наурыз-сәуір айларында Уралды алып, Еділге шыққан кезінде жеткен еді.

Бұл мәліметтерге Ресей интеллигенциясының Ресейдің Уақытша үкіметі кезіндегі ұлтық шеткері аймақтардың мәселесіне көзқарасы жайлы қосайық [129]. Дума депутаттарының біразы Қазақстан мен Орта Азия халықтарын қорғап, көтерілісшілерді қатал жазалауға қарсылық білдірді, бірақ «сөз алғандардың бір де біреуі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының Ресейден бөліну және ұлттық тәуелсіз мемлекет құру құқығы туралы мәселені көтермеді. Дума мүшелері үшін бұл аймақтар Ресейдің отары болып қала беруге тиіс еді». Бұл мәлімет ұлттық автономия мәселесінің сол кездегі алдыңғы қатарлы ресей интеллигенциясы үшін өзекті емес екенін көрсететіндігімен маңызды.

Большевиктер унитарлы мемлекет құруды жоспарлады, билік үшін күрес барысында «большевиктік басшылықтың шығыс шеткері аймақта ұлттық қайта құру мәселесін іс жүзінде шешудің жолын білмейтіні белгілі болды» [18, 116]. Большевиктер тез арада барынша прагматизм көрсетіп, бағыт алды. «Ұлттар ісі халық комиссарының Ресейдің шығыс шеткері аймақтарына телеграммасында... бұқараны төңкеріс процесіне тартудың арнайы тәсілі ретінде оларға

«билікті буржуазияның зұлымдығынан» тазартып, кеңестік билікке айналдырып, автономды-бружуазиялық топтардан «алынуға тиіс» автономияны беруді пайдалануға тікелей шақырған» [18].

Осылайша, қазақ ұлттық территориялық автономиясына іс жүзінде қол жеткізудің қиындықтары болды және олар аз емес еді. «Усть-Каменогорская жизнь» газетінде 1918 жылдың 12 қарашасында жарияланған «Екі автономия» мақаласында [130], Алаш Орда кеңесінің мемлекеттік мекеме ретінде құқықтық өкілеттілігіне күмән келтірілді. Шынында да, үшінші жалпы қырғыз съездінің резолюциясының бірінші тармағында: «Орынбор жалпы қырғыз съездінде сайланған Алаш Орда халық кеңесі бүкіл қырғыз халқының нағыз үкіметі деп танылсын» делінген болатын [117].

Бұл үкіметті сайлаудың заңдылығы неге негізделген еді? Оның үстіне бүкіл қырғыз (қазақ) халқының үкіметі ретінде? Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллин қазақ даласындағы 1916-1919 жылғы оқиғалардың куәсі бола тұра, 1926 жылы Қызыл-Ордада жарық көрген «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында: «Алаш орда өз қызметінде халыққа емес, бұрынғы болыс басқармаларына, құрметті молдалар мен хазіреттерге сүйенді. Соларды ылғи жиналыстары мен мәжілістеріне шақырып, баталары мен кеңестерін алып, іске басшылық ретінде қабылдап отыратын» [131].

Мақалада [130] Алашорданың ұмтылысы федералдық автономия ұғымынан асып, өз қазынасымен бірге Алашорданың Торғай бөлімшесінің басшылары өз полициясы мен әскери – далалық сотын құрды деп қорытындыланады. Құрылған автономия мен Ресейдің

орталық үкіметінің өзара әрекеттесу мәселелері Алаш-Орда басшылары үшін мүлдем түсініксіз болып қала берді. Бұл Алаш-Орда үкіметінің бір жағынан жергілікті билік ретінде өз өкілеттіктерін асыратын, екінші жағынан үкіметтің өзінің заңсыздығынан жалпы заңсыз болған бірқатар әрекеттері де осымен түсіндіріледі.

1918 жылдың тамызында Құрылтай комитетінің комиссиясы Қиыр Шығыс өкілдері мен Алаш Орданың қазақ жетекшілерінің автономия туралы баяндамаларын талқылау отырысында «әскери іс, сот, қаржы, сыртқы саясат» орталық билік органының қарауына тиесілі болуға тиіс деген басым дауысқа ие қорытындыға келді [15].

Сот өз халқының басқаша ойлауымен, оның ішінде «қырғыз интеллигенциясының алдыңғы қатарлы бөлігіндегі қырғыз автономиясының» қарсыластарымен күрес үшін құрылды. Қазақ интеллигенциясының өкілдерінің бірі У.А.Айтбақиннің министр Шатиловқа жіберген баяндамасында бұл сот өз міндетін сол кезде-ақ орындағанын дәлелдейтін телеграмма мәтіні келтірілген: «Сізге Алаш Орданың Семейдегі тергеу комиссиясына Айыртау болысының қырғыздары Жанаузы Аманаевты, Бейғазы Қырықбаевты, Құсайын Мұсапаровты дереу әкелуді ұсынамын. Алаш Орданың төрағасы Ә.Бөкейханов» [117].

Баяндама авторының [117] өзінің қолында автономияға қарсылас ретінде Алаш-Орда сотына шақырған жеделхаты болған. Алашордалықтардың әскери-далалық түріндегі құрылған соты олардың қарсыластарымен ғана емес, сонымен қатар, оларға көмек көрсетуден бас тартқандармен күрес тәжірибесі болғанын көрсетіп таңқалдырып отыр.

«Екі автономия» мақаласында [130] милицияның мақсаты жайлы дұрыс қортынды жасалған дейік. «Сонымен қатар Қырғыз автономиясы басшыларының милиция туы астында әскер құру туралы шешімге уәжі де өте қызықты. Өкінішке орай, ол бізге белгісіз. Бірақ бұл біраз күмән тудырады. Біз құрылып жатқан милицияны тұрақты әскерлермен, тіпті орыс армиясының қирандыларымен біртұтас ұрыс жүргізуге қабілетті әскери күш деген мағынада елеулі қауіп ретінде қарауға бейім емеспіз. Жоқ, бірнеше мәрте жоқ. Олай қарау тіпті мүмкін емес. Бірақ бұл халықтың ішкі өміріне қандай да бір қауіп төндіруі мүмкін».

Дәл осы [130] мақалада халық үшін автономия жобасының құны аталған. Патша билігі кезінде әр үйден жылына 10-15 сомға дейін мемлекеттік және қоғамдық салық төлеп отырған. Автономияны енгізудің алғашқы қадамдарында әр түтінге санағандағы шығын құны жылына 1000 рубльге дейін болуы мүмкін болатын, демек әр түтінге жылдық шығын кемінде 60-100 есеге өсуге тиіс еді. [130]-мақалада, әрі қарай, сол кездерде тіпті жоқ еді деуге болатын білімді мамандардың жетіспеуі мәселесі қарастырылған. Сол кездегі интеллигенция ауылдан шыққан бірінші толқын еді. Дәлірек айтқанда, олардың көбі әлі де ауыл тұрғындары болып қала берді, себебі ол кезде қалалар аз еді. Сондықтан интеллигенцияның арасында әртүрлі саладағы ғылыми қызметкерлер, инженерлер, қаржыгерлер, т.б. сияқты қала кәсіптерінің мамандары болмады. Қазақстанда өнеркәсіп іс жүзінде жоқ еді. Кадеттердің «Свободная речь» газетінде сол кездегі Қазақстан үшін автономия саясаты «бейуақытта басталғандықтан сәтсіз» болды деген пікірімен белгілі бір дәрежеде келісуге болады. [116].

«Екі автономия» мақаласының [130] соңында «қырғыз қоғамының жекелеген тұлғаларының бастамасымен пайда болған автономия идеясын бүкіл қырғыз халқының өзі бірауыздан қабылдап отыр деуге болмайды: қайткен күнде де, «автономияны қолдайды» деп сенімді түрде мәлімдеуге болмайды» деген жалпы қорытынды жасалған.

Қорытындылай келе ресейдің заңгер ғалымы, саяси қайраткері, 1919 жылы А.В.Колчак үкіметінің мүшесі болған Г.К.Гинстің пікірін келтірейік. Бұл мәселе жайында ол былай пайымдайды: «нақты заңи нормалармен бекітілмеген Алаш автономиясы қырғыз халқының кедей бұқарасы үшін қаншалықты қауіп төндіргенін жеткілікті түсіну үшін қырғыздарды, олардың рулық тұрмысын, олардың арасындағы сұлтандар мен ақсақалдардың маңызын білу керек.

Бақытымызға орай, Алаштың жергілікті органдары көпшілігінде таза аңыз болып, ұйым буланып кеткендей жоғалып кетті. Әрине, жеткілікті материалдық, қаржы ресурстары, қалыптасқан аппараты болмағандықтан Алаш-Орда толық тәуелсіздігін талап ете алмады. Бұл кемшіліктерін ұйымның жетекшілері жақсы түсінді...» [116].

Алаш-Орда басшылығының әрекеттерінің қисынсыздығы таң қалдырады. Қырғыз облыстарының автономиялануына қол жеткізгісі келе отырып және осы бағытта іс жүзіндегі шараларды жүзеге асыра отырып, бұл шараларын Сібірдің ақ гвардияшы үкіметтерінен жасырып отырыпты. Сонымен бірге Алаш-Орда үкіметі алым-салық жинай отырып, жергілікті басқару органдарын жиналған салықты қазынаға Алаш-Орданың атына тапсыруға мін-

деттепті. Демек, Алаш Орда үкіметі Ресей үкіметінің инфрақұрылымын жасырын пайдалануға тырысқан болып тұр. Мысалы, Колчак үкіметі Алаш-Орда үкіметінің өз қажеттіліктері үшін алым-салық жинап отырғанын біліп қойған жағдайда, дереу қаржы ағымын тоқтата қояр еді. Өз армиясын құруда да дәл осындай тәсілді ұстанған. Колчак үкіметінің қаржысына Алаш Орда әскерін құру әрекеті жасалды. Сонымен бірге, Алаш-Орданың Торғай басшылығының айтуынша, оларға өз халқын қорғау үшін әскер қажет болды. Бірақ, жақын маңда орыс әскерінен басқа қарсылас жоқ еді.

Алаш Орданың Торғай облыстық бөлімі 1918 жылдың қарашасында құрамында 400 адам бар екінші қырғыз атты әскер полкін жасақтады. Алашордалықтарға бұл істе Орынбор әскери округі айтарлықтай көмек көрсетті. Генерал Дутовтің әскери штабы жаңа жасақталған полкке командалық құрам бөліп, генерал Дашкинді, полковниктер Быков пен Корнеевті, тағы басқаларды берді [119]. 1918 жылдың соңында полк Орынбордан шығып, Торғай даласына бет алды. Торғайға барар жолда Әскери үкіметтің Орынборға қайту туралы бұйрығын алады. Бірақ Алаш Орданың Торғай бөлімінің жетекшілері жігіттердің бір тобын Орынборға қайтпауға көндіріп, ақырында 250-дей жігіт қайтпай қалады. Қалғандары генерал Дашкинмен, полковник Быковпен бірге Орынборға қайтады. Қоштасу бейбіт болған жоқ, командалық құрамның бір бөлігі тұтқындалды, кетіп бара жатқандарды ізінен қудалау болды. Командалық құрамның кеткен бөлігі, сөзсіз, орын алған жанжал туралы генерал Дутовтың Әскери штабына хабарлады.

Арада біраз уақыт өткесін Алаш Орданың Торғай облыстық бөлімі Торғай облысының аумағында тұтас бір дивизия жасақтауға кірісті. Колчак үкіметіне «... ұйымдастыруға қаржы, азық-түлік үлесінің барлық түрін, киім-кешек, жабдықтау, қаруландыру, әскери, техникалық және басқа жабдықтар жіберуін» өтініп жүгінді [117]. Екінші қырғыз полкіне қатысты оқиғаны Колчак үкіметі бұрыннан білген деп болжауға болады. Оның үстіне бұл жағдай жайында ресми ақпарат генерал Дутовтің Әскери штабынан алынғаны және Колчак үкіметінде тиісті қорытынды жасалғаны сөзсіз.

Кейінірек бірінші полкті алашордалықтардың қарамағынан алып, Орал жеке корпусінің қарамағына берілгені мәлім болған [118, 120].

Капитан Могилев Торғайды алғаннан кейін екінші атты әскер полкінің бір бөлігін Шалқар-Ырғыз-Торғай-Қостанай трактіне байланысшы ретінде жіберіп, қалған бөлігін Түркістан майданындағы казактар әскеріне қосты [119]. Іс, Мырзағазы Испулов айтқандай, «бізді қылмыстық топ деп жариялап, бізді тұтқындау туралы өкім шығарылып қойыпты» дегенге жеткен [120].

Алаш Орданың Торғай бөлімінің Әскери кеңесінің саясатының мына бір қызық ерекшелігі анықталған. Алаш Орданың Торғай бөлімі армияны тек Торғай облысында ғана жасақтаған (жоғарыдан қара). Сонымен бірге Әскери кеңес Колчак үкіметімен «Кеңестер билігімен бірігіп күресу үшін қаражат, қару-жарақ, киім-кешек, командалық құрам алу» туралы келіссөздер жүргізді. [121].

«Торғай Әскери кеңесінің өкілі болып Омбы қаласына Колчакқа Кенжин Асфендияр барды». Кенжин Асфендияр Колчак үкіметімен оңаша, яғни Алаш Орданың Семейдегі

орталық үкіметінен тәуелсіз келіссөз жүргізгені анық болып тұр.

Әйтпесе, Міржақып Дулатовтың мына сөзін басқаша қалай түсінуге болады: «Алаш орданың орталық үкіметінің өкілдерінің Омбы қаласына келгендіктен Кенжин қандай да бір келісімге қол жеткізе алмады. Орталық үкіметтің Омбыға келген өкілі, қателеспесем, Бөкейханов Әлихан болатын» [121].

Көтеріліс басталғаннан бергі үш жыл ішінде Торғай уезінің кейінірек Алаш Орданың құрамына кірген қазақ либералды интеллигенциясының дүниетанымы таң қаларлықтай өзгеріске ұшыраған. Көтеріліске дейін бұл интеллигенция патша үкіметінің жазалау шараларынан қорқып, халықты жұмылдыру туралы жарлыққа бағынуға шақырған болатын. Арада екі жыл өткенде Алаш Орданың Торғай бөлімінің жетекшілері өз армиясын жасақтауға тырысады. Оларға әскер не үшін қажет болды? Олар сол кезде: «...қазақ халқын қорғау үшін» деп айтқан болатын [121].

Ендеше, неліктен Ә.Бөкейханов «Алаш Орданың, Башқұрт автономиясы мен Орынбор казак әскерінің қарулы күштерін» Түркістанға біріккен жорыққа жіберуді ұсынған [16]?

Қайткен күнде де, бұл біздің сыртқы қарсыластарымызға, тіпті «орыс әскерінің сынығына» да қарсы тұра алмайтын әскер болатын еді. Ал жақын маңда басқа қарсыластар жоқ еді. Олар большевиктердің жеңіске жететініне сенбеді, себебі оларға қарсы адмирал Колчактың ұзын саны 400 мың әскерді құрайтын кәсіби армиясы қарсы тұр еді. Сондықтан, олар большевиктерді уақытша кедергі деп санады. Ал нәтижесі қалай болды!? Қуғын-сүргіннен

қорыққан либералды интеллигенция халықты патша режиміне қарулы қарсылық көрсетпеуге шақырды. Ал өздері біраз уақыттан кейін большевиктермен қарулы күреске армия жасақтауға кірісіп, онысын, ақырында, ақ гвардия мен интервенттер армиясы қиратып тастады.

Оларға әскер өз халқымен күресу үшін қажет болған – бұл жерде күмән жоқ. Олар осылайша өз билігінің беріктігін қамтамасыз етуді жоспарлағаны анық. [118]. Тіпті, өздерінің шиеленіскен, қарама-қайшы саясатын жүзеге асыра отырып, армиясын Колчактің Уақытша Бүкілресейлік үкіметінің балансында ұстағысы келген. Олар қарапайым бір нәрсені түсіне алмапты. Яғни, сол кездегі Сібір үкіметтерінің қай қайсысының да балансына енгізілгеннің бәрі тек сол үкіметтің мүддесі үшін ғана пайдаланылатын еді.

Осы жылдар ішінде олар қарсыластарымен күш жұмсай күресудің тәсілін толық меңгерген еді. Олар өздеріне жақпағандардың істерін жедел қарастыру үшін және сол іс-қимылдарына заңи көрініс беру үшін әскери-далалық соттарды пайдалануды үйренген. Сонымен бірге Алаш Орданың кеңесі большевиктермен күрес үшін еріктілер қатарынан отрядтар да жасақтаған. Ондай отрядтардың әр іс-қимылы туралы Алаш Орда үкіметінің Омбыдағы премьер-министрі Ә.Бөкейхановқа тұрақты түрде баяндап отырды. 1919 жылғы осындай баянаттардың бірін мысалға келтірейік: «Мұса Сергиопольді алуға қатысып, келгесін тоғыз қызылдың басын өзі шапты. Большевиктер Үржарға қашты. Арттарынан Ғабидхановтің отрядын жіберді. Алаш Орданың істерін басқарушы С.Ақаев» [132].

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында Торғай уезіндегі 1916 жылғы көтеріліске арналған бірқатар еңбектер

жарық көрді. Сол еңбектерде көтерілісті сипаттаудағы кеңес уақытының идеологиялық қысымның нәтижесінде пайда болған бұрмалауды қайта пайымдауға тырысқан (қара. мысалы, [7], [26]-ға кіріспе, [26]).

Бұрмалауды анықтау мен талдау бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері болашақта 1916 жылғы көтерілістің тарихын шынайы оқиғаларға барынша жақындатып сипаттауға мүмкіндік беретіндіктен маңызын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Мына бір аса маңызды нәрсені атап өткен жөн. М.Сүлейменов кітабында [7] Әбдіғапар мен Амангелдінің арасына жеке бастары мен қызметтеріндегі кез-келген саланың бәріне бәсеке орната отырып, екеуін шекістіруге тырысқан. Тіпті, көп жағдайда Әбдіғапарды жоғарылатуға тырысып, екеуі жайлы жалған пайымдаулар (жұмсақ айтылған!) жасаған. М.Сүлейменовтің деректерді жеткізудегі осындай құйтыртқы мәнері бізді қаласақ та, қаламасақ та бір ұшы Әбдіғапар ханға тиетін пікірталасқа кіруге мәжбүрлеп отыр. Әбдіғапар хан өз беделімен 1916 жылғы патша жарлығына қарулы қарсылықтың бүкіл барысына ең көп ықпалын тигізген адам. Және біз Әбдіғапардың халық алдындағы көтеріліске дейінгі, көтеріліс кезіндегі және көтерілістен кейінгі сіңірген еңбегіне еш шүбә келтірмейміз.

1916 жылғы Торғай уезіндегі көтеріліске таптық тұрғыдан қарау, идеологиялық көріністердің бірі ретінде, құжатта бекітілген деректерде көтеріліске ең белсенді араласқан қазақ қоғамындағы ауқатты адамдардың бірқатарын көтеріліс тарихынан алып тастауға әкеп соққан. Солардың қатарында, ең алдымен, Торғай уезінің алты болыс қыпшағы мен бір болыс найманы хан

сайлаған Әбдіғапар тұр. Торғай уезінің сол кездегі ең білімді өкілдерінің бірі Байқадам Қаралдин де солардың қатарына кіреді деп батыл мәлімдеуге болады.

Екінші – жағынан, 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтерілістің тарихына қатысты қолданылған сол таптық көзқарас, жоғарыда аталған еңбектердің авторларының пікірінше, «жеке батыр» феноменін тудырыпты. Бұл айтылғандардың алғашқы бөлігі расында ақиқат, оған көптеген құжаттар дәлел. Ал «жеке батыр» феномені туралы екінші бөлігінің әділдігі, жұмсартып айтқанда, күмәнді. Бір ғана Амангелді аталды деген сөз объективті түрде шындыққа жанаспайды. Көтеріліске қатысқандардың көбі ылғи ел арасында халықтың құрметіне бөленіп, әртүрлі деңгейдегі органдарға сайланғаны, бір бөлігі социалистік еңбек ері атанғаны, біразына дербес зейнетақы тағайындалғаны, т.б. белгілі. Ал, ақырында Ә.Жангелдинмен қалай болды?! Жангелдинмен бірге олар екеу болды. Бұндай көрініс большевиктердің идеологиясына көбірек сәйкес келді, яғни: көсемдердің бірі халықтың төменгі бөлігінен шыққан, екіншісі – коммунист болуы керек еді.

Академик Жеңіс Нұрпейісовтің кітабының [26] алғысөзінде былай айтылған: «...советтік тарихшылар, коммунистікке өткен Амангелдінің атын ғана атады, дәріптеді... Қалғандары тарихтан сызылды...».

Тарихты өзі жазып отырған бұрынғы кеңес тарихшысы, академик Ж.Нұрпейісов алғысөзінде «совет тарихщылары» деген тіркесті пайдаланыпты. Тіпті, тарихты ол емес, Амангелдінің өзі жазып отырған сияқты.

Айтып өтейік, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты мен ҚР Президентінің мұрағатының қорларында Амангелдінің большевиктер партиясына кіргені туралы бір де бір

ресми құжат табылмаған. Демек, Амангелдінің атын да, большевиктер партиясына мүшелігін де емес, Амангелдінің өзін халыққа сіңірген еңбегі үшін «мадақтаған».

Бұл кітаптағы [26] алғысөздің ең қызығы Қазақстанда академик Жеңіс Нұрпейісов деген адамның жоқ екені. Біздің тарих ғылымымызда академик Кеңес Нұрпейісовтің танымалдығы зор. Бірақ ол кісінің, біздің ойымызша, мұндай алғысөз жазуы мүмкін емес.

Мына кітаптағы [7, 152-бет] дәл осы «жеке батыр» феномені жалпылама қарастырылыпты: «Осы кезде жеке адамға табынушылық науқаны орын алды. Қазақстанда жеке батыр – Аманкелдінің «оты жанды». Аталмыш еңбектердің авторлары айтып отырған жеке батыр мәселесі шындығында жоқ болғандықтан, бұл жерде түсіндірме берудің де қажеті жоқ.

Ендеше мәселе неде? Жеке батырдың феномені ең шоғырланған кейпінде М.Сүлейменовтің еңбегінде [7] келтірген: «Рас, Амангелді қол бастаған батыр, құралайды көзден атқан мерген. Алайда, бүкіл атақ-даңқты бір ғана адамның басына үйіп-төгу, азаттық жолында жанын қиған өзге қаһарманды ұмыт қалдыру – әділеттік пе?! Әттең, сол қолдан құдай жасап, жеке адамға табындырып келген сұмпайы саясаттың қырсығы. Қаншама жақсы жайсаңдарымыз кімдердің көлеңкесінде қалып, аты-жөні аталмай келді». Алдымен, М.Сүлейменов осы сөздерімен Амангелдінің сарбаздарға әскерінің басшылығындағы айрықша орнын мойындап отырғанына назар аударайық. Осы «жеке батыр» феноменін, оның шығу тарихы мен мағынасын толық түсінуге мүмкіндік берген сөзі үшін М.Сүлейменовке алғыс айтуымыз керек.

Тереңге үңілмей тұрып, бір сұрақ туады: «Сонда, бұл жерде жеке басқа табынушылықтың не қатысы бар?». Әдетте, жеке басқа табыну авторитарлы мемлекеттерде бірінші басшысына, көсеміне қатысты құбылыс ретінде орын алып, көрініс табады. Жеке басқа табынушылықтың өмірден өткен адамға қатысты еш мәні жоқ. Сондықтан, «жеке батыр» феноменінің жеке басқа табынушылықтан пайда болды дегеніне еш негіз жоқ. Бұл біріншіден. Екіншіден, М.Сүлейменов Амангелдінің бұған дейін белгісіз болып келген көптеген көтеріліс басшыларына тиесілі даңқты иеленіп отырғанын қалай анықтаған?!

Амангелдінің 1919 жылдың мамырында көтеріліс басшыларының арасынан бірінші болып айуандықпен өлтірілгенін тағы да естеріңізге сала кетейік. Және, ең бастысы, Амангелді тарихты жазбаған, өзгелердің еңбегін иеленбеген. Бұл сөз тек қана кінәні, болсын, болмасын Амангелдіге арта салғысы келетіндерді сабырға шақыру үшін айтылып отыр. Үшіншіден, көтерілістің белгісіз қаһармандарына қатысты, бұл мәселенің Амангелдінің атына, оның даңқына еш қатысы жоқ. Тұтастай және толықтай тек сіз бен бізге, және ең алдымен, кәсіби тарихшыларға байланысты. Біз бәріміз сол қаһармандардың есімдерін тауып, қоғамды солармен таныстыруға тиіспіз.

Амангелді туралы көптеген естеліктерде аты аңызға айналған батыр деп аталады, демек, ол көзі тірісінде аңызға айналған батыр болған. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін, тіпті сирек құбылыс. Сондықтан, көтерілістің кезінде көп айтылған, «Шіркін, батыр еді ғой», «Мыңдаған солдаттың ішіне жалғыз кіріп кетіп, жайратып қайтатын, еді ғой» [133] деген сияқты сөздерге түсіністікпен қараған жөн.

Осындай аңыздар күші әлдеқайда басым қарсыласқа қарсы көтерілген халыққа рух берген. Тағы бір мысал келтірейік: «...Жауын жайратып, ол сансыз қолдың ішінен өтіп, бір жағынан кіріп, екінші жағынан шығатын, тізгінін тартып, атының басын бұрып, шайқасқа қайта кірісетін...». Бұл жерде Амангелді батыр емес, Алпамыс батыр туралы айтылып отыр [134, 108-бет]. Қаралған мәтіндерді «аңыз» деп аталатын нәрсе біріктіретінімен келісіңіз.

[60]-құжатта Ерғали Баймұратовтың аты аңызға айналған Амангелді Иманов туралы мынадай естелігі келтіріледі: «Амангелдінің 1916 жылғы көтерілісте көрсеткен қаһармандығы мен батырлығы жайлы аңыз кең далаға таралды және оны әр қазақ танитын. Оның жүрек жұтқан батырлығы мен құралайды көзге атқан мергендігі жайлы ауыздан ауызға тарады. Олар оның патша жасақтарымен болған шайқастары мен оларды жеңгені туралы сүйсініп айтты». Сол бір қиын кезеңде мұндай аңыздар халық арасында туындағанын тағы қайталап өтейік. Мұндай аңыздар ел арасына тарап, халықтың рухын көтеріп, елінің қорғаны Амангелді батырға деген, жарқын болашаққа деген сенімін нығайтты.

Ойымыздың дәлелі ретінде Сәкен Сейфуллинге сілтеме жасайық. Ол «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында көтеріліс кезінде байқалған феномен туралы мәлімет келтіреді: «Тінәліліктердің арасына Галаутдин молда келді. Ол уағыз айта бастады: «Кәпірлерді жеңеміз. Мен әскердің басында барамын, ешкімге оқ дарымайды»... Күмісбек деген молда үгітпен келді: «Қорықпаңдар, мұсылмандар, сендер жеңесіңдер! Егер патша әскері қару көтерсе, көздерін шаң басады. Егер оқ атса, оқтары аспанға кетеді» [131].

Және, ең бастысы – халық соларға сеніп: «Құдай бұйыртсын!» деп айқайлады. Халықтың оларға сенген себебі, моральді қолдауға зәру еді. Егер халық молдалардың осындай уағыздарына сенсе, Амангелді Иманов туралы аңыздарға тіпті сенгені.

Сонымен, ойдан шығарылған «жеке батыр» феноменінен не пайда таппақ? Халықтан шыққан біреудің даңқына қызғаныш па?! Оның есімінің қатарына өзге де даңқты есімдерді қосудың орнына, біз, дәл баяғыдай, немесе дәлірек айтқанда, әдеттегідей, абыройлы адамның атын төмендетіп, оның орнына басқа біреуді әкеліп қойғымыз келеді ме?! Сосын біраз уақыттан кейін жаңа батырды да солай етеміз! Біз көтерілістің басқа да қаһармандары туралы жазуымыз керек! Бірақ бұл Амангелдінің есебінен жасалмауы керек. Тіпті, әлі де Амангелді туралы бәрі жазылып бітті деуге болмайтынына да сенімдіміз 133].

Кітапта [26] «жеке батыр» термині Амангелдінің атасы Иман батырға да автордың өзі ойлап тапқан мағынада қолданылғаны таң қалдырады. Иман батырды мадақтау науқанын кім және қашан бастап кеткен еді?! [26]-кітаптың алғысөзінде де, кітаптың өзінде де, біздің ойымызша, авторлар «батыр» терминін орыс тіліндегі «герой» мағынасында ғана түсінген. Бұны мына мысалдан-ақ байқауға болады: «Патшаға қарсы көтеріліске шыққан Торғайдың әр қазағын батыр деуге болады» [26, с.10]. Бұл келтірілген мәлімдемені өте-мөте дұрыс деп санаймыз. Бірақ, Иман батыр, Амангелді батыр немесе Тілеулі батыр, Қобыланды батыр деген кезде «батыр» ұғымының басқаша, көне мағынасы, дәлірек айтқанда «халық қорғаны» деген мағынасы қолданылады. Халық қорғаны, батыр дегеніміз кім? Бұл – өмірлік кәсібі жеке

басын халқы үшін тәуекелге байлап, ерліктер жасап, қаһармандық танытқан адам. «Батыр» атағын халық береді. Амангелді – жәй батыр емес, атасы Иман батыр, т.б. сияқты осы халық берген атаққа ие болған батыр. Дала батырлары қашан да «жеке» батырлар болған.

Академик М.Қозыбаевтың пікірін келтірейік: «Амангелді кешегі жеке басқа табыну кезінде «Қазақ Чапаевы» сияқты жасанды тұлға емес пе? – деген қалтарыстар да айтылып жүреді... «Батыр» деген ұғым Амангелді есімімен ел арасында қатар айтылды... 1923 жылы 7 мартта Әліби жазған бір мақалада Амангелді қазақ қауымының көсемдері қатарында аталған болатын. 1921 жылы 1916 жылғы оқиғаның 5 жылдығы, 1926 жылы 10 жылдығы аталды. Барша қазақ елінің баспасөзінде тілге тиек болған қаһарманның бірі Амангелді болды. Жоқ, ол кезде жеке басқа табыну идеологиясы әлі үстем емес еді. Ендеше, Амангелді ел есімін ердін ері екендігіне күмән тумаса керек» [47].

М.Сүлейменовтің [7]-еңбегінде Әбдіғапар мен Амангелдінің ара қатынасын суреттеу барысында Амангелдіні «аңқау» сөзімен сипаттайды. Осы жерде М.Сүлейменовтің жағымпаздығы біз бұрынырақта әңгіме қылған журналисттен де асып түсті. Амангелдіге арналған тарауда оның жақтастары мен замандастарының материалы шоғырланған түрде жинақталған. Ол жерде, айтпасқа болмас, М.Сүлейменовтің «аңқау» сөзі еш дәлелденбеген, Амангелдіні (М.Сулейменовтен ерекшелігі) білген және көз көрген көпшіліктің пікірімен еш сәйкес келмейді.

М.Сүлейменовтің бұл мінездемесі тұтастай және толықтай өз ар-ұятында. Сапасы жағынан кітабындағы басқа да бірқатар болжамдарынан кем түспейді [7].

Кеңес тарихшыларының еңбектерінің сапасы жайлы қазіргі күнгі маңызды мәселеге тоқталып өтейік. Идеологиялық тыйымдарға қарамастан кеңес тарихшыларының көп бөлігі өз істерін адал атқарған. Сондықтан, жұмсартып айтқанда, төмендегі сөздер таң қалдырады: «Өздеріңізге белгілі, кезінде елдің басын торлаған тұрпайы саясат салдарынан, малшы, жалшылардың ғана азаттық үшін алысқан қаһармандар, бай-болыс, билер халқына қарсы шыққан тап жаулары ретінде көрсетіліп келгені. Олай болса, біздер бүгін кезінде қызылдардың ықпалымен жазылған шығармалардағы «шыңдыққа» емес, ақтың да қызылдың да сойылын соқпай, құдай жолымен жүрген имандылық жыршысы Файзолла Сатыбалдыұлы тәрізді ақындарымыздың хиқаят, дастандарындағы ақиқатқа ғана арқа сүйеуге тиістіміз» [7].

Бұл жерде бұрыннан да белгілі бір нәрсені еске салып кетуміз керек. Тарихты ғылыми зерттеуде көркем шығармадан алынған ақпаратты пайдалануға болатыны даусыз, бірақ сақ болған жөн. Көркем шығарманың авторы өз мақсатына сай шынайы оқиғалармен қатар, ойдан шығарылған оқиғаларды да пайдаланып, оқиғалардың ретін өзгертіп жіберуі т.б. мүмкін.

Мысалға, Файзолла Сатыбалдыұлының «Әбдіғапар хан» поэмасында да солай болған [26]. Әбдіғапар хан, Амангелді сардар болып сайланған құрылтайды суреттей келе автор кенеттен, осы жерде халық Смағұл Токиннің Петроградқа іссапарына ақшалай қаржы жинады деп жырлайды [26, 138-бет]. Файзолла поэмасында ақиқатында Смағұл Токин туралы құрылтайдан әлдеқайда бұрынырақ өткен осы көріністі де қосып жіберген.

Құрылтай 1916 жылдың қарашасының үшінші декадасында өтіп, онда қарулы көтерілісті ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Осы уақытқа дейін жұмылдыру мәселесін Орынбор мен Петроградқа делегация жіберу арқылы бейбіт жолмен реттеудің жолдары таусылған еді.

М.Сүлейменов сөзінің екінші жартысында «ақиқатты» Файзолла Сатыбалдыұлының еңбектерінен алуға ниетті екенін айтыпты. Файзолла Сатыбалдыұлының өзі бұл жағынан мүмкіндігін әлдеқайда төменірек бағалайтынын атап айтқан: «Көзбен көрген жайларды білгенімше ақ қағазға белгі қып кеттім жазып» [26, с.136].

Автордың бұл сөзінде баяндап отырған оқиғасының субъективтілігі анық айтылған. Ол сөзін ақиқаттың шегі демейді. (Бәрі бір құдайға аян дей отырып) әрбір адам қателесуге құқығы бар дейді. Бірақ, ол расында қателескен. Біз Смағұл Токиннің басқа делегаттармен бірге Петроградқа Торғай уезінің «Шығыс хандығындағы» хан мен сардарды сайлау оқиғасынан [30] бұрын барғанын айтқан болатынбыз.

Одан да үлкенірек қатесі – поэмасының бірінші бөлігінде Әбдіғапарды Торғай уезінің 13 болысының ханы деп таныстырғаны: «Хан болған 13 болыс үш Торғайға Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғапар».

Торғай уезінің он үш болысының алты болысы арғындар, алты болысы қыпшақтар, бір болысы наймандар болғанын айта кетейік. Арғындардың ханы Оспан Шолақов болғаны белгілі. Сондықтан, Әбдіғапар Жанбосыновтың бүкіл он үш болыстың ханы болуы мүмкін емес еді. Расында, Оспан Шолақов 1917 жылдың 23 қаңтарына дейін бірнеше арғын болысының ханы болып қала берген болатын. Сол күні Оспан Шолақов Торғай қаласының гарнизон бастығына ерікті түрде берілген.

Әбдіғапардың ұлына сілтеме жасайық. Әбдіғапаров (Абдулгафаров–Б.А.) Рүстем естеліктерінде Әбдіғапардың штабының басшылығымен «жеті болыстың халқы мен Сарықопа болысының халқының бір бөлігі» болды деп жазады [57]. Аталған жеті болысқа қыпшақтырдың алты болысы мен наймандардың бір болысы кірген. Жолай Торғай уезіндегі көтерілістің басшыларын сайлаудағы кейбір мәселелерді, қолда бар құжаттар базасы негізінде, түпкілікті анықтап кетуге тырысайық.

Біз қарастырып отырған мұрағат құжаттарында арғындардың Оспан Шолақовты хан, Қасымхан Алтынсаринді сардар сайлауының уақыты туралы нақты мәлімет жоқ. Олардың Әбдіғапар мен Амангелдіден бұрынырақ сайланғаны жайлы жанама куәлер ғана бар. 2-ші тарауда құжат мәліметтерінің негізінде Торғай уезінің халқы 1916 жылғы маусымда патша жарлығы шыға салысымен қаһарына мініп, бұл тығырықтан шығудың жолын іздей бастағаны айтылған.

Осы жағдайда шілде айында Торғай қаласына ең жақын орналасқан Тосын және Шұбалаң болыстарының болыс басқармалары жұмылдыруға жататындардың тізімін дайындау және 20-шілдеден бастап ер-азаматтарды жөнелтуге қабылдау туралы нұсқауды алғашқылардың бірі болып алады [53]. Сондықтан қалың бұқара арасындағы толқулар Торғай уезінің қалған болыстарына қарағанда мұнда ертерек шарықтау шегіне жетті. Яғни, ұйымдастыру шаралары да бұл жерде ертерек басталды деуге болады. Торғай уезіндегі оқиғалардың дамуының бұл нұсқасын Байқадам Қаралдиннің мынадай пікірімен қуаттауға болады:: «Арғын елшілері (қыпшақ болыстарына – Б.А.) "біз ханымызды сайладық, көп ұзамай Торғайды шауып

алып, отымен жоқ қыламыз, соған жиналып келсеңдер, егер келмесеңдер патшаға қарсы тұру пәтуасында сіздерді жоқ деп санаймыз» – дейді.

Профессор К.В.Харлампович оқиға куәлерінің мәліметтерінің негізінде Торғайға шабуыл кезіндегі Әбдіғапар туралы «болашақ әмірші» (хан) ретінде айтады [30]. Демек, Торғайға шабуыл қарсаңында және шабуыл кезінде Әбдіғапар әлі хан сайланбаған.

Бұл жәйттің жанама дәлелін Рысбаев Әбіштің естеліктерінен табамыз (сарғаскер – Амангелді Имановтың орынбасары) [28]. Оның айтуынша, Торғай қаласына шабуыл алдындағы Ақмырза жеріндегі жиынға 6 қыпшақ болысының 5-еуінің қыпшақтары ата-бабаларының туын көтеріп келген. Дәлірек айтқанда, Қайдауыл болысының қыпшақтарын Иман атасының қызыл ала туын көтерген Амангелді Иманов басқарған, ал Қортоғай болысының қыпшақтарын – Жанғожа атасының туын желбіреткен Жанбосынов Әбдіғапар басқарған. Қыпшақтың бес болысының туларының әртүрлі болуы жиынға дейін олардың көшбасшылары белгілі болса да, басшылығы бір болмағынын көрсетіп тұр.

Көптеген деректерде Торғай уезіндегі көтерілістің басшылығын ұйымдастыру мәселесі арғын болыстарында Торғайға шабуыл алдында ғана шешілді, ал қыпшақтарда шабуылдан соң, дәлірек айтқанда 1916 жылдың қарашасының үшінші декадасында шешілді делінеді.

Файзолла Сатыбалдыұлының «Әбдіғапар хан» поэмасына оралайық. Поэмада Файзолла Сатыбалдыұлының, тіпті өлең сөзбен де, түсіндірме беруіне моральді немесе басқа да еш құқығы болмаған мазмұнды сәттер бар. Басты себеп, оның туған ағасы Мырза ишанның, бәлкім

оның өзінің де, патша әскерін Батпаққара мен Үрпекке жол көрсетіп, ертіп апарған сатқындардың қатарында болғаны ([27] қара). Сарбаздардың патша әскерінің жолына орналастырған мергендер тосқауылы солардың кесірінен іске аспай қалған.

Патша отрядтары елді мекендерде жазалау шараларын жүзеге асырып – тонап, қарттарды, әйелдер мен балаларды аяусыз өлтірді. Сарбаздар мен халық жол көрсетушілерді сатқынның нақ өзі деп таныды. Шайқастан кейін және патша әскері кеткесін ағайындылардың сатқындығына қатты ашуланған сарбаздар оларды Батпаққарадан іздеп, таппағасын, үйлерін өртеп, шаруашылықтарын ойсыратып тастаған.

Тағы бір себеп, дәл осы шайқаста Амангелді Имановтың орынбасары Өмен Мұсабаев пен Әбдіғапардың туған ағасы Жағыпар Жанбосыновтың өлгені еді. Ағайынды Мырза мен Файзолла солардың қазасына жанама да болса, кінәлі болғанымен, поэманың белсенді кейіпкерлерінің бірі осылар еді. Автор Амангелді Имановтың және Өмен Мұсабаев пен Жағыпар Жанбосыновтің өлімдерін қасақана қарама-қарсы қойған. Өмен мен Жағыпар тастай қатты көрге қойылып, Амангелді таң қаларлық әдемі, егер осылай айтуға болатын болса, көрге қойылыпты. Файзолла осындай көркем тәсілмен, көрдің әдемілігі арқылы Амангелдінің өлімінен кейін артқан даңқын суреттеген.

Амангелді расында да Өмен мен Жағыпардан біраз кейінірек қаза болған. Өмен мен Жағыпар соғыста өлген, ондай өлім далалықтар үшін ертеден абыройлы өлім саналатын. Амангелдінің өлімі жайлы естіген Кейкі: «Мұндай қорлық өліммен өлгенше, қан майданда, мейлі

жаудың, мейлі достың, әйтеуір, біреуінің жалғыз оғынан шәйіт болсам, арманым жоқ. Менің ендігі құдайдан тілейтін тілегім осы» деген [7].

Амангелдіні сатқындықпен, айуандықпен өлтірген. Амангелді батырды құрмет тұтқан, көпті көрген Кейкіні осынша айуандық таң қалдырған екен. Ендеше, кімнің көрі жұмсақ, кімдікі тастай болғаны?! Оның үстіне Амангелдінің денесі, кейін сүйегі бірнеше рет жерленді. Тек төртінші ретінде ғана жаны жай тауыпты.

Амангелдінің екі ұлы болған – Рамазан мен Шәріп.

«Қан майданда Москва түбінде батырдың ғажайып талантты, дарынды ұлы Рамазан қаза тапты. Соғыста ерен ерлік көрсетіп, артынан абақтыға жабылған батырдың екінші ұлы Шәріптің өмірі де халық тағдырының тағы бір көрінісі» [47].

Амангелді 1916 жылдың 1 қыркүйегінде Торғай қаласында губернатордың қатысуымен өткен жиналыста сөз сөйледі ме? М.Сүлейменов «Амангелді» кинофильмінде осы жиналыста Амангелдінің сөз сөйлегенін айтады. Дегенмен, ол көркем фильм екеніне мүлде көңіл бөлмейді. Бірақ, М.Сүлейменов сол жиналыста Әбдіғапар сөйлеген дейді. Дәлел ретінде Файзолланың «Әбдіғапар хан» поэмасына сілтеме жасайды. Ол өз сөзіне өзі қайшы келіп отырғанын тіпті байқамайды. Яғни, М.Сүлейменов бұл жерде бір көркем шығарманың (Әбдіғапар хан поэмасының) желісі арқылы екінші бір көркем шығармадағы (Амангелді кинофильміндегі) оқиғаны теріске шығарып отыр.

Жоғарыдағы сұраққа жауап табу үшін губернатордың қатысуымен немесе қатысуынсыз шешім қабылдау тәртібін Торғай уезінің мысалында талқылап көрейік. Сонымен қатар, мына нәрсені (ең құрығында жалпылама) анықтауға

тырысайық – жиналыста бір адам губернатордың алдына шығып, бүкіл уезд халқының ойын жеткізе алар ма еді? М.Сүлейменов: ешкім де ешқашан да губернатордың алдында бүкіл Торғай уезді халқының ойын айта алмайтын, деп жалпылама қорытынды жасаған.

Торғай уезінің мысалынан қазақ халқында күрделі шешімдерді қабылдаудың сол кездегі тәртібі бойынша демократия белгілері болғанын байқаймыз. Уезд әрқайсы әртүрлі рулардың өкілдерінен құралған он үш болыстан тұратын. Әр ру бірнеше ауылға бөлінетін, демек ақсақалдардың саны да соған сәйкес болған. Бүкіл округ алдында тұрған немесе туындаған кейбір мәселені шешу кезінде округтің әкімшілік-аумақтық құрылымының көрсетілген сипатын ескеру маңызды. Демек, шешім қабылдаудың төмендегідей деңгейлері болған деуге болады: уездік деңгей, болыстық деңгей, ақсақалдар деңгейі.

Одан әргісі мәселеге тікелей байланысты болған. Уездік деңгейде болыс өкілдерінің пікірі талқыланған. Губернатор болыс өкілдерінің құрамына өзгеріс енгізе алатын. Қандай да бір (мәселен, айрықша маңызды) жағдайларда губернатор әр болыстың мәселелерге көзқарасын алдын ала анықтап, білу қажет болды. Басқа кездерде губернатор уезд болыстарының өкілдерінің жалпы пікірін (мәселен, бітімгершілік) білсе жетіп жатыр.

Болыс деңгейінде көзқарас, әдетте, ақсақалдардың немесе рулардың өкілдерінің (делегаттарының) жиналысында талқыланатын. Сол жиналыстарда не жалпы шешім қабылданып, не әртүрлі пікірлердің жиынтығы болыс деңгейіне жеткізілетін. Әр ақсақалдықтың (рудың) деңгейінде қабылданған шешім іске қатысты

ақсақалдықтардың жалпы жиналысында талқыланған. Бұл басқосуларда да, бұдан жоғарғы деңгейдегі басқосуларда да ақсақалдардың пікірлері басым рөл атқарғаны анық.

Әр деңгейде шешім қабылдаумен қатар жоғары деңгейге делегаттарды іріктеу жүргізілгенін атап өткен жөн. Сондықтан әр деңгейде шешілетін әрбір мәселе жоғары деңгейге ұсынылған делегаттардың өз құрамына сәйкес келетін болған. Осылайша, делегаттардың құрамы, мысалы, уездік деңгейде біржолата бекітілмеген. Ол шешілетін мәселеге байланысты өзгеруі мүмкін еді.

Жоғарыда айтылғандарды мысалдармен қуаттайық. Б.Қаралдин өзінің мақалаларының бірінде [53] губернатордың мынадай бұйрығын келтірген: «Бірінші сентябрьде Торғайда боламын, соған болыс қоластынан халық сыйлайтын 10-15-тей ақсақалдар дайын тұрсын». Сөз соңында жиналысқа шақырылатындардың тізімін тастап кеткен.

Бұл жиналыс жайлы тағы бір мәліметті Торғай уезінің бірінші учаскесінің шаруа бастығы А.Д.Карешниковтің хабарламасынан табамыз. «Шақырту басқармалардың біразына шабарлары арқылы, екіншілеріне Торғай қаласында 1 қыркүйекте өткен съездге ақсақал, не құрметті адамдар ретінде шақырылған жақын туысқандары – әкелері, ағалары арқылы жіберілді» [45]. Бұл хабарламаның соңғы бөлігіне назар аударайық, яғни А.Д.Карешников съездге болыстардың ақсақалдары мен құрметті адамдары қатысты деп тұр.

Байсейітов Сейдахметтің, Тілеулин Тоқаттың, Бекмурзин Жамалдың естеліктерінде былай айтылған: «Жұрт жиналысқа халықтың мүддесін қорғайды деген адамдарын жіберді... 1 қыркүйекте Торғай қаласына Губернатор-

дың шақыруымен барлық болыс басқармалары мен әр болыстан 4-5 адамнан келді» [34].

Уезд басшыларының қатысуынсыз басқосулардың болуы да мүмкін екендігін ескерген жөн. 1916 жылдың тамызының басында Торғай уезінің бүкіл 13 болысының өкілдері (болыс басқармалары мен беделді ақсақалдары) өз бастамаларымен Торғай қаласында жиналыс өткізген [34]. Бұл жиналыс жайында Нұрмақанов пен Байсейітов: «Бүкіл 13 болыстың болыс басқармалары мен ықпалды ақсақалдары Торғай қаласына жиналып, 10 тамызда Бәйтен молданың үйінде жиналыс өткізді; жұмылдырудың күшін жою үшін шағым жасайық деген шешімге келіп, Токин Смағұлды өкіл сайлады», дейді [4].

Жоғарыда айтылғандардан мұндай маңызды жиналыста кездейсоқ адамға сөз берілмейтініне көз жеткіздік.

Сөз белгіленген талаптарға лайық және ақсақалдардың алдын ала келісімін алған адамға ғана берілетін болған. «Қазақ қашан да, ел дауы мен жер дауын от тілді, орақ ауызды шешендері мен көп жасап, көпті көрген көнекез қарттарына, қажет болса, жол түгілі қол бастайтын көсемдеріне ғана сеніп тапсырған» [7].

Амангелдіні өкіл сайлап, жиналыста сөз сөйлеуді сеніп тапсыруы мүмкін бе еді? М.Сүлейменовтің кітабында Қайдауыл болысының патша жарлығын талқылауға арналған жалпы жиналысында Амангелді шағын делегацияның басшысы болып сайланғаны айтылады. Бұл делегацияға Торғай уезінің басқа болыстарындағы патшаның жұмылдыру туралы жарлығы жарияланғаннан кейінгі жағдаймен танысу тапсырылған.

Амангелді 1916 жылы 43 жаста, яғни кемелі толысқан, ел арасында абыройлы, ойы да, ісі де ширақ, майталман шешен, өткір тілді, дала заңын меңгерген шағында еді. Бұның өзі Амангелдінің Қайдауыл болысының делегациясының құрамында болып, Торғай қаласында губернатордың қатысуымен өткен жиналыста сөз сөйлеуі әбден мүмкін екенін көрсетіп тұр. Бірақ бұл Әбдіғапардың Қортоғай болысының делегациясының құрамында болып, сол жиында сөйлегендердің қатарында болуына еш қайшы келмейді. Губернатор әр болыстағы жағдаймен жеке танысқысы келгендіктен, бұл нұсқа әбден болуы мүмкін.

Халық жазушысы Мұхамеджан Қаратаевтың кітабында [7] келтірілген жәйт те бұл болжамымызды қоштап тұр: «Орта жүздің үш руы түгел жиылды. Губернатор мен тілдесуге әр ру ортасынан ең мықты деген ел бастар көсемін, сөз бастар шешенін шығарды. Арғын асыл сөздің зергері Иманқұлдың Абдрахманын шығарды, найман өзінің майталман жорғасы Есмағамбетті, қыпшақ ардагер батыры Амангелдіні шығарды...».

Ендеше, Қаратаевтың айтуынша, қыпшақтар губернатормен кездесуде сөйлеуді Амангелдіге тапсырған.

М.Қозыбаевтың пікірі де уездік деңгейіндегі шешім қабылдаудың біз көрсеткен үлгісіне сыяды: «1916 жылы Торғай губернаторына бетпе-бет сөйлесуге шыққан, елдің ойындағысы мен көңілдегісін бұлжытпай айтуға жараған батыл адам жалғыз батыр Аманкелді екендігі барша құжаттарда, естеліктерде хатталған» [47].

Амангелдінің ұлы Рамазанның 1916 жылғы көтеріліс туралы соғысқа дейін жинаған материалдарында губернатормен кездесуде Амангелді Иманов сөйледі деген [135].

1916 жылы қазақ жерінде ерекше хандықтардың пайда болуын талқылауды жалғастырайық. Торғай уезінде көтерілістің ең қызған шағында екі хан болды, көршілес Ырғыз уезінде тоғыз хан сайланыпты, т.б. Бір айта кетерлігі, қазақтың ата-бабаларының ұзақ тарихында хан атағына талапкерлерге, олардың беделіне қатал талаптар қалыптастырған [7].

Бұл талаптардың сипаты мынадай еді: хан атағына, шындығында, заңды негізде тек хан әулетінің шектелген тобы ғана үміткер бола алатын. Тиісінше, хан өз билігімен осынша үлкен аумақта өмір сүріп жатқан бір-бірімен туысқан немесе кейін қосылған тайпаларды біріктіретін.

Осылайша, 1916 жылы Торғай уезінде (Ырғыз уезінде де дәл солай) өткен хан сайлауы ата-баба дәстүріне түбегейлі қайшы келетінін көріп отырмыз. Ақсақалдардың бұл қайшылықты түсінгенін болжауға болады. Ең тиімдісі бірігіп, бір хан сайлау еді. Бірақ, ол үшін көп уақыт қажет болған. Уақыттың тығыздығы осындай қарапайым жолды таңдауға мәжбүр еткен.

Бірнеше хан сайланғаны, міне, сондықтан. Яғни, ақсақалдар мәселені стратегиялық емес, тактикалық жолмен шешуге тырысқан. Мұндайғы мақсат жергілікті биліктің заңдылығын қамтамасыз етумен байланысты еді.

Бір атап айтатынымыз, Әбдіғапар өзінің хан атағына құқығы жоқ екенін түсінген, ол Әмір шенін таңдаған. Демек, тарихи прецедентті, әмір Темірлан туралы білетін.

М.Сүлейменов өз кітабында [7] көтерілісшілер туының түсі сияқты маңызды, өз көзқарасы бойынша мәселені айналып өтпеді. Бұл мәселені де ол өзі «ұнатқан» «Амангелді» көркем фильмімен байланыстырады. Ол бізге

қазақтың ертеден келе жатқан адам өліміне байланысты дәстүрін еске түсіреді. Дәстүрге сай, егде жастағы кісі қайтыс болса, ақ ту көтеріліп, орта жастағы болса – қара түсті, ал жас болса – қызыл түс ілінген. Осыдан келіп, төмендегідей пайдасыз қорытынды жасайды: «Олай болса, ислам дінін берік ұстанған Әбдіғапар мен Амангелді сардардың төбелеріне желбіретіп, қан қызыл ту көтеруі мүмкін бе!?».

Түркі халықтарының (тек олардың ғана емес) көне тарихындағы жастық шақтың түсі – қызыл түс пен исламдағы қызыл түстің арасында нендей байланыс бар?! «Ислам діндегі түстер» [136] мақаласында айтылғандай, исламда қызыл түс – «өмірлік энергияның, батылдық пен құмарлықтың түсі екенін білеміз. Мұсылман ерлерге қызыл киім киюге тыйым салынғанын. Бірақ, мереке-тойларда қызыл түс пайдаланылады».

Сондай-ақ, Түркияның мемлекеттік туы қызыл түсті. Онда исламның символына айналған жарты айы мен жұлдызы бейнеленген.

Демек, М.Сүлейменовтің кинофильм жасаушыларға қарата айтылған ашу-ызасы еш негізсіз.

Қайталап өтейік, бұл жерде әңгіме көркем шығарманың көріністерінің біреуі жайлы ғана болып отыр. Ең бастысы, «Амангелді» көркем кинофильмі соғысқа дейін түсірілген және басында ақ-қара нысанда болған.

# 9. ТАҒЫ ДА АМАНГЕЛДІНІҢ ҚАЗАСЫ ТУРАЛЫ.

Билердің екінші соты

Амангелді Имановтың қазасы туралы әңгімелемес бұрын мына бір нәрсеге көңіл аудартқым келеді. Бұл кітаптың авторы К.У. Үсенбаевтың 1996 жылы 1916 жылғы көтерілістің 80 жылдығына арналған конференцияда айтқан пікірін қатаң ұстанады: «Енді ұрпақ алмасты, адамдардың ара қатынасы, өмір шарттары мен тарихи жағдай басқа... мұндай жаңа тарихи жағдайда бір-бірімізге талап қойып, 80 жыл бұрын өтіп кеткен оқиға үшін өзара кек алысып жатқанымыз кешірілмес және дарақылық болар» [137]. Дегенмен де бізге бәрімізге 1916 жылғы көтеріліс туралы шындық керек.

[7,47]-еңбектерде Амангелді Имановтың қазасына кінәлілер жайлы сұраққа әлі күнге дейін нақты жауап табылмай отыр деген ой айтылған. Әртүрлі ықтимал нұсқалар жетерлік, тіпті өте көп деуге болады, бірақ нақты да, біртекті жауап әлі жоқ [138].

М.Сүлейменов, кітабында алашордалықтардың Амангелдіні қамауға алуының себептерін пайымдай келе, сұраққа нақты жауап іздеп, Міржақып Дулатовтан жауап алу материалын пайдаланыпты [7]. М.Дулатов, сол күндердің оқиғаларын есіне түсіріп отырып, бір күні Шалқар қаласындағы қызылдардың штабынан тікелей байланыспен Торғай отряды тез арада 24 сағаттың ішінде Шалқарға келсін деген өкім алғанын айтады. Дәл сол сәтте қар жауып тұрған екен, жер балшық, өзендердегі судың деңгейі көтеріліп, адам жүргісіз болыпты. Әрі

қарай, М.Дулатовтың сөзіне сәйкес, оқиға былай өрбіген. Амангелді өзі төрағалық жасап, жедел жиналыс өткізеді. Жиналғандарға шақырған себебін түсіндіріп, отрядтың Шалқарға шығуына ауа райының нашарлығы бөгет болып отыр дейді. Сосын ол отрядтың Шалқарға жол тартуын кейінге қалдыруды ұсынып, ұсынысын бірауыздан дауыс берумен бекіткен. Сол күндері алашордалықтарға түсініксіз себептермен қарулы отрядты таратып жібереді.

Арада күндер өтіп жатады. Амангелді қабылдаған шешімі жайлы шалқарлықтарға айтпаған, оның орнына, М.Дулатовтың ойынша, Шалқарға алашордалықтардың тарапынан болған кедергі мен оларды басшылықтың бұйрығын орындауға мәжбүрлеуге мүмкіндігінің жоқтығы жайлы айтады. Амангелдінің мұндай «арандату» саясаты, М.Дулатовтың айтуынша, Шалқардағы, Ырғыздағы және Ақтөбедегі совет билігі органдарының алашордалықтардың совет үкіметі жағына өтеміз деп мәлімдегеніне күмәнмен қарауына әкеп соғыпты. Сол сәтте алашордалықтар Торғайға Қостанай жақтан қызыл отряд келе жатқанын кездейсоқ біліп қояды. М.Дулатовтың сөзіне сәйкес, аталмыш жағдайда алашордалықтар Амангелдіні тұтқындауға мәжбүр болыпты. Жақын арада ғана келіп, Амангелдімен келіссөз жүргізіп жатқан Л.Таран мен К.Иноземцев те Амангелдімен бірге қамауға алынған.

М.Сүлейменовтің кітабынан алынған мәлімет [7] 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтеріліске қатысты құжат деректерімен таныс емес адамдарды шатастыруы мүмкін. Себебі, бұл мәліметке сүйенсек, Амангелді өзінің қамауға алынуы мен өлімін өзі қалап алды дегенге саяды. Алдымен М.Дулатовтан алынған екінші бір жауаптан

шағын үзінді келтірейк: «Шалқарға шыға алмаған себебіміз, 24 сағаттың ішінде, тіпті екі аптаның ішінде де жолға жинала алмадық, өзендерді су шайып кетті». М.Дулатовтың бұл жауабы бағанағы сөздің Амангелдіге жабылған жала екенін дәлелдеп тұр. М.Дулатовтың айтуынша, жиналыстың шешімін Амангелді жасырып тастап, шешім Торғай қаласынан тыс жерге таралмаған-мыс. Демек, М.Дулатов ол шешімге ресми сілтеме жасай алмас еді. Сонымен қатар, Шалқарға шығуға ауа райы кедергі болды деген сөздің нағыз авторы М.Дулатовтың өзі болуы мүмкін деген ойға әкеліп тұр. Оның үстіне, кейінгі оқиғалар жолдың езілуінің еш кедергі емес екенін және әскери бұйрықтың орындалмауының себебі болмағанын көрсеткен. Көп ұзамай-ақ, Торғай арқылы А.Жиляевтің отряды өтіп, Ырғыз арқылы Шалқар қаласына жеткен.

Амангелді өз отрядын мұндай күрделі саяси жағдайда таратпасы анық еді, яғни бұл да М.Дулатовтың басқа сөздері сияқты алашордалықтардың ойынан шығарылған. Мұндай шешім қабылдауға Амангелдінің мінезі – оның мінсіз адалдығы мен туралығы сәйкес келмейді.

Тағы бір нәрсе, Л.Таран отрядының келуі күштердің ара салмағын айтарлықтай өзгертуі мүмкін. С.Қаратілеуов сол күндердегі оқиғалар туралы Облыстық бақылау комиссиясына мәлімдемесінде: «... менің алған мәліметім бойынша, көтерілісшілер Амангелдіні қолдап, Торғайға келе салысымен Амангелідінің қарсыластарын тұтқындағысы келген» [139]. Бұл жердегі көтерілісшілер деп отырғаны Л.Таранның отряды. Дәл осы нәрсе Алашордалықтарды оқиғаны ойдан құрастыруға мәжбүр етті. Оның үстіне, Л.Таран келер кезде, яғни 1919 жылғы 19 сәуірде Амангелді Иманов Ақтөбенің әскери басшысына Торғай

гарнизонын көшіру күнін (20 сәуір) көрсетіп телеграмма жіберіп, өкімді қайталауды сұраған [140]. Оның үстіне, гарнизонды көшіру үшін ол жеткізіп салуға тапсырыс берген [114].

М.Сүлейменов кітабында [7] Амангелді Имановтың қазасына алашордалықтардың кінәсін дәлелдейтін құжат жоқ деп жалаң сөзбен мәлімдейді. Қайталап айтайық, мұндай мәлімдеме 1916 жылғы Торғай уезіндегі көтерілістің құжат деректерімен таныс емес адамдарды шатастырады. Дәлелдейтін құжаттар көп, мысал ретінде олардың бір бөлігін ғана келтірейік.

Торғай алашордалықтары, бүгінгі оқырман үшін қанша ерсі көрінсе де, Амангелді Имановтың өліміне тікелей қатысты екенін жасырмапты. Колчакқа 1919 жылдың 24 маусымында жазған хатында олар екінші қазақ атты әскер полкін жасақтағаны, полктің Торғайға барғаны, Торғайды алғаны, Торғайдың әскери комиссарын, яғни Амангелді Имановты тұтқындап, кейінірек атқандары жайлы жанама мәлімдей отырып, және өздерінің кеңес үкіметі жағына өту ниеті жайлы бір де бір сөз айтпастан, өздерінің Торғай уезінде Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің билігін нығайтудағы жетістіктері туралы есеп берген [118].

Егер Алаш Орданың Торғай бөлімінде сол кездің ең білімді интеллектуалдары жиналған еді десек, алдын ала жоспарланған іс-қимылдардың бәрін жүзеге асыруға бөлім басшылығы мұқият ойластырып барып кірісетінін мойындау керек. Неліктен Колчакқа есеп беру хатында олар Амангелді Имановтың өліміне өздерінің қатысы бар екенін жасырмады? Бұл жерде, біздің ойымызша, бірнеше себеп бар. Біріншіден, олар билік үшін күресте Колчактің жеңіске жететініне күмән келтірмеген. Екіншіден, олар

есеп беру хаты ерте ме, кеш пе Колчак үкіметінің бюрократиялық жүйесінің кесірінен жоғалып кетеді деп үміттенген. Басты дәйек біріншісі болса керек.

Ең бастысы, олар өздеріне дарынды әскери-теңіз қолбасшысы адмирал Колчактің қарсы тұрғанын ескермеген. Колчактің барлаушылары оған тек майдандағы ахуалды ғана емес, большевиктер үкіметінің әрекетін де, Ресейдің ұлттық шеткері аймақтарындағы жағдайды да, т.б. баяндап отырған. А.Байтұрсыновтың Мәскеуге сапары, сол сапардың себептері мен басқа да көптеген мәліметтер де оған белгілі болса керек.

Сол кездегі оқиғаларға белсене қатысқан Әбдіғапарұлы Рүстем естеліктерінде, алашордалықтар А.Жиляевтің отряды Торғай қаласына кірердің алдында ғана Амангелді Имановты «өлтірді» деп жазды [57]. А.Жиляевтің отряды 17 сағат шайқасып Торғай қаласын алды. Отряд әскерлері А.Иманов пен Л.Таранды іздей бастады. Іздеу нәтижесін бермеді. Торғайдағы осы оқиғаға тікелей қатысқандардың айтуынша: «Түрмеден Амангелдіні де, Таранды да таппады: біріншісін Торғайды шауып алар алдында алашордалықтар айдалаға алып кетіп, атып өлтірген, екіншісін Жиляевтің келерінен бірнеше күн бұрын атып тастаған» [141]. 1919 жылдың маусымында ақ гвардия газеті алашордашылардың А.Иманов пен Л.Таранды атып өлтіргенін жазған [126]. Торғай уезіндегі сол кездегі демократиялық оқиғаларға алашордалықтардың қатарында қатысқан А.Теміров 1919 жылдың желтоқсанында тергеуде: «Арада біраз уақыт өткен соң білгенім... алашордалықтар мен жоқ кезде әскери комиссар Иманов пен Қостанай уезінің атқару комитетінің төрағасы Таранды атып өлтіріпті ...» дейді [122].

1929 жылғы 13 шілдедегі қосымша тергеуде М.Дулатов: «Әскери кеңес пен Алаш Орданың Торғай облыстық бөлімі жазалау жұмыстарын жүргізбеген, Торғай облысының аумағында ешкімді атпаған, қызыл отрядтардың бірінің командирі Таран мен Торғайдың әскери комиссары Амангелді Имановты атқан әскери кеңестің қызметкері Мақатов Райымбек еді. Бірақ, Әскери кеңес Таран мен Имановты ату туралы үкім шығармаса да, жауапкершілікті өз мойнына алады. Сонымен қатар, Әскери кеңес, соның ішінде мен – Дулатов та, Алаш Орданың Торғай облысының шеңберінде бізге белгілі болған және Әскери кеңеске мәлімдей отырып жүзеге асырылған барлық кісі атуына жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз...» [120].

Мәлімдемелердің қарама-қайшы сипаты назар аудартады. Біріншісінде, М.Дулатов Әскери кеңес пен Алаш Орданың Торғай облысындағы бөлімі облыс аумағында ешкімді атпаған дейді. Ал екіншісінде, Торғай облысының аумағындағы «бізге белгілі болған және Әскери кеңеске мәлімдей отырып жүзеге асырылған» кісі атуына жауапкершілікты өзі мен Әскери кеңестің мойнына алады. Демек, атқаны да, өлтіргені де рас.

Қостанай уезінің атқару комитетінің төрағасы Л.Таранды айуандықпен өлтірген, қызыл командир К.Иноземцевті, Л.Таранның жеті жақтасын, Торғай уездік атқару комитетінің 15 мүшесін атып өлтірген, Торғай уезінің әскери комиссары А.Имановты айуандықпен өлтірген, Л.Таранның отрядының 357 солдатын, алдын ала қарусыздандырып, шешіндіріп, көлік, азық-түлік бермей, өмірін сақтап қалуға бір кем мүмкіндігін бере отырып Атбасар жаққа өз беттерінше жолға салып жіберген [126]. Бұның бәрін тіпті аз уақыт ішінде жасаған.

Жоғарыда келтірілген айғақтар ондағы М.Дулатовтың жазалаудың жеке орындаушысын атап көрсетуімен де назар аудартады. Мақатов Райымбекті Алаш Орда әскери кеңесінің қызметкері деп атапты. Бірақ, М.Испулов пен М.Дулатовтың жауаптарынан [120, 121] оның аталмыш кеңеске мүше болмағанына көз жеткіземіз. Ал ол (Мақатов Райымбек) Алаш Орданың қатардағы қызметкерлерінің бірі болса, жоғарыдан бұйрық түспей адам атып өлтіруге дәті бара қоймас еді. Сондықтан, атып өлтіру туралы тапсырыс бергендер болды деген ой келеді. Естеріңізге сала кетейік, [9] құжатта «Алашордалықтар сот құрып, онда Амангелдіні өлтіру туралы қаулы шығарды» делінген.

М.Қозыбаевтың кітабында үкімді орындаушы ретінде басқа бір адам көрсетілген [47].

Бір нәрсені сенімді айтуға болады: кісі өлтіруді сол кездегі Торғайдағы «алашордашылар» атанғандардың арасынан бірнеше адам жасаған. Атып өлтіру алашордалықтардың Торғай қаласынан кеткен сәтінен А.Жиляевтің қалаға басып кіруіне дейінгі аралықтағы айтарлықтай қысқа уақытта жүзеге асырылған.

Бұған дейінгі тергеуде М.Дулатов Амангелді Имановтың қазасына әлдеқайда басқаша түсініктеме берген: «Таран мен Имановтың өліміне қатысты оларды кім және қалай өлтіргенін айта алмаймын, бұл біздің отряд Жиляевтің отрядының тегеурінімен шегініп бара жатқанда қарбаласта болды. Өз басым, Таран мен Имановтың өлімі Торғайдағы белгілі ықпалды адам Абдулгафар Джанмүсімовтың қатысуынсыз болмады деп ойлаймын, себебі, ол екеуі бұрын барымташы-қарақшы жолдастар еді, бірі-бірінен асып түсетін, кейін билік үшін

сөзге келіп қалған. Бұл Имановтың өліміне қатысты, ал Таранға қатысты оны кім өлтіргенін мен әлі білмеймін. Өлім үшін де, басқа үшін де жауапкершілік, моральды түрде, әрине Алаш Ордаға жүктеледі» [119].

Бұл жерде Әбдіғапар Жанбосынов жайлы айтылып отыр. М.Дулатовтың сөзі халық арасындағы Әбдіғапар мен Амангелдінің келіспеушілігі туралы, яғни олардың жеке билігі үшін емес, оларға көтеріліс кезінде бағынған болыстардың құрылымы бойынша болған келіспеушілігі туралы әңгімеге негізделген.

Яғни, М.Дулатов Амангелдінің қазасының Әбдіғапармен байланысты жаңа нұсқасына жол ашып отыр. Бұл нұсқа халық арасына тез тарап кеткен. Бәлкім, оның тез таралуына үлесін тигізген адамдар болса керек. Ресми құжаттардың арасында Ә.Жангелдиннің РКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы Е.Д.Стасоваға Әбдіғапардың «әскери комиссар Имановтың өліміне қатысы бар» деген баяндамасын [142] атап өтейік.

Әбдіғапаров (Абдулгафаров – А.Б.) Рүстем ақырында Әбдіғапарды жауапқа тарту үшін бұл сыбыстың таралуына мүдделі адамдардың болғанын айтады [57]. Осыған байланысты, бізге бұл жәйтке қатысты Здей Мұхаметжановтың кітабында баяндалған нұсқаның маңызы бар сияқты [41].

З.Мұхаметжанов өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында Мәскеуде институт тәмамдаған, мамандығы тарихшы еді. Еңбек жолын Алматыда бастап, кейін денсаулығына байланысты туған жері Торғай облысы (сол кезде) Үрпек ауылына қайтуға мәжбүр болған. Ұзақ уақыт (20 жылдан астам) ізденіп, көтеріліске қатысуышылармен көптеген әңгімелер жүргізген. З.Мұхаметжановтың

кітабындағы М.Дулатовпен әңгімелесіп отырған адамның жеке басын, олардың арасындағы әңгіменің егжей-тегжейін даулауға болады. Әңгіме кейіпкерлері Әбдіғапарды өз мақсаттарында пайдаланудың жоспарын талқылаған. Дәл осы жоспар болашақта Әбдіғапардың Амангелдіні өлтіргені жайлы сыбыс тудырды деу шындыққа өте жақын.

Жоспардың мәні мынада еді:

«Бұл мәжілістен кейін ... Мыржақып Дулатов Сәлімгерей Қаратілеуовпен ұзақ кеңесті.

– Сәлімгерей, сен бұл жердегі рулар арасындағы қарым-қатынастың барлық қыр-сырын әлі біле қоймайтын шығарсың. Аманкелдіні өлім жазасына кесіп, үкім шығарғанмен, оны өлтіру оңай емес. Аманкелді қыпшақ қой. Ертең қыпшақтар оның өлімін қанағаттандыруды талап етеді. Мен Әбдіғапарға да сенбеймін. Тілеулі мен Бегімбеттің тегі бір атадан тарайды. Аманкелді – Бегімбет болса, Әбдіғапар – Тілеулі. Оның үстіне Аманкелдінің халық арасында атағы да, беделі де күшті...

– Сен сонда Аманкелдіні босату жағындамысың? – деді Сәлімгерей шақшиып.

– Жоқ, босат демеймін. Үкімді орындауда сақтық керек. Үкімнің орындалуын қыпшақтардың өз қолына берейік. Бізде Әбдіғапар бар емес пе. Оның қандай да болса бір пайдасын көру керек.

Мыржақыптың мына сөзіне Сәлімгерей қатып қалды.

– Сен түсініңкіремей тұрсың ау, шамасы. Аманкелдіден біз құтыла қоймаспыз. Менің ойлап тұрғаным – түбі құн сұрай қалса өзіміз даудан аулақ болайық деген ғой.

– Сонда?

– Сен Әбдіғапарға «Алаш» партиясы үкім шығарып

берді, орындауын өзің орында, де. Егер ол «өлтіре алмаймын» деп қорқатын болса, онда «Аманкелдіні тірідей алдым» деген қолхат берсін. Сосын үкімді орындай беруге болады.

Әбдіғапар бұл қулыққа оңай түсті» [41].

Қаншалықты ауыр болса да, бұл сыбыс, ақырында, мүдделі адамдардың қыпшақтардың екі бірдей көрнекті қайраткерінен құтылуына және олардың арасындағы ұзаққа созылған бітіспеушілікке әкеліп соққан.

Істің насырға шапқаны сонша, 1919 жылдың жазында бұл дауды шешу үшін билер соты шақырылған [7]. Бұл сотқа әр тараптан 4 биден сайланыпты. Сот Амангелдінің өлімі үшін құн төлеу мәселесін қарап, Әбдіғапардан екі адамның құнын өндіріп алуды шешкен. Шешім Әбдіғапардың Амангелдінің өліміне қатысын анықтап бергенін атап айту керек. Сегіз бидің төртеуі Әбдіғапардың жағынан өкілдік еткен. Сотқа қатысқандар Әбдіғапардың сот шешімін еш түсініктеме берместен, үнсіз қабылдағанын айтады. Бұл, өз кезегінде, Әбдіғапардың кінәсі туралы қосымша сыбыстардың таралуына себеп болған. Айта кетейік, бұл жерде әңгіме тек Әбдіғапардың Амангелдінің өліміне жанама кінәсі жайлы ғана болған. Әбдіғапар Амангелдіні өлтіруге тікелей қатысты деген де нұсқалар болыпты. Бірақ, ол сөздер адам сенгісіз, дәлелсіз еді. Араларында келіспеушілік орын алғанына қарамастан, екеуі ағайын екенін ұмытпағанымыз жөн.

